

С.Қасқабасов, Р.Әлмұханова, Е.Раушанов, А.Тиынтай

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Жалпы білім беретін мектептің
6-сыныбына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*

6






Алматы



«Жазушы», 2018

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 72
Қ 17

Шартты белгілер:

 БІЛУ	 ТАЛДАУ
 ТҮСІНУ	 ЖИНАҚТАУ
 ҚОЛДАНУ	 БАҒАЛАУ
 Тыңдау CD	 Ғаламтор
 ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ	
 ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ	
 АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ	

Қ 17 Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған оқулық. / Қасқабасов С., Әлмұханова Р., Раушанов Е., Тиынтай А. – Алматы: «Жазушы», 2018. – 176 бет, суретті.

Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен әдеби шығармаларды ғана қамтиды.

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 83.3 (5 Қаз) я 72

© Қасқабасов С., Әлмұханова Р.,
Раушанов Е., Тиынтай А., 2018
© “Жазушы” баспасы, 2018
Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүліктік құқықтары
«Жазушы» баспасына тиесілі

ISBN 978-601-200-597-4

АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар!

Қазақ әдебиеті – халқымыздың рухани байлығы, қазақ халқының бет-бейнесін танытатын мұра. 6-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы төрт бөлімнен тұрады. «Туған жерім – аялы алтын бесігім» деп аталған бірінші бөлімде сендер ежелгі дәуірден басталатын әдеби мұраларымызбен танысасыңдар. Ертегі жанры туралы біліп, «Аяз би» ертегісін оқисыңдар. Ежелгі тарихымыздың мақтанышы Алып Ер Тұңға, ортағасырлық ғұлама бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби, хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясының көрнекті өкілі Доспамбет жырау туралы білетін боласыңдар.

Ал екінші бөлім «Абайды оқы, таңырқа!» деп аталған. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы туралы әр ұрпақ білуі тиіс. «Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған» деп аталған үшінші бөлімде ХХ ғасырдың ақын-жазушылары Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сайын Мұратбеков, Оралхан Бөкей шығармаларымен танысасыңдар. Ал төртінші бөлім тәуелсіз Қазақстанды жырлаған әдебиетке арналады. Еліміз бүгінгі күнге оңайлықпен жеткен жоқ. Тәуелсіздік қанша ғасыр бойы бабаларымыз аңсаған арман еді. Бабалардың осы арманы бай көркем әдебиетте көрініс тапты, бізді осы күнге жетеледі. Ендеше, жас достар, сендер «Қазақ әдебиетін» ынтамен оқып, рухани бай ұрпақ болуларың керек.

Оқулыққа «Оқушы күнделігін» енгіздік. Оның алғашқысын өзіміз үлгі ретінде жазып қойдық. Бірақ қалған сабақтарда күнделік тотыруды тапсырма ретінде беру мұғалімнің өз еркінде. Күнделік жазу өнерін меңгергісі келетін оқушылардың талабын қолдау мақсатында бұл тапсырманың бір түрі ретінде қамтылды.

Оқулыққа қосымша хрестоматияда тағылымды шығармалар ұсынылды.

Авторлар





ТУҒАН ЖЕРІМ – АЯЛЫ АЛТЫН БЕСІГІМ



Туған жер. Әр адам өзінің туған жерін құрмет тұтады. Әлемнің қай түкпірінде жүрсе де, оны мақтаныш тұтады және адам қуанса да, мұңайса да, көңілдегі сырын туған жерімен бөліседі. Оның жарқын дәлелі, яғни туған жерге деген іңкәр сезімді әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби де басынан өткізген.

Сонау ежелгі дәуірде туған жерімізді сақтау үшін батырлар жаумен соғысып, қан төккен, жан берген. Алып Ер Тұңға батыр – сондай қаһарман.

Сондықтан туған жердің аяулы ұғым екенін жас ұрпақ білуі керек. Туған жерімізді – аялы бесігімізді қадірлей білейік. Ол біздің адам болып жетілген әр қадамымызға куә.



ЕРТЕГІЛЕР



Тірек сөздер



Халық
Баба
Ертегі
Фольклор
Мұра



Тыңдау CD 1-1.
«Аяз би» ертегісі.
Оқыған:
Данияр Қожахан

Ертегілердің пайда болуы. Қазақ халқының өмірінде ертегілердің маңызы зор. Біз ертегілер арқылы жанымызға рухани ләззат аламыз. Сонымен бірге ертегілерде біздің ата-бабаларымыздың дүниетанымы, нанымдары, арман-қиялдары сақталғанын білеміз.

«Ертегі» деген сөздің өзі «ертеде» дегеннен шыққан. Ертегілердің екі түрі болады. Бірі – ерте замандарда пайда болып, дамып, қалыптасқан фольклорлық (ауызша айтылған) түрі және екіншісі – кейінгі кезде жазушылардың өздері жазатын авторлық түрі. Фольклорлық ертегілер дегеніміз – алғашқы айтушысының кім екені ұмытылған, яғни авторы белгісіз шығармалар. Олар тым ерте замандарда пайда болған, уақыт өте келе, талай адам айтып, оған жаңа оқиғалар қосқан, солайша сюжетті дамытқан. Сондықтан фольклорлық ертегілер халық мұрасы болып есептеледі. Оларды кейінгі ұрпақ бағалай білуі тиіс. Өйткені ертегілерде біздің ата-бабаларымыздың әлем, өмір, қоршаған орта туралы түсініктері, яғни дүниетанымы сақталған. Ертегі біздің ерте замандардан халық ретінде өз рухани мұрасы, мәдениеті бар ұлт екенімізді танытады.

Ертегінің мақсаты – тыңдаушыға ғибрат және эстетикалық ләззат беру. Ертегі зорлықшыны жақтамайды. Әлсіздерге күш көрсетуге болмайтынын айтып, үйретеді. Адамдарды байлығына қарап бөлмейді, өзі кедей болса да, ақылды, тапқыр кейіпкерлерді үлгі етеді. Олар қандай қиын жағдайға кез-



дессе де, жеңіп шығатын болады. Өйткені ертегілерде халықтың қиялы, арманы бар.

Ертегілердің түрлері. Ертегілер бір ғана ғасырдың немесе жекелеген дәуірдің жемісі емес. Қоғамда болып жатқан үлкен өзгерістерге жауап ретінде жаңа кейіпкерлер қосылады. Ертегілер тақырыбы мен мазмұнына қарай жануарлар туралы, қиял-ғажайып, батырлық, новеллалық, сатиралық деп, бес топқа бөлінеді. Бұлайша жіктеу ертегілердің пайда болу кезеңіне байланысты. Жануарлар туралы ертегілер басқа түрлермен салыстырғанда, тым ерте дәуірлерде, адамдардың алғаш ру-тайпа болып өмір сүріп, отбасын аң аулап асыраған кезде пайда болған. Ол заманда отбасында қалған адамдар үйде отырып, жануарлар туралы тек қана жақсы сөздер айтатын болған. Сонда аңға кеткен адамдарымыз олжалы оралады деп сенген.

Қиял-ғажайып ертегілерде халықтың дүние туралы ойлары, түрлі нанымдары сақталған. Мысалы, «Ер Төстік», «Қыздар мен жалмауыз кемпір», т.б. ертегілерде осындай ерекшеліктер бар. Ерте дәуірдегі халық ғажап көмекшілер, ерекше күштер бар деп сенген. Ертегілерде осының бәрі көрініс тапқан.

Ал батырлық ертегілердегі негізгі кейіпкер – батыр. Ол елін қорғай алатын азамат деңгейінде дәріптеледі. Мұндай ертегілерге «Керкұла атты Кендебай», т.б. жатады. Бұлар да ерте дәуірлерде пайда болған, сондықтан қиял-ғажайып араласқан.

Новеллалық ертегілер бұл айтылғандардан бөлек. Бұларда шытырман оқиғалар баяндалады, бірақ қиял-ғажайып немесе батырлық ертегілерден басқаша. Бұл ертегілердегі кейіпкерлер дұшпандарын қулықпен немесе күшпен емес, ақылмен жеңеді. Осындай ақылмандар «Аяз би», «Атымтай Жомарт», т.б. ертегілерде бейнеленген. Мұнда басты кейіпкер батыр немесе мерген емес, хан мен қолөнерші, кедей мен уәзір, би мен ұста боолып келеді.

Ал сатиралық ертегілерде, негізінен, залым ойлы мен арамтамақтар әшкере болады, сыналады. Ол көбіне қанаушы мен қаналушы арасындағы жағдайға арналған. Бұл ертегілердегі Алдаркөсе, тазша бала, Қожанасыр қандай жағдайға тап болса да, бәрін жеңіп шығады. Олар – халық өкілдері ретінде ертегіге қосылған кейіпкерлер. Сондықтан ертегілерде халықтың армандары бейнеленген.



«АЯЗ БИ» ЕРТЕГІСІ ТУРАЛЫ

«Аяз би» – халқымыздың сүйікті ертегілерінің бірі. Өйткені мұнда халықтың арманы бар.

Ертегі халыққа ұнағандықтан, әр айтушы оған түрлі оқиғаларды қосып, дамытып отырған.

Бұл ертегі – фольклорлық шығарма, яғни авторы, ең алғашқы айтушысы кім болғаны белгісіз және мұның ел арасында айтылғанына талай ғасыр өтті. Сондықтан оның авторы халық деп айтылады. Халық тек қиял-ғажайып ертегілерді ғана айтпаған. Елге пайдасы тиген, дана атанған адамдарды да ертегіге кейіпкер етіп қосқан. «Аяз би» – осындай ертегілердің бірі. Мұндай ертегілерді новеллалық деп атайды. Оның ерекшелігін «Керқұла атты Кендебай» ертегісімен салыстыру арқылы анықтауға болады. «Аяз би» ертегісінде Кендебайдың ғажап көмекшілеріндей ешкім жоқ. «Аяз биде» Жаман атанған адам өзінің өмірлік тәжірибесін, ақылдылығын дәлелдейді. Бұл ертегіде қиял тек Мадан ханның тапсырмасында ғана кездеседі. Бірақ бұл қиял «Аяз би» ертегісінде негізгі тақырып емес.

Ертегіде, сондай-ақ, кейіпкерлер арасында ақылды әйел де бар.

Әр ұрпақ «Аяз би» ертегісін оқып, білімді, адал және әділ басшы болу керектігін түсінеді.

«АЯЗ БИ» ЕРТЕГІСІ

1

Ертеде Мадан деген хан болыпты. Хан болған соң, оның қырық уәзірі болады ғой. Бір күні хан уәзірлерімен мәжілістес болып отырып:

– Уәзірлерім! Сендер қырқың да, асып туған ақылды, данышпан едіңдер. Мен сендерді бір жұмысқа жұмсаймын, сендер маған дүниедегі адамның жаманын және шөптің жаманын, құстың жаманын тауып келіңдер. Он бір ай уақыт беремін. Сол он бір айдың ішінде тауып келмесеңдер, жазалы боласыңдар! – деді. Хан бұйырған соң, амал жоқ! Уәзірлері өзара ақылдасып, іздеуге кіріседі. Көп іздеп, азап шегіп, шеңгел деген шөпті тауып: «Өзі – тікен, арасынан жүрсе, киімді жыртады, мал жемейді екен, шөптің жаманы осы ғой», – деп, шеңгелді алады. Қырғауыл деген құсты тауып: «Үстінде жүні жоқ, ұсқыны келіссіз, құстың жаманы осы екен», – деп, қырғауылды атып алады. Енді адамның жаманын таба алмай, қырық



Тірек сөздер



Хан
Уәзір
Жаман адам
Қарақоға
Сауысқан

уәзір келе жатса, таудың етегінде, үстінде жыртық тоны, басында тері тымағы бар, бір адам бес-он қойды бағып жүр. Уәзірлер: «Адамның жаманы, сірә, осы болар-ау», – деп тұрғанда, әлгі адам:

– Уа, мырзалар, жол болсын! – деді. Уәзірлер ханның сондай бір жұмысқа жұмсағанын, шөптің, құстың жаманын тауып, ал адамның жаманын таба алмай жүргендерін айтады. Жаман тұрып:

– Түсінікті! Адамның жаманы керек болса, мен боламын, – дейді.

– Олай болса, жарайды, – деп, Жаманды атына мінгестіріп алып, ханға жөнеледі. Ханға келе жатып, Жаман:

– Адамның жаманын тауып алдыңыздар, бірақ шөптің жаманы мен құстың жаманын таба алмаған екенсіңдер. Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы – сауысқан еді, – деп, уәзірлерге қырғауыл мен шеңгелді тастатып, олардың орнына қарақоға мен сауысқанды алдырған. Уәзірлер мәнісін сұрайын деп еді:

– Хан алдында айтамын, – деп, Жаман сөйлемеді. Уәзірлер келген соң, хан әкелген адамға қарап:

– Әкелген адамдарың жарайды. Қазірге аспазшыға апарып беріңдер, көже мен нан берсін, сыйласын. Ертең ортаға алып, тамаша етеміз, – деп, Жаманды ас үйге жібертеді.

– Бірақ, – дейді хан, – құстың жаманы мен шөптің жаманын таба алмаған екенсіңдер. Құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы шеңгел еді. Осыны көре, бұларды әкелулеріңнің не жөні бар еді? – деп, хан уәзірлерге қатулана бастайды. Сонда уәзірлер:

– Тақсыр! Айтқаныңыз дұрыс! Біз шөп жаманы деп, шеңгелді, құс жаманы деп, қырғауылды алып едік. Бірақ жолшыбай әлгі жаман: «Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы – сауысқан», – деп, бізге оларды тастатып, қарақоға мен сауысқанды алдырды, – деп, жауап береді. Хан тоқтаңқырап:

– Е, Жаманның не білгені бар екен? Шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан біледі? Алып келіңіздер! Сұралық, – деп, бұйрық етеді. Жаманды ханға алып келеді. Хан Жаманның бетіне қарап:

– Мен құстың жаманы – қырғауыл, шөптің жаманы шеңгел деп ойлаушы едім, сен оларды уәзірлерге тастатыпсың. Сен шөптің жаманы – қарақоға, құстың жаманы сауысқан екенін қайдан білдің? – дейді.



– Тақсыр хан! Елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірім отын, су тасумен кісі есігінде құлшылықта өтті. Сол уақытта шеңгелді әкеліп, отқа жақсам, кешке жаққан отым ертеңіне дейін, сексеуілдің шоғындай жайнап жататын еді. Сол уақытта «Киім жыртып, мал жемейтін шеңгел отын болып, пайдаға асады екен-ау» деп ойлаған едім. Ал енді қарақоғаны алып, отқа жақсам, жанбайтын еді, үрлесем, жалыны мен шоғы бірге сөніп, күлі бұрқырап, үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң, апарып малға салсам, барлық мал мұрнын жиырып, жемейтін. Сонсоң: «Қарақоға, тіпті, пайдаға аспайтын шөп қой», – деп ойлаушы едім. Қарақоғаның жамандығын содан білдім, – дейді Жаман.

– Сауысқанның жаман екенін қайдан білдің? – дейді хан.

– Қырғауылдың қанаты бар да, жүні жоқ болса да, адамның пайдасына жарайтын құс еді. Біреудің сиықсыз болуы оның жаратылысынан. Қырғауылдың айыбы – тек сиықсыздығы. Ал сауысқанның жүні ала болғаны сияқты, өзі де ала, бірлігі жоқ. Екеуі бірігіп ұшпаған, екеуі бірігіп қонбаған, адам пайдасына аспайтын құс еді. Сондықтан құс жаманы сауысқан деймін.

– Сауысқан мен қарақоғаның жамандығын білдің. Енді өзіңнің жамандығыңды қайдаң білдің? – дейді хан.

2

– Уа, тақсыр! Менің жасым елуге келді. Мен қатарлылар әйел алып, бала көрді; келін жұмсап, қызық көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін әркімнің артына мінгесіп, басқа біреудің құлшылығында жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? – деп, Жаман ханға қарайды. Хан басын шайқап:

– Апыр-ай, осы жаман болса, жарар еді, – деп ойлап:

– Құстың, шөптің, өзіңнің жамандығыңа да дәлел айттың. Жарайды. Енді менің бір тұлпарым бар, соны сынап бересің бе? – дейді.

– Жақсы, сынап берейін, – деп, тұлпарды алып келген соң, Жаман тұлпардың алды-артына қарап:

– Тұлпарыңыздың сипатынан мін таба алмадым. Енді мініп қарар едім, – деп, ханнан рұқсат сұрап алып, тұлпарға мініп, есік алдындағы өзеннен әрі-бері өтті де, қайтып келіп: – Тақсыр! Тұлпарыңнан басқа мін таба алмадым. Тұлпарыңыз тек сиырға шатыс екен, – дейді.

– Апыр-ай, оны қайдан білдің? Айтқаның рас. Менің Ақша хан деген құдам бар еді. Соның тұлпар табатын бір биесін қалап алдырғанмын. Бие



Тірек сөздер



Тақсыр
Тұлпар
Шатыс
Наубай
Ана

күні жетіп, құлынды туа алмай, өлер болған соң: «Бие өлсе, өлсін, құлын қалсын», – деп, ішін жарып, құлынды алғанмын. Сол құлын осы еді, әбден отығып кеткенше, сиырдың сүтімен асырап едім. Ал енді сен мұның сиырға шатыс екенін қайдан білдің? – дейді хан таңданып.

– Тұлпарыңыз судан әрі-бері өткенде, аузын суға малып, артқы аяғын сілкіп өтті. Сиыр күніне қырық суарсаң да, судан айдағанда, аузын суға малмай, артқы аяғын сілікпей, өтпеуші еді. Тұлпардың сиырға шатыс екенін сонан білдім, – дейді. Жұрт таң қалып, бір-біріне қарасады. Хан біраз ойланып отырып:

– Енді менің бір гауһар тасым бар. Ол тастың Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, Дәуіттің қоржынындай қасиеті бар. Сол тасымның қандай қасиеті бар екенін тап, – деп, қазынасындағы тасты алдырып берді. Жаман тасты алып, салмақтап, байқап қарап отырды да:

– Сіздің тасыңыз, рас, қасиетті тас екен. Бірақ екі жылдан соң, қасиеті бітеді. Тастың ішінде екі ақ қарабас құрт бар. Тасыңыздың пышақ сырты қалыңдығы қалыпты. Сол құрт екі жылдан соң, тесіп шығады; тесіп шыққан соң, тасыңыз пайдаға аспайды, – дейді. Жұрт не дерін білмей, бірсыпырасы: «Бәрібір, екі жылдан соң пайдаға аспайтын болса, тасты жаралық», – депті. Бірсыпырасы: «Жаманның сөзіне бола, тастан айырылмайық», – депті. Ақырында, тасты жармақшы болады. Тасты жарып қараса, ішін екі ақ қарабас құрт кеулеп, тесуге жақындап қалған екен.

– Тастың ішінде құрт бар екенін қайдан білдің? – дейді хан.

– Тастың қасиетіндей салмағы да болу керек. Тас жеңілденген екен. Құрт бар екенін сонан білдім, – деп жауап береді.

– Апырмай, сен жаман болмадың ғой! Қайта, сен бір данышпан болып жүрме! Ал сен менің өзімді сынашы. Мен неше атамнан бері хан екенмін? – дейді хан. Жаман:

– Жақсы! – деп, тақта отырған ханның алды-артына шығып, алдына келіп, ханның бетіне тіке қарап тұрып:

– Тақсыр ханым! Ақыл-ойың ешкімнен кем емес, бірақ хандық қара басыңда, қарадан туып, хан болғансыз, атаңда хандық жоқ, – дейді. Жаман сөзін бітірмей, хан сөзін бөліп:

– Жоқ, қате айтасың! Мен жеті атамнан бері ханмын. Өзімді қойғанда да, алты атамды қайда жібересің? – деп зекіреді. Жаман саспайды.



– Жоқ, тақсыр! Сіздің қара басыңыздан басқа тегіңізде хандық жоқ. Сіз нағыз наубайдың баласысыз, – дейді. Хан не дерін білмей, халыққа қарап:

– Апырым-ау, мына Жаман не дейді! Халқым, мен хан баласымын деп жүр едім, шақырыңдар анамды! – дейді.

– Ол о дүниеге біреудің қанын жүктеп барып, Тәңірі алдында қара бет болмасын, не де болса, шынын айтсын. Әйтпесе, ашумен мына Жаманның басын кесемін! – дейді. Шешесі келген соң, хан шешесіне Жаманның сөзін айтады. Шешесі терең күрсініп, сөзге кірісті:

– Е, шырағым, жасым сексенге келгенде, біреудің қанын жүктеп, не қылайын? Бір сыр бар еді, оны Тәңірінің өзі білетін еді, мен білетін едім. Мынау Жаманың біліпті, енді айтайын. Атаң сенің Зәрлі хан еді. Менен бұрын он тоғыз әйел алып, кілең қыз тапқаны үшін бәрінің де ішін жарып өлтірген екен. Соның үшін де «Зәрлі хан» деп халық ат қойып еді. Жиырмасыншы әйел етіп мені алды. Мен де екіқабат болған соң, жалғыз жанымнан қорқып, тәуіптерге қаратып едім: «Сенің ішіндегі де қыз», – деді. «Қыз тапсам, мені де өлтіреді ғой!» – деп, қайғы жедім. Сол күндерде аспаз наубайдың әйелі де екіқабат екен. Оның да тамырын ұстатып қарап едім: «Оның ішіндегі ұл», – деді. Жалғыз жаным үшін сол жерде маған ой келді. Ол әйелді оңаша шақырып алып, барлық мұңымды айтып, қазынадан табақтап алтын беріп: «Ақиреттік дос болайық, ұл тапсаң, ұлыңды маған бер, менің қызымды ал. Бірақ бұл сырды ешкім білмесін!» – деп жалындым. Әйел табақтап алтын алып, бір жағынан, мені аяп, сол жерде уәдесін берді. Ол кезде Зәрлі хан аңда еді, екеуміздің толғағымыз бір күнде келіп, бір сағатта босанып, сырды ешкім білмесін деп, басқа біреуді де жолатпай, біріміздің баламыздың кіндігін біріміз кесіп, сол қолыммен қызымды беріп, оң қолыммен алған шырағым сен едің! Енді бұл күнде мына Жаманың оны біліпті. Сыр ашылуға Тәңірі жазса, не шарам бар?! – деп, сөзін аяқтай алмай, шешесі жылап жібереді. Хан:

– Сөз тапқанға қолқа жоқ! Олай болса, мен таққа лайық емес екенмін, осы оқиғаны оймен білген сіз лайықты екенсіз, – деп, хан тағынан түсіп, тақты Жаманға береді. Жаман:

– Жоқ, тақсыр! Кешегі күні «Жаман кісі керек» дегенде, ат артына мініп келген жаман едім, бүгін таққа отырмаймын. Сіздің көлеңкеңізде жүрсем де, жарар. Тағыңызға мініңіз, – деп болмайды. Хан таққа отырып:

– Апырмай, менің наубайдың баласы екенімді қайдан білдіңіз? – дейді. Сонда Жаман:



– Мен жаман-жақсы болсам да, үйіңізге келген қонақ едім. Хандардың ішер асы – жал мен жая аузыңызға түспей, нан, көже түсіп, мені келісімен аспазға жібердіңіз. Салтыңызға тарттыңыз. Сіздің шонжарлы, атаулы хан емес екеніңізді содан байқадым, – дейді. Жиналған жұрт таң қалады. Сол күйінше хан тағы да хандық қылды. Жаман оған жақсы уәзір болды. Жаман ханға ақылымен, тапқырлығымен жақты. Қырық уәзір шетте қалды.

3

Бір күні қырық уәзір кеңесіп отырып: «Бұл Жаман біздің жаман кісі іздегенде, ат артына мінгестіріп алып келген жаманымыз еді. Бұл күндерде хан оны өзіне жақсы дос қылды; қыз әперді, бізді есепке алмай тастады. Қой, бүйтіп болмас! Біз бұл екеуін араздастырайық. Жаманның әйелін мақтайық, үйіне қонаққа апарып көрсетелік. Сөйтіп, екеуінің арасына от жағалық», – деседі. Уәделері бойынша, Жаманның әйелін ханға мақтайды.

– Тақсыр, шынында, ол әйел сізге лайық әйел! – деп, ханды азғырады.

Хан Жаманның үйіне барып, өз көзімен әйелді, оның тәрбиесін көрген соң: «Шынында, маған лайық әйел екен», – деп ойлап, үйге қайтып келіп, қырық уәзірмен кеңеседі.

– Ойда жоқта ойға салған сендер едіңдер. Енді әйелді алуға маған қандай айла тауып бересіңдер? – дейді. Уәзірлер кеңесіп:

– Жақсы, тақсыр! Жаманды шақыр! Біз оны «Барсакелмеске» жұмсайық. Сонда ол өлер, ол өлген соң, жесір әйелді сіз оңай аласыз! – дейді. Жаманды шақыруға хан бір жігіт жібереді. Жіберген жігіті барып, үйден сығалап қараса, төрде төсек үстінде Жаман жатыр. Әйелі төрдегі шар анаға қарап, өз көркіне өзі таңғалып, Жаманға сөйлейді:

– Мен осы Тәңірінің ісіне таңмын. Өркімді өзінің қатарына қосса еді. Арасы жер мен көктей адамдарды біріне-бірін қосып қойған, Тәңірінің құдіреті күшті-ау деймін. Өзіме қарасам, он төртінде туған ай сияқтымын, саған қарасам, суы біткен көлдей, қара майы біткен шелектейсің.

Жаман басын көтеріп алып:

– Жоқ, олай емес! Атамыз Адам пейіштен қуылып, шығып бара жатқанда, Тәңірі: «Е, Адам, пейіш сенің үшін жаратылып еді, шайтанның азғыруымен шығып барасың, енді пейіштен қалағаныңды алып кет», – деген

Тірек сөздер



Уәзірлер
Кеңес
Барсакелмес
Арыстан
Ақша хан



еді. Сонда Адам: «Тәңірі! Сенің қандай затыңның қадірлі екенін қайдан білейін?» – деген соң: «Адамзатқа пайдалы үш затым бар, біреуі – қыдыр, біреуі – бақыт, біреуі – ақыл, осының бірін ал», – деген екен тәңірі. Сонда Адам ақылды алыпты. «Ақыл тұрмаған жерде біз де тұра алмаймыз», – деп, қыдыр да, бақыт та ақылға табынған екен. Сол сияқты, сен қазынадағы қызыл алтын едің, мен ақыл едім. Менің қаралығыма, иә қарттығыма қызығып тиген жоқсың, ақылыма тидің, – деп, қарқ-қарқ күледі. Әйелі Жаманның сөзіне күліп, артына қарағанда, пердесі ашулы екен, есіктен кіріп келе жатқан жігіт, оның жүзін көріп, есінен танып, құлап қалыпты. Сол жерде бетіне су бүркіп, жігітті тұрғызып алып, жұмысын сұрайды. Жігіт келген жұмысын айтып қайтады, келген соң, хан:

– Сен кеткелі көп уақыт болды, сен мұнда жұртты иіріп отырғызып қойып, қайда кеттің? – дейді. Жігіт басынан өткізген уақиғасын айтқан соң, әуелде әйелге ғашық хан, онан сайын ынтық болады. Жігіт кеткен соң Жаман:

– Ханға барайын ба? – деп, әйелімен ақылдасады. Әйелі:

– Бар, сені «Барсакелмеске» жұмсарын көптен-ақ сезгенмін. Риза бол, бірақ жолға жұлқынған жүйрік, жылжыған жорға мінбе, жылқыдағы ең семізді мін. Қырық уәзір сені үш күншілік жерге шығарып салар. Олардың қарасы үзілген соң, сен де қайт. Орман ішіне апарып, атыңды сой да, етін алып кел, соны қорек қылып, жата береміз, – дейді. Жаман ханға келген соң, хан сөз бастайды:

– Мен сені бір ұзақ сапарға жұмсаймын, жұмсағанда, сенің ерлігіңнен үміт етпеймін, ақылыңнан үміт етемін. Барсаң, айтамын, – дейді.

– Жақсы, барайын, – деп, Жаман ризалығын көрсетеді.

– «Барсакелмес» дейтін жерде «інжулі қой» дейтін қой бар, – деп айтады. Бір түгі – алтын, бір түгі – күміс, сойса, терісі – бір адамға тон дейді. Соның терісін үстіме кигім келеді. «Інжулі үйрек» деген үйрек бар, қанаты – күміс, басқа жері – алтын» дейді. Соны тәж қылып кигім келеді. «Дәудің інжулі қара арғымағы бар, бір шапқанда, жүз шақырым шабады» дейді. Соны мінгім келеді. Міне, осы жұмыстарға барасың, – деп, Жаманды хан кілең өтірікке жұмсайды. Жаман ханның жылқысынан бір семіз атты тандап мініп, жолға шығады. Қырық уәзір үш күншілік жерге шығарып салып, қайтады. Уәзірлердің артынша Жаман да кейін қайтып, Қаратоғай дейтін орманға апарып, атын сойып, үйінен көлік әкеліп, етті тасып, тұздап алады. Төсегінің астынан адам бойы жер қазып, күндіз сонда, түнде әйелінің қасында жата береді. Ай өтеді, жыл өтеді. Бір күні Жа-



манның үйіне, жеңгесіне көңіл айтуға хан келеді. Қонақасы жеп болған соң, хан сөз бастап:

– Адамның, шөптің, құстың жаманын әкел дегенде, уәзірлерімнің алып келген Жаманы еді. Жаман болса да, ақылына риза болып, тағымды да беріп едім. Ақылының арқасында, сені де алып еді. Сол ақылынан үміт етіп, бір жұмысқа жұмсай қойып едім, келер уақыты өтіп кетті. Құдайдың әмірі болды ма, деймін... Сені қор қылып, жалғыз тастамаспын, «Аға өлсе, жеңге – мұра» деген, қолыма алып бағармын, – деп, үгіт айтады. Әйел отырып:

– Е, Құдайдың әмірі болса, не шара? Ол келгенше сенің қолыңда бір қадірлі тас бар еді, соның тілімен сен оны жарып едің, жарылған соң, ол тас пайдаға аспады ғой. Сол секілді әр заттың пайдалы уақыты бар еді. Кешегі қыз күнімде болса, бірсәрі, енді мен сол жарылған тас сияқтымын. Саған қызмет етіп, жаға алмаспын, өуре болма, – дейді. Хан әйелден жеңіліп, үйіне қайтады. Хан шығып кеткен соң, әйелі Жаманды шақырып алып:

– Бар, енді ханның жауабын өзің бер, – деп, қоя береді. Хан да барып, тағына отырады, Жаман да сәлем беріп, кіріп барады. Хан сасып қалып:

– Уа, қашан келіп қалдың? Ал енді өңгімеңді айта бер! – дейді.

Жаман тұрып:

– Өңгіме ұзақ емес. Уәзірлер шығарып салған соң, бір аш арыстан соңымнан қалмады. Мен: «Барсакелмеске» барып, жауды мұқатқанша, мына жауды мұқатайын!» – деп, қылышымды суырып алып, қуып кеттім. Өз аулыма апарып, қамап едім, онан шығып кетті. Осы сіздің ордаға кірді ме деп отырмын, – дейді. Хан не дерін білмейді, бір қызарады, бір бозарады, жерге кіріп кеткендей болады, ақырында:

– Мен айыптымын, менде бір қате болды, шайтанның азғырғанына ердім, оған себеп мына уәзірлер. Бұлар енді иә саған, иә маған бір қатер қылар, сен енді іргенді көтер, бөтен елге көш, – дейді. Жаман риза болып, көшетін болады. Хан бірнеше түйеге жасау, асыл зат арттырып, Жаманды Ақша ханның еліне көшіріп салады. Жаман Ақша ханның елінде бір қадірлі адам болып тұра береді.

4

Күндердің күнінде хан Жаманның сөзі көкейінен кетпей, шалқасынан шаңыраққа қарап, ойланып жатыр еді, қырық уәзір кіріп келеді. Хан басын көтеріп алып:



– Жау шапты, ел бүлінді, апат соқты. Осыны ойлап табыңдар! Болмаса, жазалаймын, – дейді. Уәзірлер ақылдасып, өздері таба алмайтын болған соң, Жаманды іздеп барып, оған ханның айтқанын айтады. Жаман қырық уәзірді құрмет етіп болған соң:

– Жақсы, мен жауабын берейін. Хан мені ойлап, қапаланып жатқан шығар, қай-қайдағы есіне түскен шығар, сендерге де өкпесі болса керек. Сөйтіп жатқанда, ханның ордасының күлдіреуішінің бір басы шыққан болар. «Жаман болса, осыған бір нәрсе айтар еді, сынайын», – деп, сендерге айтқан ғой. Барып, күлдіреуішінің басын салып берсеңдер, ханның қызметі тамам болады, – деп, кеңес береді. Уәзірлер ханға келіп:

– Тақсыр! Мына бір күлдіреуішіңіздің бас жағы шығып кеткен екен, соны салып берейік, – деп, рұқсат сұрайды. Хан рұқсат берген соң, күлдіреуішінің басын салып береді. Хан күліп:

– Мұны кім үйретті сендерге? – деп сұрайды. Уәзірлер шынын айтады, хан уәзірлеріне:

– Ол Жаман болса да, қысылғанда, айла табатын ақылды, данышпан еді. Өркімнің пайдасына жарайтын еді. Сендер күндеп, ақырында, екеумізді айырдыңдар. Егерде ол сендерге ақыл таппаса, сендер өлетін едіңдер. «Біреуге ор қазба, өзің түсерсің» деген мақал бар, – дейді. Қырық уәзір ханға жағамыз деп, ханның көңілін аулап, күнде ойын-той жасап жатса да, ханның көңілі көншімейді. Жаманды сағынады. Бәрі де Жамандай бола алмайды.

Бір күні хан ерігіп, уәзірлерімен аңға шығады. Аң іздеп келе жатып, таудың етегінде қой жайып жүрген бір шалға ұшырап, сәлем беріп:

– Уа, ата, мына таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды? – деп сұрайды.

– Бір жиырма жыл болған шығар, – дейді шал.

– Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?

– Он бес жыл болды.

– Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды?

– Оған да бір он жыл болған шығар.

Хан ойланып тұрып, тағы да:

– Ата, өзіңіз нешеуісіз? – дейді.

– Ой, шырағым-ай, жатқанда – екеумін, тұрғанда – төртеумін.

Тірек сөздер



Шаңырақ
Күлдіреуіш
Жұмбақ
Аяз би



– Баба, менің қырық асыранды қазым бар, соны білдірмей жүнін жұлып, күйдірмей пісіріп, қан шығармай сойып беретін кісі бар ма? – деп сұрайды хан. Сонда шал:

– Адамына тап болсаң, айтқаныңнан да артық етер, – дейді. Хан шалдың сөзіне қанағат етіп, атының басын бұрып, үйіне қайтады. Хан үйіне келген соң, уәзірлеріне:

– Мен не дедім, шал не деді? Соны айырыңдар, оны айыруға бір ай уақыт берем. Айыра алмасаңдар, қырқың да өлесіңдер, – дейді. Уәзірлер сасып, өздері таба алмайтын болған соң, бәрі де баяғы Жаманға барып, ханның айтқанын айтады. Сонда Жаман:

– Бұл оңай жұмыс емес. Бастарың өлімге байланған екен. Жақсы, енді болмас, тағы да бір амал табайын. Сендер бір ат қалдырып, басқа аттарыңды сойыңдар, киімдеріңді өртеп, сонымен бір аттың етін пісіріңдер, мен мына қалған атқа мініп, сендерді ханға жалаңаш айдап барам. Егерде сендер, арланып, қастық етпейтін болсаңдар, мен сендерді хан алдында құтқарып алам, – дейді. Уәзірлер бір ауыздан:

– Ойбай, тақсыр, арланбаймыз! Жананымыз қалса болады, ханымыз бізге мықты өкпелеп жүр, – деп, риза болып, сол жерде отыз тоғыз атты сойып, бір атты қалдырып, сойған аттардың біреуінің етін өздерінің киімін жағып, пісіріп, етін жеп алады. Етті жеп болған соң, соймай қалдырған ала шолақ атқа Жаман мінеді, қолына құрық алып, жалаң аяқ, жалаң бас уәзірлерді ханға айдап жөнеледі. Жаман келе жатыр дегенді естіп, хан қырық жігіт ертіп, жібек кілем, жібек шатыр алып, түстік жерден алдынан шығып, Жаманды жер бастырмай, құрметтеп, жібек кілемге түсіріп алады.

Хан уәзірлерді ұмытып кетеді. Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап жата береді. Бір күні уәзірлердің арасында: «Бұл хан өз қызығы өзінде жата берді. Түнеугі сөзін ұмытып кетті білем», – деген күңкіл шығады. Жаман оны естіп, уәзірлерді шақыртып алып, жиылған халық алдында:

– Ол шал жұрттан асқан дана еді. Хан оның даналығын сезіп, «Қырық уәзірімді жөнге салып, ақыл айтпас па екен?» – деп, сәлем беріп, тілдесіп еді. Ханның: «Бұл таудың басын қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені: «Сенің шашыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Шашыма ақ кіргелі жиырма жыл болды», – деді. Ханның: «Бұл таудың етегін қырау шалғалы неше жыл болды?» дегені: «Сақалыңа ақ кіргелі неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да он бес жыл болды», – деді.



Ханның: «Бұл таудың басынан бұлақ аққалы неше жыл болды? дегені: «Көзіңнен жас аққалы неше жыл болды?» дегені еді. Шал: «Оған да бір он жыл болды», – деді. Ханның: «Ата, өзің нешеуісің?» дегені: «Үйінде неше жаның бар?» дегені еді. Шалдың: «Жатқанда екеуміз, тұрғанда төртеуміз» дегені: «Менің бұрынғы әйелім өліп еді, қазіргі әйелімнің байы өлген; түнде жатқанда екеу болғанмен, күндіз қойда жүргенде мен өлген әйелімді сағынам, қазір әйелім үйде отыр, өзінің өлген ерін ойлайды», – дегені еді. «Жатқанда екеу, тұрғанда төртеуміз» дегені – сол еді. Ханның «Қырық асыранды қазым бар, соны қан шығармай сойып, білдірмей жұлып, күйдірмей пісіріп беретін кісі бар ма?» дегені: «Менің ақылсыз қырық уәзірім бар, соларды ұрмай-соқпай, жөнге салып беретін кісі бар ма?» дегені еді. Шалдың: «Адамына тап болсаң, айтқаныңнан асырар» дегені – оның шешуін маған жолдағаны еді. Сендер мені іздеп барған соң, үстеріңдегі киімдеріңді алып отқа жаққаным – білдірмей жұлғаным, күйдірмей пісіргенім; сендерді алдыма салып, жалаңаш, жаяу айдап, ханға әкелгенім – қан шығармай, сойғаным еді. Ал енді осымен ханның жұмысы біткен шығар, – деп, Жаман сөзін аяқтады. Хан:

– Уәзірлерімнің күнәсін кешірдім. Неше рет екеуміздің арамызға от салып, қоныс аударып, көшіп кетуге себеп болып еді. Сонысына ызаланып: «Өздері әбден жеңілсін, кінәларын мойнына алсын!» – деп едім. Менің тілегім орындалды. Ал, халық, мен де біраз хан болып, қызық көрдім. Ендігі хандығымды мынау досыма берем. Сіз де енді тартынбаңыз, таққа сіз мінуге уақыт жетті, қалған өмірде сізге қызмет етіп, сіздің хан болған қызығыңызды көрейін, – деп, Жаманды қолтықтап әкеліп, хан тағына отырғызды. Елі отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, Жаманды ақ киізге салып, хан көтерді. Жаман Ақша ханның еліндегі үйін көшіріп алады. «Жаман таққа мінген соң, ешбір соғыссыз, бес хандықтың қонысын біріктіріп, ел арасында достық орнатыпты», – дейді. Әр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса, бұған келіп, қосыла беріпті. Сол уақыттан бастап әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға: «Аяз би» деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше қалды дейді. Аяз би әділ болды. Тура билік етті, нашарларға қарасты. Баяғы өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының маңдайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: «Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» – деп, көңілін басушы еді дейді.





СӨЗДІК

Ақиреттік дос – мәңгілік дос болу мағынасында айтылған.

Күлдіреуіш – шаңырақ тоғынының үстінен түндікті көтеріп тұратын, түгін шығып, жарық түсу үшін айқастыра бекітілген ағаш, шаңырақтың керегекөз боп түйісетін шыбықтары.

Қоға – өзен-көл жағаларында өсетін, ұзын жапырақты, бойшаң өсімдік.

Мұқату – кекету, кемсіту.


Наубай – нан пісіретін адам.

Отығып кеткенше: отығу – төлдің шөп жеп, жағдайының жақсаруы.

Тәуіп – емші.

Шеңгел – гүл шашатын тікенекті бұта. Ол тікенді болғандықтан, шеңгелді жерге мал жайылмайды. Бірақ күз бен қыста оның жемісі мен жапырағын түйе мен қой сүйсініп жейді. Шөлді жерлерде шеңгел отын ретінде қолданылады. Тамырынан жүн бояу үшін пайдаланылатын сары бояу алынады.

Шонжарлы: шонжар – бұрынғы кездегі болыс, би, бай, т.б. ел басқарушыларды айтқаны.



Әдебиет теориясы

Нақыл сөз – даналық ойлар айтылатын мағыналы сөздер.

Ертегі – халық қиялынан туған, сонымен бірге ерте дәуірлердегі адамдардың әлем, өмір туралы түсініктері, нанымдары сақталған фольклорлық шығарма жанры. Оны ең алғашқы айтқан адамның кім екені, яғни авторы ұмытылған, сол себепті фольклорлық шығарма (ауыз әдебиеті) болады.

Ертегі деген сөздің өзі ертеде дегенді білдіреді. Мұнда әдейі әсірелеп айту бар.

Сюжет (французша *sujet – зат*) – өзара жалғасқан оқиғалардың тізбегі, біртұтас желісі. Сюжеттің негізі – өмірлік тартыс, қақтығыс (конфликт), кейіпкерлердің қарым-қатынасындағы қақтығыс. Сюжеттің бастамасы (экспозициясы), шиеленісу, шарықтау шегіне жетуі және шешілуі, яғни аяқталуы болады.

Фабула (лат. *Fabula*) – көркем шығармада суреттелген оқиғаны рет-ретімен жүйелеу, мазмұндау.





АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Аса, асатаяқ – «аса» араб-иран тілдерінен енген таяқ, таяқша дегенді білдіреді. Бүгінде дыбысты сілкітіп шығаратын, басына шылдырмақ, қоңырау байланған таяқ түріндегі ұлттық музыкалық аспап бар. Бірақ діни аңыздарда пайғамбарлар қолына ерекше қасиеті бар таяқ ұстаған деп айтылады. Мысалы, **Мұса** пайғамбар қасиетті асасы арқылы алуан түрлі ғажайып жасаған. Құрандағы, діни аңыздағы Мұса асасымен Ніл дариясының суын қақ бөліп, сол жерден өзінің Мысырдағы қауымын Перғауын әскерінен аман алып өткен деп айтылады.

Дәуіт пайғамбардың қолында керемет қабы, ал **Сүлеймен** пайғамбардың қасиетті жүзігі болған деп айтылады, оларды осылайша таныту діни ұғымдармен байланысты.



Берілген суреттердің ертегіге қандай қатысы бар? Ненің суреттері бейнеленген?





Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Ертегі жанры туралы		
Ертегінің түрлерге жіктелуі		
«Аяз би» ертегісі туралы		



1. Мына сөйлемдерді оқып, бос орынға қажетті сөздерді қойып жазыңдар.

Шөптің жаманы

Шөптің жаманы – ____. Қарақоғаны отқа салса ____, үрлесем ____ бірге сөніп, күлі ____, үйдің ішін алып кететін еді. Отқа жанбаған соң, апарып малға салсам, барлық мал ____, ____. Қарақоға, тіпті, пайдаға да аспайтын шөп. Қарақоғаның жамандығын содан білдім, – дейді Жаман.

Құстың жаманы

Сауысқанның жүні ____ болғаны сияқты, өзі де ____, ____ жоқ. Екеуі бірігіп ____, екеуі бірігіп ____, адам пайдасына ____ құс еді. Сондықтан құс жаманы сауысқан деймін.

Адамның жаманы

Менің жасым ____ келді. Мен қатарлылар ____ алып, ____ көрді; ____ жұмсап, ____ көріп отыр. Мен қайда болса сонда, әлі күнге дейін ____, басқа біреудің ____ жүрмін. Енді мен жаман емей, жақсымын ба? – деп, Жаман ханға қарайды.

2. Шығарманың композициялық құрылымына талдау жасаңдар.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Дәлелдеме
1	Оқиғаның басталуы	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	



3. Шығармадағы көркемдік құралдарды анықтаңдар.
4. Аяз өзінің жаман адам еместігін қалай дәлелдеді?
5. Аяз өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының маңдайшасына іліп қойды. Оның бұлай істеуінің себебі неде?
6. «Момынбай менен жеті қарақшы» ертегісіндегі Момынбайдың және «Аяз би» ертегісіндегі Аяз бидің адалдығы туралы не айтар едіңдер? Екі шығармадағы кейіпкерлер мінезіндегі ортақ қасиеттерден нені байқадыңдар?

Момынбай

Ортақ
қасиеттері

Аяз би

7. Мына екі жұмбақтың қайсысын уәзірлер, қайсысын Жаман айтар еді? Жұмбақтың шешуін кім табады?
 - а) Бір топ жыңғыл ішінде,
Бір жапырақ қызыл гүл. Ол не?
 - ә) Айтамын бір жұмбақты сізге нұсқап,
Басына бөрік киер, құндыз ұстап.
Үстіне ақ қамзолын киіп алып,
Жүреді екі қолын артына ұстап. Ол не?
8. Шеңгел мен қарақоға шөптерінің қайсысы шөптің жаманына жатады? Неліктен?



Ертегі мәтініне сүйене отырып, сызба арқылы Аяз бидің қасиеттерін атаңдар.



Кестені толтырыңдар және өз ойларыңды ортаға салып, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне талдау жасаңдар.

Кейіпкерлер	Ертегі мазмұны бойынша...	Менің көзқарасым бойынша...	Қазіргі кезеңде...
Мадан хан			
Қырық уәзір			
Жаман			
Жаманның әйелі			






Ертегі кейіпкерлерін қосып, 15–20 минутқа шақталған сценарий жазыңдар.
Кейіпкерлер: Мадан хан, қырық уәзір, Аяз би, автор.



1. Мәтінде берілген «Ханда қырық кісінің ақылы бар» тіркесінің мағынасын ашыңдар және бүгінгі өмірмен байланыстыра отырып, тіркестің тарихи көркемдік құндылығын анықтаңдар.



2. Шығарманың басты идеясында көтерілген мәселенің бүгінгі таңдағы рөлін анықтаңдар? Бүгінгі таңда хан болу үшін қандай қасиет қажет деп ойлайсыңдар?
3. «Біреуге ор қазба, өзің түсесің» мақалын ертегі мазмұнымен байланыстыра отырып талдаңдар. Мақалдың идеясына сай өмірден қандай мысал келтірер едіңдер?
4. Ертегі мазмұны арқылы халық нені мақсат еткен? Ертегі идеясының бүгінгі өмірде алар орны...
5. «Жаманнан жақсы туса игі, ата жолын құса игі...» тақырыбына ертегі желісі бойынша және шынайы өмірден мысал келтіріңдер. Өзара салыстыру жасаңдар.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Қырғұбектің үші, 2018 жыл.

Біз «Аяз би» ертегісін оқыдық. Бәрімізге бұл ертегі ұнады. Әсіресе, Аяз би. Ханның уәзірлері оны адамның жаманы деп ойлады. Бірақ адам өзінің үстіндегі киімімен емес, ақылдылығы мен білімінің арқасында қиындықтың бәрін де жеңе алады. «Білімді мыңды жығар» деген мақал да бар. Сондықтан біз адамдарды киген киіміне қарап бағаламай, оның ақыл-парасатына қарауымыз керек. Мен енді осылай ойлайтын боламын.






ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

1. «Елу жасқа келіп жаман болған жоқпын, жасымнан-ақ жаман едім. Өмірім отын, су тасумен кісі есігінде құлшылықта өтті». Жаман өзі туралы неге осылай айтты?
 - а) Өзін хан мен уәзірлерден төмен санады;
 - ә) Шындығын айтты;
 - б) Хан мен уәзірдің алдында әдейі осылай айтты;
 - в) Ол өз тағдыры осылай болу керек деген сенімде болған.
2. «Барсакелмеске барып, жауды мұқатқанша, мына жауды мұқатайын деп, қылышымды суырып алып, қуып кеттім. Өз ауылыма апарып, қамап едім, онан шығып кетті. Осы сіздің ордаға кірді ме деп отырмын». Жаман кімді айтып отыр?
 - а) Басқа жақтан келген адам
 - ә) Хан
 - б) Уәзірлер
 - в) Қасқыр



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ



«Бабалар сөзі» – қазақ фольклорлық мұраларының жүз томдық жинағы. Оның әр томындағы мәтіндерге ғылыми түсініктер жазылған. Ол 2002–2013 жылдар аралығында баспадан шықты. Мұнда фольклорлық шығармалар жанрлар бойынша топтастырылған. Сондықтан ертегі де, жырлар да, аңыздар да осы «Бабалар сөзінен» табылады.

Халық мұрасын жүз том етіп шығару туралы ұсыныс айтып, оның жарық көруіне Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Сейіт Асқарұлы Қасқабасов басшылық жасады.

Бұл жүз томды М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары дайындады.




ЕРТЕГІ ӘЛЕМІНДЕ

Ганс Христиан Андерсен мен Исаак Ньютон



Ганс Христиан
Андерсен
(1805–1875)

Атақты ертекші Ганс Христиан Андерсен әлемге аты белгілі физик Исаак Ньютон туралы ертегі жазыпты деген ақпарат бар. Бірақ «Исаак Ньютон» деген тақырыппен ертегі таба алмаймыз. Сұрақ: сонда мұндай сөз қалай шыққан? Олар өмірде кездесуі, замандас болуы мүмкін бе?



Исаак Ньютон
(1643–1727)

Ескерту: Екі дұрыс жауап болуы мүмкін.

Жауап нұсқалары:

- а) Ел арасындағы сөз ғана болуы мүмкін. Екеуі өмірде кездеспеген.
- ә) Кейбір ертегілердің сюжеттерінде ғылымға қатысты деректер қолданылған. Екеуі кездесе алмайды. Өйткені өмір сүрген жылдары алшақ.
- б) «Даналық тасы» деген ертегі болуы мүмкін. Екеуі кездесе алмайды.
- в) Ертекшінің өзі болашақта жазғысы келетін бір тақырып ретінде айтуы мүмкін. Бірақ нақты дәлел табу қиын. Екеуі замандас емес.

КЕЙІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Сыныпта оқушылар кейіпкерлер және оқырмандар тобы болып бөлінеді. Оқырмандар әрқайсысы өздері таңдаған кейіпкерге «Мен сізбен кездескенім үшін қуаныштымын. Сізге қояр сұрағым бар еді» деп бастап, өз ойларындағы сұрақтарды қояды. Кейіпкер рөліндегі оқушы өз ойын еркін түрде айта алады.

Соңында мұғалім сөйлеу мәдениетіне талдау жасайды. Сұрақтар мен жауаптардың қаншалықты дұрыс қойылғанын талқылаңдар.

МЕН БАСШЫ БОЛСАМ

«Егер мен басшы болсам» деген тақырыпта ойланыңдар. Өздерің хан немесе бір мекеменің басшысы болсаңдар, қызметке қандай адамдарды таңдар едіңдер? Осы сұрақты сахналандырып, көрініс ұйымдастырыңдар.



ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ



Қазақ халқының тарихы ежелгі дәуірден басталады. Әлем мойындаған сақ, ғұн дәуірінен басталған тарихымыз бар. Сол замандарда өмір сүрген ата-бабаларымыз нені қасиет тұтты, кімдерді құрметтеді, осының бәрін қазіргі уақытта түсінетін болдық.

Біздің тарихи атамекенімізде ел қорғау мәселесі ежелгі дәуірде де маңызды болған. Өз елін, халқын қорғаған батырлар мен қаһарман қолбасшылар туралы аңыздар айтылды. Ақындар оларды жырға қосты. Ол жырлар да біздің терең тамырлы тарихы бар ел екенімізді айғақтайды.

Сақ патшайымы Томирис (Тұмар ханым), Шырақ батыр туралы аңыздар ежелгі дәуірдің жазбаларында сақталып қалған. «Алып Ер Тұңға» жыры да ата-бабаларымыздың басынан кешкен тарихтан сыр шертеді. Мұның бәрі қазақ халқының ежелгі әдебиетінің тарихы біздің заманымызға дейінгі VIII–III ғасырлардан басталғанын айғақтайды.

Біздің ұрпақ халқымыздың тарихын, мәдениетін, әдебиетін қадірлей білуі тиіс.

«АЛЫП ЕР ТҰҢҒА» ЖЫРЫ ТУРАЛЫ

Алып Ер Тұңға – аты аңызға айналған тарихи тұлға. Ол – ежелгі түркі тайпаларының көсемі, қол бастаған ержүрек батыр. Сондықтан оны түрік мемлекетін ұйымдастырған адам деп құрметтейді. Ғалымдардың болжауынша, ол б.з.б VII–II ғасырлар аралығында өмір сүрген.

Оның есіміне «алып» деген сөз қосылып айтылады. Өйткені ол – ежелгі түркі дәуірінде қаһарман, мықты қолбасшыға берілетін әскери титул, атақ. Ертедегі түркілерде Алып Тегін, Алып Арслан, Алып Бұқа, Көк Алып, т.б. қол бастаған батырлар болған.



Ал «Тұңға» деген сөз жолбарыс текті аң дегенді білдіреді. Демек Алып Ер Тұңғаны халық жолбарыстай мықты, күшті батыр деген.

Алып Ер Тұңға Тұран елінің көсемі дейміз. Ал Тұран – біздің бабаларымыз мекен еткен жердің атауы. Тұран – Түр елі – түріктер елі деген сөз. Тұран сөзінің атауы содан шыққан.

Ал бізге көрші елдің бірі – Иран. Бұрынғы заманда көрші елдер арасында қақтығыстар, соғыстар болып тұрған. Ол соғыстардың бәрі дерлік жер үшін еді. Міне, сондай соғыстарда Алып Ер Тұңға батыр талай рет Тұран әскерін басқарып, жеңістерге жеткен. Оның атағы жер жарған. Парсылар оны Афрасиаб деп те атаған. Бұл көне парсы тілінде дүлей қара күш иесі деген сөз. Алып Ер Тұңға өз халқы үшін жолбарыстай мықты қаһарман деп бағаланса, жау болған жақ үшін қорқыныш тудырған ерекше күш иесі ретінде мойындалған.

Иран патшалары мен Алып Ер Тұңғаның соғысы Сырдарияның шекарасында болған.

«Алып Ер Тұңға» жыры толық нұсқада жеткен жоқ. Оның себебі түсінікті. Ол өте ерте замандарда айтылған. Ол кезде қағазға жазу да болмаған. Сонда бұл жыр бізге қалай жетті? Халық арасында аңыздар айтылған. Сондай-ақ Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» («Түрік тілінің сөздігі») жинағында:

Алып Ер Тұңға өлді ме?
Жаман дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар!

Заман түгел күйреді,
Парасат, пәктік сиреді.
Азғын, жауыз жиналды,
Даңқты бек жоғалды.

Бөрідей ерлер ұлысты,
Бақырып, жаға жұлысты.

Тірек сөздер



Алып
Ежелгі түрік
Қаһарман
Қолбасшы
Жыр
Ер Тұңға
Жоқтау
Қыршын
Ажал



Дауыс салып жырлады,
Суалды көзі жылады¹, –

деп жазылған.

Алып Ер Тұңғаның атын және оның елге сіңірген қызметін орта ғасырда біздің туған жерімізде өмір сүрген көрнекті ақын Жүсіп Баласағұн «Құтты білік» атты кітабында жазған. Бұл кітаптың 277–286-бөйіттерінде «Мақтауға тұрарлық қасиеттер және ізгі істердің пайдасы туралы»² деген бөлімінде жазылған.

Назар салсаң, бұл түркінің бектері,
Жаһанның өз бектері, асыл тектері.

Түрік бектері үшін атын асырған,
Алып Тұңға³ Ер еді, құты тасыған.

Білімі – даңқы ұлы, көптің сарасы,
Білімді, ойлы өрі халық ағасы.

Зерек, дана көңілі сара, сері еді,
Жұтты жалған елге тұтқа ер еді!

Тәжіктер оны Афрасийаб атаған,
Елдерге ол көп ізгілік жасаған.

Қажет білсең білім, ақыл, даналық,
Қолға алуға дүниені қаратып.

Тәжіктер де хатқа мұны түсірген,
Кітапта жоқ болса, кімдер түсінген?!

¹ Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. – Алматы, «Сөздік-Словарь», 1-том, 70, 133, 225–226-беттер.

² Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986, 74-75-беттер.

³ Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабында Алып Ер Тоңа деп жазылған / Баласағұн Жүсіп. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударған және алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986, 74–75-беттер.



Жақсы айтқан хас батыр, ер кешегі,
«Не бір берік түйінді ерлер шешеді!»

Өнер керек жаһанды ұстап, ұғуға,
Гүр арыстан керек құлан қууға.

(Даңқ, қуат керек әлем жаулауға),
Гүр арыстан керек құлан аулауға!

Жиһангерге қасиет керек мың, түмөн,
Сүйенсе оған, білмейді елі мұң, күмөн.

Осылайша Алып Ер Тұңғаның ізгі істері, даналығы, Тұран елін басқарудағы көрегенділігі, халыққа қамқоршы болғаны, тағы да басқа жақсылықтарын айтқан. Мемлекет билігін ұстап тұру үшін дәл осы Алып Ер Тұңғадай болу керек деген.

Алып Ер Тұңға туралы жырды парсы халқының атақты ақыны, «Шаһнаманы» жазған Фирдоуси толық білген сияқты. Тұран мен Иран елдерінің батырлары соғысқандықтан, парсы ақыны қарсыласты мақтай алмайды. Сондықтан оны жақсы адам бейнесінде сипаттай алмайтыны түсінікті. Бірақ Фирдоуси Алып Ер Тұңғаның батырлық бейнесін төмендетпей суреттеген.

Халық қай заманда да ержүрек батырларды, қаһарман қолбасшыларды мақтан тұтып, оларға өлеңдер мен жырлар арнаған. «Алып Ер Тұңға» жыры Отанын қорғаған қаһарманды мақтаныш етіп, ұрпақтарға үлгі ету үшін туған.

Бұл жырдың көркем екені сөзсіз. Халқына қорған болған батырды сипаттау үшін теңеулер көп қолданылған. Мысалы, халықтың қайғысы қатты болғанын «Бөрідей жұрт ұлысып» деп жеткізген. Батырынан айрылған халықтың қандай күйге түскенін «Замана түгел күйреді» деп сипаттаған.

Алып Ер Тұңғаның Барысхан деген ұлы және Қаз есімді қызы болған. Ол қыздың екі шаһары болыпты. Оның бірі Қазойын деп аталған. Қаз үнемі осы қалада тұрып, серуен құрған. Ал екінші қаланың аты – Қазсуы. Екі қаланың да атауында Қаз деген сөз бар, бұл осы қыздың есімімен байланысты қойылған. Қазсуы Ілеге құятын өзеннің бойында екен.

Ал Қаздың күйеуі – Сияуыш, ол туралы Фирдоусидің «Шаһнама» дастанында айтылған.



АЛЫП ЕР ТҰҢҒАНЫ ЖОҚТАУ*

Алып Ер Тұңға өлді ме?
Опасыз дүние қалды ма?
Заман өшін алды ма?
Енді жүрек жыртылар...

Бектер атын болдырып,
Қайғы оларды солдырып,
Меңді жүзі сарғайып,
Запыран рең сүртілер.

Бөрідей жұрт ұлысып,
Айқаймен жаға жыртысып,
Өкірген үнін өшіртіп,
Жылаған көзден жас өер.

Көңілім іпті жандырды,
Жазылған жара жаңғырды.
Кешкен күндер көзге ұрды,
Күн-түн демей ізделер.

Тағдыр кезін келтірді,
Ұры тұзағын ілдірді.
Бектердің бегін ап кетті,
Қашса қалай құтылар?

Тағдырдың күнін тербетер,
Пенденің күшін меңдетер,
Пәниді жұрттан тазартар,
Қашсаң, тағы артылар.

Тербетер салты мұндай-ақ,
Бұдан да басқа сыр көп-ақ,
Заман атса кезеп-ақ,
Таулардың басы күйрелер.

Оған атса дәл кезеп,
Кім тоқтатар көлбеу кеп?
Тауды атса көздеп кеп,
Шың шатқалы қарқырар.

Замана түгел күйреді,
Білімді жақсы сиреді.
Жаман-жәутік түптеді,
Ізгі бектер шертілер.

Білімді батыр жүнжіді,
Замана аты жаншыды.
Ізгілер төні жидіді,
Жерге тиіп сүртілер.

Қорыта айтқанда, «Алып Ер Тұңға» жыры, оны жоқтау – түркі халықтарының ежелгі дәуірдегі ерлігін баяндайтын қаһармандық жырдың бір бөлігі. Халық, шын мәнінде, қатты қайғырған. Сондықтан жоқтау айтып, кейін ол жырға айналған. Алып Ер Тұңға өмірден өтсе де, оның есімін халқымыз еш уақытта ұмытпаған.

* Алма Қыраубаева. Ежелгі әдебиет. 5 томдық шығармалар жинағы. 2-том. Томды баспаға әзірлегендер: Г.Асқарова, Н.Мәмбек. – Алматы: «Өнер», 2008.





СӨЗДІК

Аран – 1) аң аулау үшін кең әрі терең етіп қазылған ор; 2) Араны ашылу – ашқарақтану, қомағайлану; аран – терең етіп қазылған ор.

Жидіді – тері жүнінің іріп, сыпырылып түсуі.

Құрық – жылқы ұстау үшін ұшына ілмек жіп бекітілген ұзын сырық.

Түптеді – бұл жерде: көбейді деген мағынада қолданылған.

Шеңгел салу – бұл жерде: тікендей қадалу дегенді айтқаны.

Қарқырау – қақ айырылу, жарылу.

Әдебиет теориясы

Жоқтау – ежелгі дәуірден басталған халық ауыз әдебиетіндегі отбасылық ғұрыптық жанр. Ал атақты тұлғалар қайтыс болғанда, ақындар жоқтау шығарған. Ол да халыққа кең тараған.

Ырымға жаман, жамандықты шақырмау керек деген оймен жоқтауды орынсыз айтқызбайды.

Метафора, ауыстыру (грек. *metaphora* – ауыстырып қою) – екі нәрсені, құбылысты салыстыру арқылы астарлы, тың мағына беретін бейнелі сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы, Абай өлеңдеріндегі **жастықтың оты, жүректің көзі, дүние есігі**.

Күнделікті өмірде метафораның қарапайым түрлері: **іші күйіп, бойы мұздап, орақ ауызды, от тілді** деген сөздер қолданылады.

Көздің жанары дегеннің орнына «көздің майы» немесе қазанның тұтқасы дегеннің орнына «құлағы» деп те айтыла береді, сондай-ақ **жан азығы, табиғат-ана, өмір-өзен, өмір сыбағасы, асау толқын**, т.б. тіркестер метафораға мысал болады.

Теңеу – құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі. Салыстыру арқылы жасалатын құбылту сөздер көп, бірақ теңеудің олардан айырмасы мұнда салыстыру тура, айқын көрінеді. Мысалы, басы қазандай /болып/, жүрегім аттай (тулап), т.б.

Эпитет (сипаттама) – заттың не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз (алма мойын, бота көз, қолаң шаш, шерлі күй, жалынды күй, т.б.).





Дұрыс жауаптарымен сәйкестендіріңдер.

1. Біздің елдігіміз қай дәуірден басталады?	А. Алып Ер Тұңға
2. «Шаһнаманы» жазған парсының атақты ақыны кім?	В. Сақ, ғұн дәуірінен
3. Ежелгі дәуірде біздің атамекен қалай аталған?	С. Фирдоуси
4. Алып Ер Тұңға жырының басты кейіпкері?	Д. Парсы ақыны
5. Алып Ер Тұңға жырында не жайында айтылған?	Е. Тұран

1. _____ 2. _____ 3. _____ 4. _____ 5. _____



1. Алып Ер Тұңға өмірі мен ерлік істері бойынша кестені толтырыңдар.

Нысан	Өмірбаяны	Ерлік істері
Алып Ер Тұңға		

2. Мәтінді оқи отырып, тірек сөздерді теріп жазыңдар.
Тарихи тұлға, әскери атақ, қол бастаған батырлар...



1. Алып Ер Тұңғаның өмір сүрген кезеңі, ерлік істері жайындағы мәтіндермен таныса отырып, «Үштік кестені» толтырыңдар.

Оқылым алдында	Оқу кезінде	Оқығаннан кейін

2. Хрестоматиядан Ф.Оңғарсынованың «Алып Ер Тоңаны жоқтауын» оқыңдар. Сосын оқулықтың 30-бетіндегі жоқтаумен салыстырып, кейіпкердің образын әңгімелеңдер.






1. Топпен жұмыс жасаңдар. («Ақпаратпен бөлісу» әдісі).

I топ. Жырдағы тарихи кезеңді анықтайды.

II топ. Жырдың мазмұнын айтады. Топтар бір-бірінің ақпаратын толықтырады. Пікірлерін ортаға салады.

2. Оқулықта берілген жыр мен Ж. Баласағұнның сипаттауындағы Алып Ер Тұңғаны тарихи тұрғыда салыстыра отырып, баға беріңдер. Оқыған екі үзіндідегі ортақ ойды анықтап, екі жырды салыстырып, Алып Ер Тұңғаға мінездеме беріңдер.



1. Бес сатылы эссе жазыңдар.

2. Бір-біріңе сұрақтар қоя отырып, жырдың маңыздылығын талқылаңдар, сыни көзқарас білдіріңдер. Басты кейіпкер Алып Ер Тұңғаның ерлік істері бойынша сыни хабарлама жазыңдар.

1) Тақырып бойынша негізгі идеяларды анықтап алыңдар;

2) Кірпарақпен жұмыс жасаңдар;

3) Жұптық жұмыс жасаңдар. Қателерді анықтаңдар;

4) Жіберілген қателерді есепке ала отырып, қалыпқа келтіру жұмысын жүргізіңдер;

5) Сынып алдында жұмыстарыңды қорғаңдар.



«Алып Ер Тұңға – Тұран елінің қаһарманы» тақырыбына эссе жазыңдар.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Алып Ер Тұңға туралы оқығаннан кейін қандай әсер алдыңдар? Бүгінгі жастар халқымыздың ежелгі дәуірдегі тарихын қадірлеуі үшін қандай шараларды ұйымдастыруға атсалысар едіңдер?



ОРТА ҒАСЫРЛАР ӘДЕБИЕТІ



Тарих ғылымы орта ғасырдың өзін бірнеше кезеңге бөліп, зерттейді. Ал әзірше біз орта ғасырлар әдебиеті бойынша ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фараби мен Доспамбет жырау поэзиясымен танысамыз.

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ (870–950)



Әбу Насыр әл-Фараби
(870–950)

Әбу Насыр әл-Фарабидің өмірі. Әбу Насыр әл-Фараби – есімін әлем құрметпен атайтын ұлы тұлға. Ол көзі тірісінде-ақ Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған.

Оның толық аты-жөні – Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Узлағ Тархани.

Ол 870 жылы Отырар қаласында дүниеге келген. Ал бұл кезде Отырарды арабтар «Фараб» деген. Орта ғасырлардағы адамдар өздерінің қай қаладан шыққанын білдіру үшін аты-жөндеріне туған жерінің атауын қосып айтатын. Сондықтан ұлы ға-

лым әл-Фараби болып аталып кетті. Сол кездің өзінде, яғни орта ғасырда біздің Отырар жерінен әл-Фараби есімді жетпістен артық ғалым шыққан.

Әбу Насыр әл-Фараби алғашқы білімін өзінің туған жерінде ана тілінде алған. Кейін өсе келе, көп тілді білуге ынталы болған. Білімін дамыту үшін көп елді аралаған. Он екі-он алты жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп, Бағдадқа келген. Бағдадта «Баит әл-хакма» атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Осында ол көптеген әйгілі ғалымдармен кездесіп, араласып, грек, латын, санскрит және тағы да басқа тілдерді меңгерген. Ол жетпіс тіл білген деп те айтылады.



Ал оның өртүрлі ғылым саласынан жазған еңбектерінің саны жүз елуге жақын.

Әбу Насыр әл-Фарабиді энциклопедист-ғалым деп атайды. Мұның себебі – ол астрономия, медицина, математика, музыка, поэзия, тағы да басқа көптеген ғылымның саласы бойынша еңбектер жазған.

Әбу Насыр әл-Фарабидің еңбектері. Оның ең әйгілі еңбегі «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деп аталады.

Әл-Фараби әлемде бірінші ұстаз атанған Аристотельдің еңбектерін аударып, оларға ғылыми түсініктер жазған. Сол үшін әл-Фараби әлемдегі екінші ұстаз атанған. Ал, ең бастысы, әл-Фарабидің өзінің еңбектері де әлемге кең тараған. Ол Аристотель еңбектерін аударып қана қойған жоқ, оның ойларының өз дүниетанымына жақындарын қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді.

Оның әдебиет пен өнерге қатысты «Өлең өнері туралы трактат», «Риторика туралы трактат», «Әдебиеттегі пікірталас туралы трактат», «Мемлекет билеушісінің нақыл сөздері», «Ғылымдардың шығуы туралы трактат», т.б. еңбектері бар.

Әбу Насыр әл-Фарабидің өзі музыкант та болған. Ол музыкалық аспаптарда ойнап, ән салған. Өзі ән мен күй де шығарған. «Музыканың ұлы кітабы» атты еңбегі бар.

Ғұлама әл-Фараби өлең де жазған. Оның «Қашықтасың, туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді», тағы да басқа оншақты өлеңі белгілі. Оларды ақын Аян Нысаналин 1971 жылы қазақ тіліне аударған.

Әбу Насыр әл-Фараби өмірінің соңына қарай Мысыр, Шам, Халеб қалаларында болып, соңында Шам (Дамаск) қаласына келген. 950 жылы осында қайтыс болған. Ол қайтыс болғанда, оны сол елдің өміршісі Сайф әд-Даула өз қолымен жерлеген. Бұл ұлы ғалымға көрсетілген зор құрмет деп бағаланады.

Ұлы ғалымның мүрдесі Сириядағы Баб әс-Сағир зиратында жатыр.

Қазақстанда Әбу Насыр әл-Фарабидің мұраларын зерттеу өткен ғасырдың екінші жартысынан басталды. Елімізде фарабитану ғылымның бір саласы ретінде дамыды. Әл-Фараби мұрасын алғаш болып жүйелі түрде академик Өлкей Марғұлан, Ақжан Машанов, тағы да басқа көрнекті ғалымдар зерттеуді бастады.

Тірек сөздер



Отырар
Ғұлама
Ғалым
Әлем
Трактат



Алматыдағы Орталық ғылыми кітапханада Әбу Насыр әл-Фарабидің елу шақты еңбегі тұр. Оған қоса Қазақстанның Ирандағы Төтенше және өкілетті елшісі болған ғалым Мырзатай Жолдасбековтің бастамасымен сол елдегі кітапханалардан ғалымның арнайы сақтауда тұрған 13 қолжазбаның көшірмелері жасалды. Бүгінде олар Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кітапханасында және Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеттің «Отырар кітапханасы» қорында сақтаулы.



СӨЗДІК

Тархан – ерте замандарда тоғыз рет ерлік жасаған адамға берілетін жоғары атақ, лауазым. Әл-Фарабиге тархан атағы ата-бабаларынан мұраға қалған. Оның бабалары әскери адамдар болған делінеді.

Жер-су аттары:

Бағдад – 1921 жылдан бері Ирак астанасы. Бұл қала орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған.

Дамаск – Сирия мемлекетінің астанасы.

Мысыр – Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Шам – Сирияны арабтар осылай атаған.

Шаш – XVI ғасырға дейінгі Ташкент қаласының бұрынғы атауы. Ташкент – бүгінде Өзбекстан астанасы.

Әдебиет теориясы

Трактат (лат. tractatus) – белгілі бір ғылым саласы бойынша жазылған ғылыми шығарма, зерттеу жұмысы.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

2007 ж. қазан айында Дамаск қаласында Әл-Фарабидің тарихи-мәдени орталығының және кесенесінің құрылысын салу туралы келісімге қол қойылды.





Әбу Насыр әл-Фарабидің Баб әс-Сағирдегі қабірде жатқан орны
(Сурет филология ғылымдарының докторы, шығыстанушы С.А. Төлеубаеваның жеке архивінен алынды)



Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Әбу Насыр әл-Фараби туралы жалпы ақпарат		
Отырар қаласының ертедегі тарихы		
....		



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университетінің «Отырар кітапханасы» атты ғылыми орталығы бар. Бұл әлемде екінші кітапхана атанған атақты Отырар кітапханасының идеясын жалғастыру мақсатымен ұйымдастырылған.

Алғашқы Отырар кітапханасы әлемдегі екінші кітапхана атанған. Бірінші кітапхана Ежелгі Александрия қаласында болған.



«ҚАШЫҚТАСЫҢ, ТУҒАН ЖЕР» ӨЛЕҢІ

Қашықтасың, туған жер – қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен,
Қанатым талды менің,
Шаңыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, Жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Өкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түнереді.

Қайтейін мен, көкжиек, кеңдігіңді.
Келер күнге үмітпен жол ашамын.

.....
.....

Тірек сөздер



Туған жер
Қашықтық
Шер
Қалам



СӨЗДІК

Болдырып – болдыру – титықтау, әбден әлі құру, шаршау.

Жарау – ширьққан, тың ат.

Шаңыт жолға сарылып – сарылу – ұзақ күту, зарығу; яғни жолдың шаңына қарамай, сарылып ұзақ күту.

Бір тұтам – қып-қысқа, келте, аласа.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Біздің қазақ жері – Батыс пен Шығысты байланыстырған маңызды аймақ. Өйткені Ұлы Жібек жолы еліміздің біраз бөлігін басып өткен. Сол себепті Отырар қаласы сауда жолында болған, Батыспен де, Шығыспен де жан-жақты байланыс орнатуға мүмкіндік берген. Қаланың мәдени дамуына бұл сауда жолы өз ықпалын тигізген.

Отырар қаласының аты VIII ғасырдан бастап аталғанымен, оның бастапқы тарихы б.з.б. II ғасырда басталған. IX ғасырдың ортасынан бастап – Отырар (Фараб деп те аталған).



«ТІРШІЛІКТЕ ҚҰРЫШТАЙ БОЛ ТӨЗІМДІ» ӨЛЕҢІ

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзінді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма,
Тіпті, кейде болса да, Өзөзіл азғырған.

Өрге жүзген өнегелі ісімен
Таңда да ал дос, өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.

Тірек сөздер



Тіршілік
Құрыш
Төзім

Әдебиет теориясы

Өлең – шағын көлемді поэзиялық шығарма. Ол еркін сөйленетін жай сөздер тіркесі емес, ырғағы мен ұйқасы қалыпқа түскен, шумағы мен бунағына дейін белгілі тәртіпке бағынған сөздер тізбегі.

Өлең құрылысы – өлең сөздің жасалуындағы негізгі шарттар мен заңдылықтарды және өлеңнің шумағын, тармағын, бунағын, ұйқас түрлерін қарастырады.

Өлең ұйқасы – өлең тармақтарындағы сөз соңының үндестігі, өзара ұқсас, дыбыстас келуі. Ұйқас өлең сөздің ырғағын күшейтуге себін тигізеді, өлеңнің әуезділігін арттырады. Ұйқастың негізгі және көп кездесетін түрлері: 1) қара өлең ұйқасы а-а б-а; 2) шұбыртпалы ұйқас: а-а-а-а; 3) ерікті ұйқас: а -б- -в- -г б; 4) кезекті ұйқас: а-б-а-б; 5) шалыс ұйқас: а-б-в-б; 6) егіз ұйқас: а-а-б-б; 7) аралас ұйқас: а-а-б-в-б-в-б-б-б; 8) осы күнгі ерікті ұйқастар: а-б-а-б-в-г-д.

Қазақ тіліндегі өлеңдерде, негізінен, үш түрі жиі қолданылады. Олар: қара өлең ұйқасы, кезекті ұйқас және шалыс ұйқас. Мысалы:

Ана тілің – арың бұл, – а
Ұятың боп түр бетте. – б

Өзге тілдің бәрін біл, – а
Өз тіліңді құрметте! – б



СӨЗДІК

Өзөзіл – шайтан, Ібіліс тәрізді қаскөй рух.

Құрыш – болаттың ең берік түрі.

Малданып – малға ие болу; бір нәрсені өзіне меншіктеу, сіңіру.





Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Әбу Насыр әл-Фарабидің өлең жазғаны		
«Қашықтасың, туған жер» өлеңінің маңызы		
«Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңінің маңызы		



1. Әл-Фарабидің «Қашықтасың, туған жер» өлеңін жазуына не себеп болуы мүмкін?
2. Әл-Фарабидің «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңінің негізгі идеясын анықтаңдар.
3. Әл-Фарабидің «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңінде досыңды кімдердің ішінен іздеу керектігін айтады? Сұрақтың жауабын өз ойларыңмен толықтырыңдар.
4. Елімізде әл-Фараби атында қандай оқу орындары, мекемелер бар?



Әл-Фарабидің өлеңдеріндегі ұйқастың түрін анықтаңдар.



Бұл өлеңдердің ұрпақтар үшін маңызы неде?



Әл-Фараби өлеңдеріндегі идеяны қандай мақалдармен жеткізуге болады?



«Ұлы ғалым әл-Фарабидің ақылы» атты әдеби эссе жазыңдар.





ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ

Тірек сөздер



Орта ғасыр
Жырау
Толғау

Қазақ әдебиетінде жыраулар есімі құрметпен аталады. Өйткені олар қазақтың қамын ойлаған.

Жыраулардың ең басты жанры – толғау. Олар толғауларын суырыпсалып айтқан. Ақындар да толғау, өлең шығарған. Бірақ жыраулардың ақындардан бірнеше ерекшелігі бар. Ол ерекшеліктің ең бастысы – жыраулар ханның қасында жүрген.

Қажет кезде ханға ақыл айта білген, яғни жыраулар дана ретінде қабылданған. Сондай-ақ ханға ескерту жасап, сынау қажет кезде де жыраулар еркін болған. Осылайша жыраулар біздің мемлекетіміздің сақталуына ықпал жасаған.

Екінші ерекшелігі: жыраулар ел басына күн туған шақтарда атқа мініп, жауға қарсы соғысқан. Жеңісті қолдан бермеу үшін жауынгерлердің рухын көтеретін толғаулар айтып, қайраттандырып отырған. Өздері үнемі алдыңғы қатарда болған.

Жырау деген сөздің түбірінде жыр деген сөз бар, яғни олар толғау айтумен ғана шектелмеген, қажет кезде жыр да шығарған. Жыр да халықты отансүйгіштікке тәрбиелеген. Осылайша жыраулар поэзиясы қазақ халқының тарихынан хабар беретін асыл мұра ретінде бағаланады.

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ (1490–1523)

Доспамбет жырау XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың алғашқы ширегінде, яғни қазақ халқының қалыптасу кезеңі жүріп жатқан кезде өмір сүрген. Туып-өскен жері – Донның құйылысындағы Азов шаһары. Оның Азаулы дейтіні осыған байланысты. Ол әскери шонжарлар отбасында дү-





Доспамбет жырау
(1490–1523)

ниеге келген. Болашақ жырау сол дәуірге және өзінің тегіне сай тәлім-тәрбие, білім алған.

Жырау, сондай-ақ, өз есіміне Аймәдет деген сөзді қосып айтады, бұл оның руының не тайпасының аты болуы мүмкін¹.

Доспамбет жырау өмірінің көбі майданда өткен, сондықтан оны жорықшы жырау деп те атайды. Оның толғауларында өмірге деген құлшыныс, қайрат бар. Ол қысқа өмір сүрсе де, өзінің өмірін жақсы өтті деп есептеген. Өлеңдерінде өкіну жоқ.

Жырау өткен өмірді жырлағанда, туған ел, өскен жерге деген ыстық махаббатын жеткізген. Елі мен жері үшін өлген ердің арманы жоқ деп, отаншылдық рухты бөрінен биік қойған. Ал қонақжайлылықты ата-бабадан келе жатқан асыл дәстүр ретінде дәріптейді.

Оның «Қалаға қаблан жаулар тигей ме?» деген толғауы лирикалық кейіпкер атынан емес, жыраудың өзі нағыз қаһарман ретінде сипатталған.

Оған осы толғаудағы:

Достым менен дұспаным:

«Апырым, ер Доспамбет! – дегей ме?», –

деген сөздері куә.

Жыраудың осы толғауындағы ой дамыту ерекшелігі даралықтан жалпыға қарай өрбіген. Ол әуелі өзі туралы сипаттама береді, қалай жараланғанын айтады, сосын әйелі мен балаларын мінездейді, ең соңында, туған жерімен қоштасады. Осының бәрін көркем тілмен жеткізген.

Доспамбет жыраудың тағы бір ерекшелігі: оның толғауларында тарихи адамдардың аттары арнайы айтылады, оларға сипаттама береді. Өзі, әсіресе, Кетбұға мен Мамайдың есімдерін ерекше атайды. Сондай-ақ өзінің екі ұлы – Қосай мен Есақайды атайды. Жырау ұлдарына үлкен үміт артқан.

Оның шығармашылығындағы ерекшелік – көркемділігінде, ойларының қуатты болуында. Ол ойының қуатын арттыру үшін қайталауларды жиі қолданған. Бұл оның толғауларындағы көркемдікті танытады. Қайталаулар арқылы ойға қалдырады.

Доспамбет жырауды алғаш рет Мақаш Бекмұхамбетов 1908 жылы Қазан баспасынан «Жақсы үгіт» деген атаумен жариялаған жинағына қосқан.

¹ Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Атамұра, 2006, 43-б.



«ҚОҒАЛЫ КӨЛДЕР, ҚОМ СУЛАР» ТОЛҒАУЫ

Қоғалы көлдер, қом сулар,
Қоныстар қонған өкінбес,
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес.
Кілең бұздай кілшейтіп,
Көбелер киген өкінбес.
Жұпарын қардай боратып,
Арулар құшқан өкінбес.
Торы төбел ат мініп,
Той тойлаған өкінбес.
Құрама шапшақ көп қымыз
Құйып ішкен өкінбес.
Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе,
Бетегелі сары арқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес!



СӨЗДІК

Бұздай кілшейтіп – жалтыр мұздай деген мағынада айтылған.

Көбе – бүкіл денені жауып тұратын, батырлардың соғыста киген қорғаныш киімі.

Шапшақ – үлкендігі темір шелектей ағаш ыдыс. Шелектен аласалау, жуантық келеді. Оған айран, ашыған көже, қатық құяды.

Әдебиет теориясы

Жырау – суырыпсалма ақын, хан кеңесшісі, мемлекеттің саясатын жасауға ықпал етуші. саясаткер. Шайқастарға өзі де қатысып, қолбасшылық жасаған, қажет жағдайларда батырларды рухтандырушы. Ол көбіне толғау жанрында айтқан.

Толғау – алуан түрлі тақырыпта философиялық ойға, дидактика мен моральға, т.б. мәселелерге арналған лирикалық шығарма.

Гипербола (грекше hyperbole – үлкейтілген, қомақты) – күшейту деген мағынаны білдіреді. Қиял бейнелерін жасауға қатысатын әдістердің бірі. Гипербола деп нәрсенің жеке сипаттары, белгілері үлкейтіліп көрсетілуін айтады. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында:

*Жоғарғы ерні көк тіреп,
Төменгі ерні жер тіреп, –*



деген жолдарды оқығанда, жер мен көктің арасы түп-түгел ауызға айналып кеткендей сурет көз алдымызға келеді. Немесе осы жырдағы:

*Жауатын күндей күркіреп,
Тозаңынан адасты.
Жаңбырдай тері сіркіреп,
Аттың жолы қазылды.
Құбылып ойнап жер басты.
Ұмтылғанда қысылып,
Жалғаса ұшқан қоңыр қаз,
Бес жүз құлаш жазылды, –*

дегенде, ұлғайтулар аттың шабысын ақылға сыймайтын әлдебір қиял-ғажайып құбылысқа айналдырып, оқырманды елең еткізеді.

«АЙНАЛАЙЫН, АҚ ЖАЙЫҚ» ТОЛҒАУЫ

Айналайын, Ақ Жайық,
Ат салмай, өтер күн қайда,
Еңісі биік боз орда
Еңеке кірер күн қайда,
Қара бұлан терісін
Етік қылар күн қайда,
Күдеріден бау тағып,
Кіреуке киер күн қайда?!
Күмбір, күмбір кісінетіп
Күреңді мінер күн қайда?!
Толғамалы ақ балта
Толғап ұстар күн қайда?!
Алты құлаш ақ найза
Ұсынып шаншар күн қайда?!
Садақ толған сайгез оқ
Масағынан өткеріп,
Басын қолға жеткеріп,
Созып тартар күн қайда?!

Тірек сөздер



Туған жер
Орда
Шалғын

Кетбұғадай билерден
Кеңес сұрар күн қайда,
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынына бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп, ойнап,
Қымыз ішер күн қайда?!





СӨЗДІК

Бұлан – бұғы тектес ірі аң.

Еңеке – еміне кіру, яғни еркін кіру мағынасында айтылған.

Күдері – әбден иі қанып жұмсартылған тері.

Кіреуке – оқтан, найзадан қорғану үшін жорыққа киетін темір сауыт.

Масақ – 1) дақылдардың атызда жиналмай қалып қойған дәнді басы; 2) садақ оғының ұшы, үшкір жағы.

Сайгез оқ – сайгел – топ-тобымен ұшатын құс; сондықтан бұл жерде бірден көп оқтың атылуын айтқаны.

Адам аты:

Кетбұға (шамамен, 1150–1225) – қазақтың ұлы жыршысы, жырау, күйші, аңыз кейіпкері, күйші. Шыңғыс хан баласы Жошы өлгенде, оның өлімін кім естіртсе, соның көмейіне қорғасын құямын деген, сонда халық абдырап, Кетбұға жырауға келген. Кетбұға күй тарту арқылы қаралы хабарды жеткізген. Солайша халықты Шыңғыс ханның қаһарынан аман алып қалған.

Өзен аты:

Еділ – Еуропадағы ең үлкен өзен. Бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Ресейліктер оны Волга деп атайды.

Жайық – Каспий алабындағы өзен. Еліміздің Батыс Қазақстан облысының жерінен ағып, Атырау қаласының тұсында Каспий теңізіне құяды.

Әдебиет теориясы

Литота (гр. litotes – қарапайым, қораш) – заттың не құбылыстың қасиетін кішірейте суреттейтін көркемдік құрал. Батырлық жырларда, өтірік өлеңдерде литота жиі қолданылған. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында:

«От орнындай тұяқтан, оймақтайы қалыпты».

Литотаның мақсаты – тосын әсер туғызу. Мысалы, өтірік өлеңде **«Қайныма қарға мініп ұрын бардым»** деген бар.

Литота мен гиперболаның екеуінің айырмасы: әсірелеу (гипербола) бір құбылысты өте үлкейте суреттесе, литота бір құбылысты өте кішірейтіп суреттейді. Литота да, әсірелеу сияқты автордың не айтқысы келгеніне байланысты. Оқиға, жағдайға, суреттейін деген өмір құбылысына лайықты түрде таңдалып алынады.

Лирикалық кейіпкер – жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді.





1. Дұрыс жауаптарымен сәйкестендіріңдер.

1) Доспамбет жыраудың өмір сүрген кезеңі	А. Тарихи адамдардың аттары арнайы айтылады
2) Доспамбет жыраудың туған жері	В. Әскери шонжарлар отбасында
3) Доспамбет жырау қандай отбасында дүниеге келген?	С. Донның құйылысындағы Азов шаһары
4) Доспамбет жырау өлеңдерінің ерекшелігі	Д. XV ғасырдың соңы XVI ғасырдың алғашқы ширегі
5) Доспамбет жыраудың ұлдарының есімдері	Е. Қосай мен Есақай

1. _____ 2. _____ 3. _____ 4. _____ 5. _____

2. Автор бейнесін ашыңдар.



Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Жыраулар кім?		
Жыраулар поэзиясының негізгі жанры		
Доспамбет жырау туралы		
....		





1. Доспамбет жыраудың «Айналайын, Ақ Жайық» толғауын айтуына не себеп?
2. Ақ Жайықты атауына не себеп?
3. Толғаудағы соғыс құралдарының аталу себебі неде?
4. Доспамбет жырау туралы мәліметті мына кесте бойынша әңгімелеңдер.

Доспамбет кім?	Жырау
Өмір сүрген кезеңі	
Туып-өскен жері	
Қандай отбасында дүниеге келді?	
Аймәдет сөзі не мағына береді?	
Доспамбетті «Жорықшы жырау» деп атау себебі	
Жырау шығармаларының мазмұны	
«Қалаға қаблан жаулар тимей ме?» толғауындағы лирикалық кейіпкер кім?	
Жырларында кімдердің есімін ерекше атаған?	
Доспамбет жыраудың ұлдары кімдер?	
Доспамбет жыраудың шығармаларын алғаш рет жинаққа қосқан кім? Жыраудың толғаулары қай жинаққа енді?	

5. «Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауының негізгі идеясын табыңдар.
6. «Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауындағы теңеуді табыңдар.



1. Доспамбет жыраудың толғауларындағы көркемдік құралдарды анықтап, дәптерлеріңе олардың қолданылу ерекшелігін өз түсініктеріңмен жазыңдар.
2. Өлеңде кездесетін көркемдегіш құралдарды тауып, олардың қандай қызмет атқарып тұрғандығын анықтаңдар.





1. Доспамбет жыраудың сипаттауындағы Ақ Жайық пен қазіргі Ақ Жайық жерін тарихи жағынан салыстыра отырып, баға беріңдер. Оқыған екі мәтіндегі ортақ ойды анықтап, салыстыра отырып, Ақ Жайық жеріне сипаттама беріңдер.



1. «Жырға айналған Ақ Жайық» тақырыбына ойтолғау жазыңдар.
2. Ақ Жайық өзенінің суретін салыңдар.



1. Толғауда жыраудың көңіл күйін аңғартатын жолдар қайсы?
2. «Қазақтың жері – әр қазақтың туған мекені» тақырыбында талқылау жасаңдар.
3. Доспамбет жыраудың Ақ Жайық жерін жырға қосудағы негізгі идеясын анықтай отырып, өлең мәтінінен дәлелдер келтіріңдер.

теңеу

эпитет

метафора



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

«Айналайын, Ақ Жайық» толғауын оқығаннан кейін қандай әсерде болдыңдар? Туған жердің табиғатын насихаттау үшін өздерің қандай ұлес қосар едіңдер, нақты шаралар туралы жазыңдар?



ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

Доспамбет жырау орта ғасырда өмір сүрген. Оның туып-өскен жері – Донның құйылысындағы Азов шаһары. Ал қайтыс болған жері – Астрахан аймағы.

Сұрақ: Дондағы Ростов пен Астрахан қай елде орналасқан?
Картаның көмегін пайдалана аласыңдар.

Жауап нұсқалары:

- a) Біздің елде
- b) Ресей Федерациясы
- c) Кавказ
- d) Дағыстан



САҚЕТЕР ТИДІ САНЫМА

Доспамбет жырау «Сақетер тиді саныма» деп, жарақатты қалай алғанын өз толғауында жеткізген. Сақетер – денеге қатты тиетін босмойын шоқпар.

Сұрақ: сақетер бес қарудың қай түріне жатады?

Көмекші ақпарат: «Ер қаруы – бес қару» дейді. Бес қаруды былайша жіктейді: кесу, шабу, түйреу, соғу, ату. Сонымен сақетер осы бес түрлі қарудың қайсысына жатады?

Жауап нұсқалары:

- a) кесу
- b) шабу
- c) соғу
- d) түйреу



I бөлім БОЙЫНША
ТЕСТ

1. Ертегілер тақырыбы мен мазмұны жағынан қанша түрге бөлінеді?
 - а) екі
 - ә) үш
 - б) төрт
 - в) бес

2. «Аяз би» ертегінің қай түріне жатады?
 - а) қиял-ғажайып
 - ә) батырлық
 - б) новеллалық
 - в) күлдіргі ертегі

3. Әл-Фарабидің «Қашықтасың, туған ел» өлеңінің қандай ұйқас түрімен жазылғанын табыңдар.
 - а) кезекті ұйқас
 - ә) шалыс ұйқас
 - б) қара өлең ұйқасы
 - в) егіз ұйқас

4. Жаманға «Аяз би» деп ат қойып, хан сайлаған кім екенін табыңдар.
 - а) Ақша хан
 - ә) Зәрлі хан
 - б) Бес ханның елі
 - в) Мадан хан

5. Ханның арғы тегі наубай екенін Жаманның қайдан білгенін табыңдар.
 - а) Жал мен жая ұсынғанынан
 - ә) Ханның шешесінің айтуынан
 - б) Елден естігендіктен
 - в) Көже мен нан ұсынғанынан

6. Парсылар Афрасиаб деп атаған Тұран елінің көсемін табыңдар.
 - а) Саяуыш
 - ә) Ер Тұңға



- б) Шырақ батыр
- в) Барысхан

7. Орта ғасырлардағы қай кітаптарда Алып – Ер Тұңға туралы жазылған?

- а) «Диуани хикмет», «Құтты білік»
- ә) «Диуани лұғат ат-түрік», «Құтты білік»
- б) «Бес ғасыр жырлайды», «Алдаспан»
- в) «Жеті ғасыр жырлайды», «Қобыз сарыны»

8. Фольклорлық ертегі халық мұрасы деп айтуға бола ма?

- а) Жоқ. Өйткені оны бүгінгі күнге жеткізуші адам бар.
- ә) Иә. Өйткені оны ең алғашқы айтқан адамның кім екені ұмытылған. Әр ертекші өзі айтқан сайын оқиғалар қосып, дамытқан, сондықтан халық мұрасы деп есептеледі.
- б) Жоқ. Өйткені жеткізуші де автор болып саналады.
- в) Иә. Өйткені көп уақыт өткен.

9. «Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауында «арыстандай», «бұздай», жусандай», «судай» деген қолданыстар бар. Бұлар көркемдеуіш құралдың қай түрі екенін анықтаңдар.

- а) эпитет
- ә) метафора
- б) теңеу
- в) алмастыру

10. *Айналайын, Ақ Жайық,*

Ат салмай, өтер құн қайда?

Еңісі биік боз орда

Еңеке кірер құн қайда? Үзіндіде қолданылған көркемдік тәсілді табыңдар.

- а) Аллитерация
- ә) Ассонанс
- б) Метафора
- в) Теңеу





**АБАЙДЫ ОҚЫ,
ТАҢЫРҚА!**



Қанша ғасыр өтсе де, Абай Құнанбайұлының есімі әр қазақ үшін мақтаныш болып қала береді. Дәуірлер ауысқан сайын әр ұрпақ Абайды қайталап оқи беретін болады, өйткені оның әр сөзі маңызды.

Дана Абайдың сөздерін оқыған адам одан өзінің жанына рухани нәр табады, сабақ алады. Сын сөздерін оқу арқылы шындықты тауып айтқанына қайран қалатын болады. Сондықтан ұлы ақынның сөздеріне таң қалмау мүмкін емес.

Болашағын ойлаған халық Абайдың айтқан сөздерін есте сақтауы, айтқан ақылын санаға сіңіріп, толық адам деңгейіне жетуді мақсат етуі керек. «Абайды оқы, таңырқа!» бөлімі осы мақсатқа арналды.



XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ



Қазақ тарихында әр ғасырдың өз ерекшелігі бар. Уақыт алға жылжыған сайын қоғамда жаңа өзгерістер болып жатты. XIX ғасырдың бірінші жартысы Ресей империясының Қазақстан жерін отарлау әрекетінің шешуші кезеңі болды. Бұл ақын-жазушылар тарапынан ескерусіз қалған жоқ.

Сонымен бірге XIX ғасырда дана Абай Құнанбайұлы өмірге келді. Оның өлеңдерінің дені XIX ғасырда жазылды. Осы кезден қазақ мәдениетінде жаңа белес – жазба әдебиеттің дәуірі басталды.



Абай Құнанбайұлы
(1845–1904)

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ (1845–1904)

Абай Құнанбайұлының өмірі туралы. Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны, данышпаны, композиторы, ағартушысы. Ол 1845 жылы 10 тамызда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданында дүниеге келген. Ол әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашқан. Он жасқа толған соң, үш жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқыды. Бұл медреседе дін сабақтары, негізінен, араб, парсы тілдерінде жүргізілген. Осы тілдерді білгенінің арқасында Абай Құнанбайұлы шығыс ақын-

дарының ертегі, қиссаларын сол тілдерде оқи алатын болды. Шығыстың атақты ақындары Низами, Науаи, Сағди, Хафиз, т.б. шығармаларын ынтамен оқыды. Кейін Абай Семейдегі «Приходская школада» қосымша оқып, орысша сауатын ашқан. Бірақ оқуын бұдан ары қарай жалғастыра алмады. Өйткені әкесі Құнанбай оны өзінің қасына ертіп,

Тірек сөздер

Ақын
Данышпан
Халық
Жазба әдебиет




өкімшілік жұмысқа үйреткісі келді. Бірақ Абай өмір бойы өз қызығушылығымен көп оқыды.

Абай Құнанбайұлының еңбектері. Абайдың алғашқы өлеңі он жасында ауызша шыққан. Бұл 1855 жыл болатын. Ол өлең «Кім екен деп келіп ем түйе қуған...» деп аталады.

Абай Құнанбайұлының мұралары әдеби және музыкалық деп жіктеліп, әр сала бойынша зерттеледі. Әдеби мұраларының өзі бірнеше салаға бөлінеді. Оны өлеңдер, қарасөздер, аудармалар деп, жеке-жеке қарастыруға болады. Поэзиясының өзі өлеңдер және поэмалар деп, арнайы зерттеледі. Өйткені бұлардың өз ерекшеліктері бар. Ақынның «Ескендір», «Масғұт» поэмалары белгілі.

Ал «Өзімнің әңгімесі» атты поэмасы аяқталмаған. Бұл поэмалардың бәрінде де ғибратты оқиғалар жазылған. Шығармалардың сюжеттерін зерттей отырып, бірнеше маңызды жағдай анықталады. Оның бірі – Абай Құнанбайұлының әлем әдебиетін жақсы таныс болғанын айғақтайды. Оның поэмаларынан шығыс сюжеттерін табуға болады. Ол, сондай-ақ, орыс әдебиетінің ұлы ақындары Александр Пушкин, Михаил Лермонтов, неміс халқының ақыны Гетенің поэзиясын қазақ тіліне аударған. Абай Құнанбайұлы А.Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романын білген, алайда оны толық аударуға үлгермеді. Тек кейбір бөлімдерін ғана аударып үлгерген. Атап айтқанда, «Онегин сипаты», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», т.б. аударған.

Өмірдегі жағдайларды бейнелі тілмен жеткізу үшін мысал жанры маңызды. Абай ақын осыны жақсы түсініп, Иван Крыловтың «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен бүркіт», «Шегіртке мен құмырсқа», «Піл мен қанден», «Түлкі мен қарға», т.б. мысалдарын аударған. Осы мысалдарда аңдарды кейіпкер етіп алып, адамдар арасында кездесетін жат қылықтарды әсерлі сынаған. Дана Абай басқа елдің ақындарынан оқыған шығармаларды дәлме-дәл қайталамайды, оған өзінің авторлық идеяларын қосып, жаңа



Абай ұлдары
Ақылбай (сол жақта) және
Тұрағұлмен (оң жақта) бірге



туынды сапасында ұсынған. Оның жаңа туынды ұсынуы Абай Құнанбайұлының ақындық даралығын танытады.

Дана ақын туған халқының фольклорын терең білген. Ол Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы мақал-мәтелдердің қолданысынан, т.б. жағдайлардан анық байқалады. Осылайша ұлы ақынның азамат ретінде қалыптасуына және терең мағыналы шығармаларды жазуына осы үш бастау, қайнаркөз ықпал еткен.

Абай – қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаған ақын. Бұл – қазақ әдебиетінің тарихы үшін ерекше белес.

Абай Құнанбайұлының музыкалық мұралары да айрықша. «Айттым сөлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», т.б. өндері белгілі.

Оның барлық жазғандарындағы негізгі идея – халқымыздың білімді болуын ойлағаннан туған. Жастар тек жақсылыққа үйренсін, тәрбиелі болсын; жаман әдеттерден алыс болсын, жақсылыққа құштар болсын деген.

Абай Құнанбайұлының айналасында шәкірттері көп болған. Атап айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Кәкітай, өзінің ұлдары – Ақылбек, Мағауия, т.б. Ұлы ақын оларды халыққа қызмет етуге бағыттап отырған. Осылайша Абай өзінің шығармалары арқылы да, шәкірттерімен де халқына қызмет етті. Оның шығармалары – ұрпақтарға үлгі, өнеге көрсететін көркем мұра.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Низами (1141–1209) – әзербайжан ақыны. Шығармаларын парсы тілінде жазған. Абай Низамидің «Ескендір-нама» атты поэмасын оқыған, ол туралы жақсы білген.

Сағди (1203/10 ж.ш. — 1292) – парсы-тәжік әдебиетінің классигі. Абай оны өзіне ұстаз санаған.

Науаи (1441—1501) – түркі халқының ақыны, ойшылы, мемлекет қайраткері. Шығармаларын түркі және парсы тілдерінде жазған. Ақын адамзатты ынтымаққа, бірлікке, адал еңбек пен абзал қасиетке үндейді.

Хафиз (1306–1371) – парсының лирик ақыны. Өз шығармаларында адамды ардақтауға, сұлулықты бағалауға, болашаққа құрметпен қарауға үйретеді.

Иван Крылов (1769–1844) – орыс жазушысы, көрнекті мысалшы ақын. Абай Құнанбайұлы И.Крыловты өзі ғана біліп қойған жоқ, өз халқына да таныстырған. Оның мысалдары арқылы надандықты, зорлықшылардың әрекеттерін сынаған.



«МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН» ӨЛЕҢІ ТУРАЛЫ

Абай Құнанбайұлының бұл өлеңі 1889 жылы жазылған. Барлығы 5 шумақтан тұратын 6 тармақты өлең, көлемі – 30 жол. Бұл өлеңінде ұлы Абай ақын болудың оңай емес екенін айтқан.

Мұхтар Әуезов оның осы өлеңі туралы: «Тек бір өз басының ақындық жолындағы ізденуі ғана емес. Мұны ақындық жайында өзгеше мәні бар өлең деп ұғуымыз керек», – деген.

Абай өзінің қасындағы шәкірттерінің өлеңдерін оқығаннан кейін оларға жөн-жоба көрсету үшін осылай айтқан. Бірақ Абай Құнанбайұлының бұл өлеңі бүгінде ақын болғысы келетін адамдардың бәріне ортақ үлгі болды.

«МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН» ӨЛЕҢІ

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,
Көңілінің көзі ашық, сергегі үшін.

Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын, алдыңғы айтқанды ұқпай,
Және айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Сөз айттым Әзірет Әлі, айдаһарсыз,
Мұнда жоқ алтын иек, сарыала қаз.
Көрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.
Өсіре қызыл емес деп жиренбеңіз,
Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз.

Тірек сөздер



Жастар
Үлгі
Көңіл
Өнер



Батырдан барымташы туар даңғой,
Қызшыл да, қызықшыл да өуре жан ғой.
Арсыз, малсыз, ақылсыз, шаруасыз,
Елірмелі маскүнем байқалған ғой.
Бес-алты мисыз бәңгі күлсе мәз боп,
Қинамай қызыл тілді кел, тілді ал, қой!

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.
Сәнқой, даңғой, ойнасшы, керім-кербез,
Қанша қызық болады өзіңізге?



СӨЗДІК

Барымта – ел ішінде дау туып, кінәлі жақ құн төлей алмайтын кездер болған. Сондықтан билер соты олардың малын өрістен айдап алуға рұқсат беретін. Бірақ патшалық Ресей кезінде орынсыз шапқыншылық жасап, мал ұрлайтындар шықты, Абай Құнанбайұлы соларды сынаған.

Бәңгі – жынды, есалаң.

Адам аты:

Әзірет Әлі – Мұхаммед пайғамбардың күйеу баласы, ислам дініндегі әділ халифалардың төртіншісі.

Әдебиет теориясы

Арнау – белгілі бір адамның бейнесін, мінез-сипатын суреттеу мақсатымен жазылған поэзиялық туынды. Абай Құнанбайұлының «Оспанға», «Жайнаған туың жығылмай», «Кешегі Оспан ағасы», «Көкбайға» деген арнау өлеңдері бар.

Градация, дамыту (лат. gradatio – бірден-бірге күшейте беру) – алдыңғы сөзден соңғы сөздің, алдыңғы ой-пікірден кейінгі лебіздің, әдепкі құбылыстан екінші құбылыстың екпін қуатының күшейіп, өсіп отыруы.

Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңіндегі «Сергі, көңілім, сергі енді!», «Ұш, көңілім, көкке, кергі енді!», «Өрбі, сезім, өрбі енді!» деген шумақаралық жолдар дамытуға құрылған. Сондай-ақ ақынның отыз жетінші сөзінде: «Биік



мансап – биік жартас, ерінбей еңбектеп жылан да шығады, екпіндеп ұшып қыран да шығады...» немесе бесінші сөзіндегі «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпей, бойды шымырлатып, буынды құртып, көзден жас болып ағады, тілден сөз болып ағады» деген жолдары да дамыту әдісіне жатады.

Мұның жұртқа мәлім мынадай үлгілері бар:

«Шырағым Бурыл, шу!» – деді,
Құбылып Бурыл гүледі,
Табаны жерге тимеді,
Тау менен тасты өрледі,
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді.
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Арандай аузын ашады,

Аяғын топ-топ басады.
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл
Жын қаққанға ұсады,
Құлан менен құлжаның,
Ұзатпай алдын тосады,
Көл жағалай отырған,
Көкқұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша,
Белінен басып асады.
(«Қобыланды батыр» жырынан)

Прототип – түпбейне. Автор кейіпкерлерді ойдан, қиялдан ғана шығармайды, өздері әбден білетін адамның тағдырын негіз етіп алады. Автор ол адамның өмір жолын дәлме-дәл бермейді, белгілі деңгейде өз идеясына ыңғайлауы да мүмкін.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы жаңа сабақтан алған әсерлеріңді жазыңдар. Өздерің ұлы ақынның насихатын арттыру үшін қандай нақты шаралар ұйымдастырар едіңдер, сол туралы кеңірек жазыңдар.



«ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА» ӨЛЕҢІ ТУРАЛЫ

Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі 1886 жылы жазылған. Көлемі – 77 жол. Ұлы ақынның бұл өлеңінде ғылымды үйренетін жастар өзінің алдына қандай мақсат қоюы тиіс деген мәселе көтерілген.

«Ғылым таппай мақтанба,

Орын таппай баптанба» дегені – алған біліміңді, үйренген ғылымыңды жұмсайтын орын тап дегені. Ғылым болу үшін не нәрсені болса да, әуелі ойланып, көзің анық жеткен соң ғана шындықты айтудан тайынбау керек деп үйретеді.

Бұл өлеңде ол:

«Сөзіне қарап кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма», –

деген. Адамды сөзіне қарай, яғни ақылына, ойына қарай бағала дегенді айтқан. Сөз адамның қандай екенін танытады. Надандарға, теріс қылықты адамдарға оқыған, білімді ғана қарсы тұра алады. Сондықтан білімді адамды құрметтеу керек деген.

«ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА!» ӨЛЕҢІ

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,

Тірек сөздер



Талап
Еңбек
Терең ой
Қанағат
Рақым



Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз.
Жамандық көрсең нәфрәтлі –
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жақсылық көрсең гһбрәтлі –
Оны ойға жисаңыз.
Ғалым болмай немеңе,
Балалықты қисаңыз?
Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз,
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сәнсеңіз?
Дүние де өзі, мал да өзі,
Ғылымға көңіл берсеңіз.
Білгендердің сөзіне
Махаббатпен ерсеңіз.
Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз.
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса, мейлі, сол айтты –
Ақылменен жеңсеңіз.
Надандарға бой берме,
Шын сөзбенен өлсеңіз.
Аят, хадис емес қой,
Күпір болдың демес қой,
Қанша қарсы келсеңіз.
Көп орында көріне айтпа,
Біздің сөзге ерсеңіз.
Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл!

Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл,
Көсем де өткен не дүлдүл.
Сөз мәнісін білсеңіз,
Ақыл – мизан, өлшеу қыл.
Егер қисық көрінсе,
Мейлің таста, мейлің күл.
Егер түзу көрінсе,
Ойлап-ойлап, құлаққа іл.
Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі пұл.
Жақынның сөзі төтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме.
Сізге айтамын, қаупім – бұл.
Өзің үшін үйренсең,
Жамандықтан жиренсең –
Ашыларсың жылма-жыл.
Біреу үшін үйренсең,
Біреу білмес, сен білсең,
Білгеніңнің бәрі – тұл.
Сөзіне қарай кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.
Шын сөз қайсы біле алмай,
Өр нәрседен құр қалма.
Мұны жазған білген құл –
Ғұламаһи Дауани,
Солай депті ол шыншыл.
Сөзін оқы және ойла,
Тез үйреніп, тез жойма,
Жас уақытта көңіл – гүл.





СӨЗДІК

Ғибрәтлі – үлгілі.

Күпір – Құдайға иланбаушылық, иманы жоқтық; күпірлік – Құдайға, дін жолына қарсы іс, әрекет.

Мизан – таразы өлшеуіш.


Нәфрәтлі – жиіркенішті.

Ғұламани Дауани – ғалым, көп оқыған адам



Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Абай Құнанбайұлының отыз бірінші қарасөзді жазу себебі		
Қарасөз жазудағы мақсаты		

1. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі бес дұшпан және бес асыл істі атаңдар. Оларға өз түсініктерің бойынша сипаттама беріңдер.



Бес асыл іс бойынша
менің пікірім...

Бес дұшпан бойынша
менің пікірім...



2. Абайдың шығыс ақындарының шығармаларымен танысуына қай тілдерді білуі негіз болды?



1. Абай шығармаларын қай жанрларда жазды?
2. Абай қанша тіл білді деп ойлайсыңдар?
3. Ақынның екі өлеңін оқып шығып, лирикалық кейіпкер бар ма, жоқ па, соны анықтаңдар. Бар болса, ол кім?
4. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінен тірек сөздерді теріп жазыңдар.
5. Тірек сөздерді қатыстыра отырып, өлең құдіреті жайлы әңгімелеңдер.



1. Абай дүниеге келген жердің табиғатын бейнелейтін сурет салыңдар.
2. Абай Құнанбаев туралы қосымша материалдармен танысыңдар.
3. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен синоним, антоним сөздерді табыңдар.
4. Ақын өмірі туралы қосымша мәліметпен танысыңдар.
https://kk.wikipedia.org/wiki/Абай_Құнанбаев
5. Хрестоматиядан Абай Құнанбайұлының шығармаларын оқыңдар. Ақынның сөзқолданыстарына мән беріңдер.
6. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін мәнерлеп оқып, жаттаңдар.



Абай Құнанбайұлының өлеңдерін талдаңдар:

1. Буын _____
2. Бунақ _____
3. Тармақ _____
4. Шумақ _____
5. Ұйқас түрі _____
6. Өлеңде қолданылған көркемдегіш құралдар _____





1. Өлеңді оқи отырып, келесі кестені толтырыңдар.

Өлеңнің атауы	Адамның қасиеттері		Менің пікірім
	Жақсы	Жаман	

2. «Ғылым, білімнің адам баласына қандай пайдасы бар?» сұрағы төңірегінде ой толғаңдар.



1 «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» және «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдерінің маңызы туралы әдеби эссе жазыңдар.

2. «Абай үлгісі және қазіргі заман» атты тақырыпта сыни пікірталас ұйымдастырыңдар.

ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ

Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты – Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ.

...Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес. Көп нәрсені Абай сөз қылған, сол сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен.

Ахмет Байтұрсынұлы



АБАЙДЫҢ ҚАРАСӨЗДЕРІ

Әдебиетте шығармалар поэзиялық және прозалық деп бөлінетіні белгілі. Поэзия бойынша өлең, жыр, толғау, т.б. жанрлар танылған. Ал проза дегенді кейде қара сөз деп те атайды. Бірақ бұл прозалық шығармалардың маңызын төмендетпейді. Ең бастысы, шығарманың оқушыға айтатын ойы көркем сөзбен әсер етуі керек.

Ал осындай прозалық шығармалардан бөлек Абай Құнанбайұлының қарасөздері бар. Оның жалпы саны – қырық бес. Олардың көлемдері бірдей емес. Сондай-ақ бұл қарасөздер әңгіме, повесть не роман емес. Бұл қарасөздер – ұлы Абайдың өзі тапқан көркем прозаның ерекше түрі. Оларда айтылатын әңгімелерде сюжет жоқ, бірақ көркем ойды ұлылықпен жеткізе білген. Бұлардың бәрін Абай Құнанбайұлы өз халқымен оңаша сөйлесіп отырғандай, сырласқандай етіп жазған. Ол халқының болашағы жарқын болсын деген оймен кемшіліктерді жою керектігін айтып, орынды сынаған. Ол елдегі қиындықтың бәрі надандықтан болатынын айтып, оны жеңудің жолдарын атап көрсеткен. Дана бабамыз айтқан кемшіліктер бұрынғы заманда болған, ал бүгінде біздің мемлекетіміз дамыған елдердің қатарында.

Абай Құнанбайұлының қарасөздері бізге Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жетті. Ол қолжазбалар 1890–1898 жылдары жазылған.

Ғұлама Абайдың бірінші қарасөзі басқа қарасөздерді жазуға кіріспе ретінде жазылған. Бірінші сөздің бастамасында ол: «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік» деп бастаған. Осылайша біраз жасқа келген адам ретінде өз-өзіне есеп беріп, халқына айтар ақылын қалай жеткізуді ойлаған.

Дана бабамыздың әр қарасөзінің маңызы зор. Өйткені бұл қарасөздерде адамның бүкіл өмірін айқындауға көмектесетін ойлар жазылған. Мәселен, оның жетінші қарасөзінде «Адамның хайуаннан артықшылығы – оның саналы болуында» деп жазылған. «Адам саналы болғандықтан, оның айналаны тануға деген құлшынысы ерекше көрінеді» деген. Бұл сөздер әр адам үшін маңызды. Адам жасы өскен сайын көп оқып, жақсы нәрселерді көбірек үйренуге ниет қоюы керек. Сонда ғана білімді, парасатты азамат бола алады. Сонда ғана ол қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасады. Сондықтан халқымыз оны ойшыл ұстаз ретінде бағалайды.



Әдебиет теориясы

Қарасөздер – Абай Құнанбайұлының сыншылдық, ойшылдық және көбіне адамгершілік мәселелеріне арналған өсиет сөздері жазылған прозалық шығармасы.

Абайдың қарасөзінің өзгешелігі бар, ол нақыл әңгіме түрінде алынған. Сюжеті, кейіпкері жоқ, түрлі өмір құбылыстары мен қоғамдық мәселелер жайлы ойтолғау ретінде келеді.

Қазақ тілінде қара шаңырақ деген сөз қасиетті, яғни осы тұрғыдан алғанда, қарасөз – сөздің үлкені, маңыздысы болып есептеледі. Абай Құнанбайұлының қарасөздері – дана сөздер, ақыл сөздер болып бағаланады.

Тарихи – тарихқа байланысты дегенді білдіреді; **тарихи мүлік** – тарих үшін, қоғам үшін маңызды зат.

Псевдоним – жалған ат деген сөз. Кейбір ақын-жазушылар шығармаларын жариялағанда, өз аты-жөнін жазбай, ойдан шығарған басқа атты жазады. Өздері таңдаған ат олардың шығармашылық жолына сәттілік әкеледі деп ойлайды. Кейбірі туған жерін жазады, бұл олардың өздерінің туып-өскен жеріне деген құрметі ретінде қабылданады.



Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Абай Құнанбайұлының қарасөздері туралы		
Қара деген сөздің екі түрлі мәнде қолданылуы		
Мүрсейіт Бікеұлы кім?		

БІРІНШІ СӨЗ

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық – өурешілікті көре-көре келдік. Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бөрі қоршылық екенін білдік. Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай, өзім де қайранмын.



Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді Құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда, қызығын өзің түгел көре алмайтұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған азғана өмірімді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күнсінде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік.

Соғылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күніңде бір тыныштық жоқ, осы елге, осы жерде не қылған соғылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай қаракетке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қарасияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры, осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

Тірек сөздер



Жастар

Ел

Ой

Жазу



Тыңдау CD 2-1.

Бірінші сөз (1890).

YouTube.kz

сайтынан алынған



СӨЗДІК

Кездеме – мата.

Кез – ұзындық өлшемі; бұл арада матаны өлшеуді айтқаны.

Сопылық – ислам дініне берілген құдайшыл адам.





Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Абай Құнанбайұлының қарасөздері туралы		
Қарасөз жазудағы мақсаты		



Абай Құнанбайұлының қарасөздері қалай жазылды, оның мақсаты қандай?



Өздерің елімізге қандай пайдалы іс жасар едіңдер? Іні-қарындастарыңа қандай ақыл айтар едіңдер? Осы сұрақтар туралы ойланып, пікірлесу ұйымдастырыңдар.



Абайдың бірінші қарасөзін оқығаннан кейін дана адамның бейнесін танытатын сөздер мен іс-әрекеттерді мәтін бойынша саралаңдар.



Бірінші қарасөзді жазған адамның образын көз алдарыңа елестетіп көріңдер. Оның бет-бейнесі, түр-тұлғасы, отырысы, т.б. қандай белгілер бойынша сомдар едіңдер?



Ұлы ақынның қарасөздерінің маңызы қандай?

ЖЕТІНШІ СӨЗ

Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – төннің құмары, бұлар болмаса, төн





Тыңдау CD 2-2.
Жетінші сөз (1891).
You Tube.kz
сайтынан алынған

жанға қонақ үй бола алмайды. Пәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе, соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына

ұмтылып, онан ержетіңкірегенде, ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да, тұра жүгіріп, «Ол немене?» «бұл немене?» деп, «Ол неге үйтеді?», «Бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса, денелеп білмесе, адамдықпен орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, хайуан жаны болады. Өзелде Құдай Тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, ми толмаған ессіз бала күндегі «Бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым тапқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билетпедік. Жанды төнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сенбедік. Көзбен көрген нәрсенің де сыртын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Ой, Тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса, ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күретамырымызды адырайтып кетеміз.





СӨЗДІК

Ұзақтай шулау: ұзақ – қарға тұқымдас, денесі кішілеу келген жыл құсы; ұзақтай шулау – у-шу болу.



Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Абай Құнанбайұлының жетінші қарасөзде атаған құмарлықтың түрлері		
Осы қарасөзді жазудағы мақсаты		



Өздерің адамның хайуаннан артықшылығы неде деп ойлайсыңдар?



Кейде үлкен кісілер балалар туралы «Өзі адам болып келе жатыр» деп айтады, мұны сендер қалай түсінесіңдер? Осы туралы сыныпта ой бөлісіңдер.



Абай Құнанбайұлының бұл сөзінде сыншылдық бар ма? Мұғалімнің көмегімен сыншылдық туралы әңгімелеңдер.



«Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан неміз артық? Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күретамырымызды адырайтып кетеміз».

Бұл сөздерді бүгінгі заманда өмір сүріп жатқан жастарға ақыл ретінде айтуға бола ма? Қалай ойлайсыңдар? Өз ойларыңды әдеби эссе түрінде жазыңдар.





Абай Құнанбайұлының даналығы туралы ой бөлісіңдер.

ОТЫЗ БІРІНШІ СӨЗ

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші – ой кеселі нәрселерден қашық болу керек. Егер кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.



СӨЗДІК

Кез болу – бір жағдайға кездесіп қалу, тап келу.

Ғибратлану – үлгі мағынасында айтқаны.



Тыңдау CD 2-3.

Отыз бірінші сөз (1895).

YouTube.kz

сайтынан алынған



Естіген нәрсені ұмытпау үшін не істеу керек?



Ақыл мен ғылымды тоздыратын төрт нәрсені атаңдар және оларға түсініктеме беріңдер.

Ақыл мен ғылымды тоздыратын төрт нәрсе

Two empty rounded rectangular boxes for writing answers, connected by a vertical line to the text above.

Ақыл мен ғылымды тоздыратын төрт нәрсе бойынша менің көзқарасым...

Two empty rounded rectangular boxes for writing answers, connected by a vertical line to the text above.





«Өзгеге емес, өзіме осыны айтар ем...» деген тақырыпта шағын ойтолғау жазыңдар.



1. Абай Құнанбайұлының отыз бірінші қарасөзді жазудағы мақсаты не? Ол өзінің ойын қалай жеткізген? Осы туралы талдау жасаңдар.



1. Абай Құнанбайұлының қарасөздеріндегі ерекшелік неде? Кемшіліктерді айта отырып, оларды жеңудің жолдарын қалай көрсеткен?



1. «Абай Құнанбайұлының мәңгілік ғибраты» деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.

КЕЙІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Сыныпта «Егер мен ұлы ақын Абай Құнанбайұлымен кездесем» деп бастап, өздеріңді толғандыратын сұрақтарды ортаға салыңдар. Мұғалімнің көмегі арқылы ол сұрақтардың қойылу реті және оның шешімі қалай болуы керек деген тұрғыда талқылау жасаңдар.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Мұхтар Омарханұлы Әуезов – Абай мұрасын зерттеуді алғаш қолға алып, абайтану деген үлкен саланың негізін қалаған. Ол ұлы ақынның өмір жолын, шығармашылығын терең зерттеген. «Абай жолы» атты төрт том кітап жазып, Абай Құнанбайұлының есімін бүкіл әлемге танытты.

Кәкітай Ысқақұлы Құнанбаев – Абай мұраларын тұңғыш бастырушы. Ол – Абайдың інісі Ысқақтың баласы.

Абайтану – ұлы ақын мұрасын жан-жақты, терең зерттеуді мақсат ететін қазақ ғылымының бір саласы.



АБАЙ ӘЛЕМІ

АБАЙ МЕН ГЕТЕ

Қазақ пен неміс халықтарының ұлы ақындары Абай Құнанбайұлы мен Иоганн Вольфганг Гете әлем әдебиетіне зор үлес қосқан. Абай Құнанбайұлы Гетенің «Жолаушының түнгі жыры» деген өлеңін аударып, оған «Қараңғы түнде тау қалғып» деп тақырып қойған. Гететанушылардың айтуынша, осы өлеңді неміс ақыны Тюрингия қыраттарына қарап тұрып, есікке жазыпты.

Жазушы Қалмақан Исабаевтың белсенді қызметінің арқасында Абайдың «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңі қашалған мәрмәр тақта 1979 жылы 22 шілдеде Қазақстаннан Габельбах музейіне жеткізілді. Ол салтанатты жағдайда Гете өлеңін жазған есіктің жанына орнатылды.

Сұрақ: Гете өлеңдері жазылған есіктер қалай бағаланады?

Ескерту: жауапты анықтауда мұғалім көмегі қажет болуы мүмкін.

Жауап нұсқалары:

- a) ол есік Гетенің өз жеке заты, меншігі
- b) әлем мәдениетіндегі тарихи мүлік
- c) Шимайланып қалған, сондықтан енді маңызы жоқ нәрсе
- d) Екі есік те әлем мәдениетіндегі тарихи маңызды мүлік

АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы тек қана өлең жазған жоқ. Оның поэмалары да бар. Соның бірі – «Ескендір». Ескендір кім? Ол – ежелгі Македонияның патшасы Александр Македонский. Әкесінің аты – Филипп. Ал Македонский деген сөз оның Македонияда туғанын білдіреді. Бұрынғы заманда адамның тегін (фамилиясын) білдіру үшін оның туған жері аталатын.

Сұрақ: Македонский деген атау Александрдың псевдонимі (лақап аты) бола ала ма?

Жауап нұсқалары:

- a) Бола алады
- b) Бола алмайды, өйткені бұл бұрынғы замандағы дәстүр
- c) Псевдоним болу мүмкіндігі бар
- d) Жауап беру қиын



II бөлім БОЙЫНША ТЕСТ

1. Абай Құнанбайұлы қай ғасырда өмір сүрді?
 - а) XVIII ғасырда
 - ә) XIX ғасырдың бірінші ширегінде
 - б) XX ғасырда
 - в) XIX ғасырдың екінші жартысында
2. Абай Құнанбайұлының өмір сүрген жылдарын анықтаңдар.
 - а) 1845–1905
 - ә) 1844–1904
 - б) 1845–1904
 - в) 1840–1904
3. Абай Құнанбайұлының он жасында ауызша шығарған өлеңі қалай аталады?
 - а) «Ғылым таппай мақтанба»
 - ә) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»
 - б) «Кім екен деп келіп ем түйе қуған»
 - в) «Жаз»
4. Абай Құнанбайұлының қарасөздері кімнің қолжазбалары арқылы жетті?
 - а) Ақынның өз қолжазбалары арқылы
 - ә) Мүрсейіт Бікеұлы
 - б) Мұхтар Әуезов
 - в) Қайым Мұқаметханов
5. Абай Құнанбайұлының қанша қарасөзі белгілі?
 - а) 40
 - ә) 46
 - б) 45
 - в) 44
6. Абай Құнанбайұлының қарасөздері қай жанрға жатады?
 - а) поэзия



- ә) хат
- б) проза
- в) эссе

7. Абай Құнанбайұлының ұлдарын атаңдар.

- а) Кәкітай, Мүрсейіт
- ә) Шәкәрім, Оспан
- б) Ақылбек, Мағауия
- в) Мұхтар Әуезов

8. Абай Құнанбайұлының алғашқы сауатын ашқан кім?

- а) Ахмет Риза медресесі
- ә) Ғабитхан молда
- б) «Приходская школа»
- в) Алматыдағы мұғалім

9. Абайдың поэмасын табыңдар.

- а) «Масғұт»
- ә) «Ғылым таппай мақтанба»
- б) «Көзімнің қарасы»
- в) «Алып Ер Тұңға»

10. А.Құнанбайұлының білімнің маңызын насихаттаған өлеңін табыңдар.

- а) «Айттым сәлем, Қаламқас»
- ә) «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»
- б) «Ғылым таппай мақтанба»
- в) «Ескендір»

11. Төменде ұсынылған үзінді қай шығармада айтылған?

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.*

- а) «Жасымда ғылым бар деп ескермедім»
- ә) «Алып Ер Тұңға жыры»
- б) «Ғылым таппай мақтанба»
- в) «Даналық кітабы»





МЕН – БАЛАҢ, ЖАРЫҚ КҮНДЕ СӘУЛЕ ҚУҒАН

«Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған» деген бейнелі сөз Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шығамын тірі болсам адам болып» деген өлеңінде жазылған. Ақынның бұл өлеңі биік мақсат қоя білген өр мінезді танытады. Бірақ бұл тек бір адамның арманы, мақсаты деуге болмайды. Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» өңгімесінде балалардың майдандағы әкелері мен бауырларына хабарласу үшін хат жазуды үйренуге деген ынтықтығы қандай?! Олар соғыс салған ауыртпалықтарға қарамай, қиналған сәттерде көңілдерін ертегімен жұбататын. Бір-біріне демеу бола білген.

Ал Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» атты өңгімесіндегі Тортай ше?! Соғыс болмағанда, жетімдіктің қиындығын көрмегенде, ол арманына жетер еді. Бірақ ол жетпеген арманға досы жетті. Ол досы қазақтың көрнекті жазушысы атанды. Қалмақан Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» хикаяты қазақтың даңқын әлемге паш еткен балуанның өмірін суреттеген. Сондықтан «Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған» деген атаумен ұсынылған шығармалар жастардың ақ сәулелі армандарын бейнелеген.



XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТИ



Сұлтанмахмұт
Торайғыров
(1893–1920)

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ (1893–1920)

Сұлтанмахмұт Торайғыров – небәрі 27 жыл өмір сүрген, бірақ қазақ әдебиетінде өшпес із қалдырған ақын. Ол 1893 жылы 29 қазанда қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданында дүниеге келген. Анасынан ерте жетім қалған. Әуелі нағашы әжесі бағып, кейін әкесінің туған жері – Павлодар облысының Баянауыл ауданына көшіп, балалық шағы сонда өткен.

Әкесі Шоқпыт кедей адам болған. Ол кісінің шын аты – Әбубәкір, ол тура мінезді, көңілі сергек адам болатын. Сұлтанмахмұттың ауыл молдасы-

нан білім алып, одан кейін де білімін үзбеуіне мүмкіндік жасады. Сұлтанмахмұт әуелі туысы Тортайдан оқыған. Сосын өлең жазуды ұнататын Мұқан молда мен ғылымнан хабары бар Нұрғали молдадан білім алған. Он үш жасында Мұқан молдада оқып жүрген кезінен Сұлтанмахмұт Торайғыров өлең жаза бастаған. Ал Нұрғали молда арқылы ол тарих, географиямен танысқан. Газет-журнал оқып, жаңалықтарды біліп отыратын деңгейге жеткен. Оның жастық шағында елімізде тарихи күрделі оқиғалар болып, ескі мен жаңа, білім алу мәселесі алға шыққан. Нәтижесінде ел ішіндегі оқу жайын сөз еткен «Зарландым», «Дін», «Сарыбас», «Соқыр сопы» өлеңдері жазылды. Өмірге құштарлығы артып, ол енді үлкен қалаларға барып, білім алғысы келді. Сөйтіп, 1912 жылы Троицк қаласына келіп, медресеге түскен. Бірақ көзі ауырып, оның үстіне жөтел қосылып, ақыры оқудан шығады. Сол маңдағы ауылда бала оқытады. Осы кезде



«Анау-мынау», «Оқудағы мақсат не?», «Шәкірт ойы» деген өлеңдерін жазды. Бұл өлеңдегі:

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам? –

деген сөздерінен оның алдағы өміріне қойған мақсаттары үлкен екені танылады.

1913 жылы Троицк қаласына қайтып келіп, «Айқап» журналының редакциясында біраз уақыт жұмыс істейді. Осы уақытта «Қамар сұлу» романын, көптеген өлеңі мен мақаласын жазды.

Оқуын жалғастыру үшін ауылға барып, қаражат жинау керек, ол үшін бала оқыту керек болды. Осы оймен ол ауылына келіп, «Шоң серіктігі» атты ұйым ашпақшы болады. «Бір адамға» деген өлеңі осы кезде жазылды. Оның шығу тарихы былай: «Шоң серіктігі» ұйымын ашуға көмек сұрап, Сұлтанмахмұт Торайғыров Сәдуақас деген байға барған. Ол елдегі білім саласына көмектесу орнына үйіндегі жиһаздарын, байлығын көрсетіп, мақтанған. Бірақ Сәдуақас та, ол сияқты байлар да Сұлтанмахмұтқа көмектеспейді. Осы жағдайға байланысты ақын оларды сынап, «Бір адамға» атты өлеңін шығарған.

Кейін, 1914 жылдың күзінде ол оқу іздеп, Семейге келген. Бірақ жиған қаражаты жетпей, Қатонқарағай жағына бала оқытуға кетеді. Бұл жақта жүргенінде, «Кім жазықты» деген роман жазды. Оның алдында «Қамар сұлу» (1913) романы жазылған болатын.

1916 жылдың күзінен 1917 жылдың көктеміне дейін Томскіде оқуда болған. Мұнда да ақшаның жетіспеушілігі, денсаулығының нашарлығы – қиындық тудырады. Алайда ол: «...тұрмыс қандай жүк салса да, көтерем. Бірақ көңілім оқуда болмақ»¹, – деп жазған бір хатында.

Бұдан кейін ақын 1917–18 жылдары Семейге келіп, қазақ комитетінде қызмет еткен. «Сарыарқа» газеті мен «Абай» журналында өлең, мақалаларын жариялады. Ол бұл кезде алашордашыларға тілектестігін білдірді. Осы кезде, яғни 1917 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыров Семейге келген Әлихан Бөкейхановты қарсы алған. Бұл кездесу оған үлкен ой салды, хал-

¹ Торайғыров С. Шығармалары. – Алматы, 1967, Т.2, 212-б.



қы үшін қызмет етуді алдына мақсат етіп қойды. Оның «Алаш ұраны» атты өлеңінің жазылуына басты ықпал осы болған. Бұл өлеңде ол:

Алаш туы астында
Біз – алаштың баласы.
Күніміз туып, көгерді,
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған,
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы, –

деп жырлаған. Бұдан кейін Сұлтанмахмұт Торайғыров «Таныстыруды» жазған. Бұл туындының аты өзі айтып тұрғандай, Алашорда үкіметінің белгілі қайраткерлерін таныстыруды мақсат еткен. Ол өлеңнің мазмұнын арттыру үшін қара қазақ пен оқыған адамның диалогі арқылы жеткізгісі келген. Мұнда қара қазақ дегені – ауылдағы адамдар, олар ел басына түскен қиын шақтарда кімдерге арқа сүйеп, кімдерге сенуі керек деген сауал қояды, оған оқыған қазақ жауап береді. Оқыған қазақ деп бұл өлеңде ұлт көсемдері – Әлихан Бөкейхановты, Ахмет Байтұрсыновты, Міржақып Дулатовты таныстырған. Осы «Таныстыруда» жас ақын:

Абайды биік дейік, бұлтқа жетті,
Аз ілімі жетуіне жәрдем етті.
Алты алашқа атағы айқындалып,
Сүйікті, тағзым мінді, суретті, –

деп, ұлы Абай Құнанбайұлын бағалай білді.

1920 жылы 21 мамырда жиырма жеті жасында Сұлтанмахмұт Торайғыров науқастанып, қайтыс болды.

Ғұмыры қысқа болса да, ол қазақ әдебиеті үшін үлкен еңбек сіңірді. Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық бағыттағы ойларына өз үлесін қосты. Ұлы ақындардың өлеңдеріне үн қосып, жастарды оқу-білімге шақырды. Оның «Оқып жүрген жастарға», «Тәліптерге»,



«Оқудағы мақсат не?», «Анау-мынау», «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» деген өлеңдері осы мақсатқа арналған.

«Сұлтанмахмұттан қалған мұра біздің ұлттық әдебиетіміздің жаңа кезеңінің – ХХ ғасырдың басындағы дәуірдің шындығын, қоғамдық ой-пікірдің дамуын түсінуіміз үшін аса маңызды»¹, – деп жазған академик Серік Қирабаев.

Расында да, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары еш уақытта маңызын жоймайды. Өйткені ол халқының білімді болуын қалады.



СӨЗДІК

«Айқап» – 1911–1915 жылдар аралығында Троицк қаласында шығып тұрған журнал. Оның 89 саны жарық көрді. Журнал қала салып, отырықшыландыру; мектеп ашып, оқу-ағарту ісін жолға қою, т.б. мәселелер туралы жазды.

Троицк – Ресей Федерациясындағы қала. ХІХ ғасырдан бастап Троицк қаласы қазақтардың мәдени өмірінде елеулі рөл атқара бастады. Мұнда татар зиялыларының атсалысуымен «Расулия», «Уазифа» атты медреселер ашылды.

«ШЫҒАМЫН ТІРІ БОЛСАМ АДАМ БОЛЫП» ӨЛЕҢІ

Шығамын тірі болсам адам болып,
Жүрмеймін бұл жиһанда жаман болып.
Жатқаным көрде тыныш жақсы емес пе,
Жүргенше өмір сүріп надан болып.

Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған,
Алуға күнді барып белді буған.
Жұлдыз болып көрмеймін елдің бетін,
Болмасам толған айдай балқып туған.

Бұл сөзім асып айтқан асылық емес,
Ойында оты барлар асылық демес.
Тебем деп тірі болсам надандықты,
Серт етіп өз-өзіме еткем егес.

¹ Қирабаев С. Ақын тағдыры / Торайғыров С. Романдар, поэмалар, өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2002. 19-б.



«ШӘКІРТ ОЙЫ» ӨЛЕҢІ

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып, Күн болам!
Қараңғылықтың кегіне
Күн болмағанда, кім болам?

Мұздаған елдің жүрегін
Жылытуға мен кірермін.

Еңбек, бейнет тарауы
Рақатқа сарқылар.
Қыздырып күннің қарауы,
Надандық теңізі тартылар.

Орны отайып, көгерер,
Қызығын жайлап ел көрер.

Тұрмыс, тағдыр бірі де
Бұл мақсұттан бұра алмас.
Қаһарман Рүстем, Әли де
Бұрам деп жолда тұра алмас...

Әдебиет теориясы

Троп (гр. *tropos* – сөз қолданысы, құбылту) – атаудың немесе мағынаның ауыспалы түрде қолданылу тәсілі. Көркемдік әдістер (метафора, метонимия, т.б.) осы троптың түрлері болып танылады.

Троп меңзеу, теңеу, ауыстыру, бейнелеу, алмастыру, кейіптеу, бернелеу, әсірелеу, арнау, қайталау, шендестіру, дамыту, т.т. түрлерге бөлінеді.



1. Сұлтанмахмұт Торайғыров туралы өз білетіндеріңді ортаға салыңдар.
2. Ақынның еңбек жолы қай жерден басталды?
3. Ақынның шығармашылығы туралы не білесіңдер?
4. «Шәкірт ойы» өлеңінің негізгі идеясын анықтаңдар?





1. Ақынның «Шәкірт ойы» өлеңінің өз өмірімен байланысы қандай?
2. Ақын өлеңінің «Шәкірт ойы» деп аталу себебі неде?



1. Өлеңді жаттап алыңдар.
2. Ақын өмірі туралы қосымша мәліметпен танысыңдар. [https://yandex.kz/yandsearch?text=Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірбаяны](https://yandex.kz/yandsearch?text=Сұлтанмахмұт+Торайғыров+өмірбаяны).
3. Ақынның қысқа ғана ғұмырында артына қалдырған мол мұрасы туралы өз ойларыңды ортаға салыңдар.
4. Хрестоматиядан ақынның өлеңдерін оқыңдар.



1. Ақын өлеңінде қандай идеяны ұстанады?
2. Жүсіпбек Аймауытовтың ақын туралы мына пікірін талқылаңдар. Екі ақынның тағдырындағы ұқсастықтарды анықтаңдар. «Сұлтанмахмұт жас ақындардың ішіндегі бір күшті ақын еді. Өнер-білім сәулесін аңсап, құлаш ұрып, кедейлік, жоқшылық зарын шегіп, жауыз тұрмыспен жанталасып, алысып, жеңе алмай, мерт болды. Тірі жүрсе, өзі айтқандай, қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, Күн болғандай, от-жалындай зулаған болат қайрат, құрыш жігердің, кекті жүректің ақыны еді».



1. «Сұлтанмахмұт – өршіл ақын» тақырыбына эссе жазыңдар.



1. Несіпбек Айтұлының: «Қазақ поэзиясының биігіне өрмелеп шыққан ақын ол – Сұлтанмахмұт Торайғыров. Абайдан кейінгі ұлы ақындардың бірі деуге әбден болады. Ұлт үшін күрескен адам» деген пікірі туралы не айтар едіңдер?



САЙЫН МҰРАТБЕКОВ (1936–2007)



Сайын Мұратбеков
(1936–2007)

Сайын Мұратбеков – қазақ әдебиетінде елеулі туындыларды мұраға қалдырған көрнекті жазушы.

Ол 1936 жылы 15 қазанда Алматы облысы Қапал (қазіргі Ақсу) ауданына қарасты Қоңыр деген ауылда дүниеге келген.

Жазушының «Менің қарындасым» деп аталған алғашқы жинағы 1961 жылы жарық көрді. Осыдан кейін «Ауыл оты» (1964), «Көкорай» (1967), «Жабайы алма» (1972), «Дос іздеп жүрмін» (1973), «Қалың қар» (1989), «Өліара» (1995) атты кітаптары жарық көрді.

Оның шығармаларында соғыстан кейінгі адамдар тағдыры суреттелген. «Жеңеше» әңгімесінде күйеуі майданда өлгені туралы «қара қағаз» алса да, оған сенбей, жолдасын күткен Қамар туралы жазған. Ал «Жусан иісі» повесінде Аян есімді баланың тағдыры баяндалған.

Сайын Мұратбеков көбіне әңгіме жанрында жазған. Сөзден образдар жасаудың шебері.

1998 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, 2006 жылы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды.

«ЖУСАН ИІСІ» ПОВЕСІ ТУРАЛЫ

«Жусан иісі» повесінің бас кейіпкері – Аян. Ол – жетім бала, өзінің аяғының кемдігі бар, тағдыры ауыр. Повесте соғысқа қатысып, жарымжан болып келген Тұржан деген де кейіпкер бар. Бірақ Тұржанның жарасынан гөрі Аяның жанына түскен жара ауыр. Өйткені оның әкесі соғысқа кетіп, оралмады, кейін әжесінен де айырылып, тұлдыр жетім болып қалды. Ол әкесінен қалған қара пальтоны көңіліне демеу тұтады. «Әкемнің киімінен жусанның иісі шығады, мен әкеме тартқанмын, менің де үстімнен жусан иісі шығады» деп, өз-өзін сендіріп қойған.

Повестің басында жазушы: «Қу соғыстың бесіктен беліміз шықпай жатқанда-ақ, біздің жүрегімізге салған жарасы қаншама еді? Сол жараның тыртығы, өмір бойы удай сыздап, жанға батып өтер-ау. Еш уақыт ұмытылмас», – деп жазған. Соғыс кезіндегі қиындық бәрінің де басына түсті. Дегенмен, Аяның басына барлық ауыртпалық түскен. Бірақ Аян әңгімешіл,



ертегішіл бала. Балаларға ертегі айтып беру арқылы өзін жұбатады. Ол әжесі өлгенде де, әкесінен қара қағаз келгенде де, жыламай, өзін ертегі айтумен алдандырады. Оны осындай төзімділікке үйреткен – уақыт, тағдыр. Ал ол уақыт – соғыс уақыты еді.

«Жусан иісі» әңгімесіндегі Аянның прототипі – Науқан Керімов. Ол бүгінде Алматы облысы Ескелді ауданы Ақын Сара ауылында тұрады.

ЖУСАН ИІСІ

1

Алыста қалған балалық шағым... Ойымнан жарғақ сары тоны қаудырлаған, тобығы тайған сол аяғын сүйрете жүгіретін, шілбиген арық ақсақ қара бала бір кетпейді. Көзімді сәл жұмсам-ақ шуылдаған балалардың ең соңында сол аяғын жер сыпырғандай көлденең сүйретіп, ес қалмай далбақтай жүгіріп келе жатқан Аянды көргендей болам. Сондайда оның алқына шыққан әлсіз, жіңішке дауыспен: «Ей, тоқтаңдаршы, мен сендерге бүгін кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деген жалынышты үнін естимін.

Әуелде біз, балалар, оның ертегі айтатынын білгіміз жоқ. Ол әжесі екеуі біздің ауылға қырық екінші жылдың жазында көшіп келген. Мал дегеннен, тек бұзаулы қоңыр сиыры бар еді. Аянның әкесі майданға аттанып, туған анасы содан екі ай бұрын қайтыс болыпты. Біздің ауылда әжесінің жамағайын төркіндері бар екен, соларды сағалап келсе керек.

...Біз, балалар, көшеде екіге жарылып ап, қағазға топырақ орап, бұрқылдата лақтырып, атысып ойнап жүргенбіз. Ары өтіп, бері өткен кемпіршал: «Желкең қиылғырлар-ай, соғыс аздай, бұл атысып ойнады дегенді қайдан шығарды осылар, басқа ойын аз ба-ей!..» – деп ұрсып-ұрсып қуып тастайды. Бірақ олар кетісімен қайта жиналамыз. Қайта атысамыз. Желсіз тымырсық күнде бұрқылдаған майтопырақ тұманша қалқып, шаңытып тұрып алады. Жуық арада сейіле қоймайды. Соның арасында тұншыға жүріп, көзіміз ғана жылтырап, бір-бірімізге «Уралап» ұмтыламыз. Ойынның осындай бір қызу шағында біздің «атаман» – Садық кілт тоқтай қап:



Тыңдау CD 3-1.

«Жусан иісі» повесі.

Mtdi.kz

сайтының аудио

жинағынан алынған

Тірек сөздер



Жусан

Аян

Майдан

Балалық шақ

Майданға хат

Тобық тау

Қасқа бұзау

Ешкіөлмес шоқысы



– Әй, анау кім-ей? – деген.

Бәріміз сол нұсқаған жаққа қарадық. Анадай жерде: шолақ жең ақ жейде, тізеден жоғары қысқа қара шалбар киген, кекіл шашы бар, мұнтаздай таза бір бала тұр екен. Біз қараған кезде ол өзінше әлдеқандай боп кейкиіп, екі қолын қалтасына сап шіреніп қойды.

Ойынды тастай сала бәріміз бірдей топырлай жүгіріп әлгінің қасына келдік. Адам көрмегендей бір-бірімізді кимелеп, қоршалай тұра қалдық. Үстіміздегі киімнің кімдікі қара, кімдікі ақ екенін біліп болмайды, баттасқан шаң-топырақ. Шетімізден ит талағандай алым-жұлым, алқа-салқамыз. «Бұл кім-ей? Қайдан келген-ей?» – деп, бірімізді біріміз тұртпектей береміз. Өзіне бастан-аяқ шұқшия қарап шықтық. Ол да сынағандай әрқайсымызды бір-бір шолып өтті. Біздің ұсқынсыз түрімізге көңілі толмаған сияқты, шолақ танауын тыржитып қойды. Қоңырқай жүзі тершіп, маңдайындағы біркелкі етіп қиылған кекіл шашын үрлеп тұрды. Кекіліміз жоқ бізге оның сол қылығының өзі кереметтей сүйкімді көрініп, қызыға қарадық.

– Кекілін қара-ей, өзінің, жаман әліне қарамай, – деп қағытып өтті Есікбай. Біз күлкіміз келмесе де оның сөзіне қошемет білдіріп сықылықтай күлдік. Жаңа келген бала қызараңдап, теріс айналып кетті.

– ...Мен білдім, – деді Садық мақтана дауыстап. Онан соң әлгі баланың алдын орай өтіп: – Ей, бала, сендер кеше көшіп келдіңдер ғой, ө? Қоңыр сиырларың бар ғой, ө? – деді.

– Иә, – деді томсырайып тұрған бала оның сөзіне күлімсіреп. – Қоңыр сиырымыз бар.

– Атың кім?

– Аян.

Біз, бәріміз, тегіс ұмытып қалмайық дегендей: «Аян, Аян»... – деп, күбірлесе қайталап қойдық.

– Жүр, жолдас боламыз, – деді Садық оның аппақ білегінен қап-қара қолымен ұстай алып. Аян оның қолына қарады да, қызараңдап тұрып, ақырындап, білегін босатты.

– Сендер жақ суық екен. Суға түспей қалай шыдайсыңдар? – деді.

– Түсеміз. Анау арада тоспа бар. Жүр, түсейік. Суы во!.. – деп, Садық ауылдың жоғарғы жағындағы шұңқыр-тоспаны жерге сыйғызбай мақтай жөнелді.

Аян бізге қосылып, солай қарай жүрді. Ауылға жаңа бір баланың келуі біз үшін нағыз мереке болатын. Әрқайсымыз оның көзіне түсіп қалуға



тырысушы едік. Сондықтан бірімізден-біріміз артық көрінбек боп, әй кеп мақтанатынбыз.

– Мен судың астында алпысқа дейін санап жата аламын.., – деп бөсті Садық.

– Менің де мынадай ақ көйлегім бар. Үлкен сандықта жатыр, апам кигізбейді, – деді көп үндемейтін Қосым тырнауық та.

Қосым төбелескенде ылғи баж етіп кеп, бетті тырнайтын, сондықтан тырнауық дейтінбіз, өзінен көп балалар қорқатын. Оған тек Есікбай ғана тік келуші еді. Қазір де ол:

– Ой, кетші ары, тырнауық мысық. Сенің үйіңде алтын барын да білеміз, – деп, ентелеп келе жатқан Қосымды көкірегінен итеріп жіберді.

Есікбай сидаң бойлы, қол-аяғы қара қайыстай қатқан ұзын, жүгіргенде, алдына жан салмайтын, өзі төбелесқор, сотқар бала еді. Кейде қараптан-қарап, келе жатып, әркімге бір ұрынатын жаман әдеті бар. Өлі жеткенді аяқтан шалып қап, болмаса, басынан тоқай алып, жылатып жіберетін.

Қазір де ол Аянның алдында қыр көрсеткісі кеп:

– Тырнағың қайсы-ей, мысық? – деп, Қосымды аяғынан шалып қалды. Қосым жалп етіп ұшып түсті де, терісі сыдырылған тізесін ұстаған күйі, көзі жасаурап, қайта тұрды. Біраз жүргеннен кейін Есікбай оның басынан түйе тоқай ала бастады. Жылап жіберген Қосым тырнамақ боп, ызақор-лана ұмтылған, Есікбай оны ұзын қолымен тұмсықтата салып жіберді. Қосымның мұрнынан қан дірдектеп, бақырып үйіне кетті.

2

Сол күні біз суға түсіп, күнге қақталып, кешке дейін тоспа басында ойнадық. Аян бұрыннан таныс адамдай етене боп кетті.

Ол өте ақкөңіл, ақылды бала екен. Адамды іш тартып тұратын жайдары жүзі, не десең де, тез көне кететін жұмсақ мінезі бізді бірден үйіріп әкетті. Ең жақсы қасиеті – ешкіммен төбелесіп, сөзге келмейтіндігі еді. Бір-екі рет кейбір шатаққұмар балалар тиісіп те көрген өзіне. Аян үндеместен қабағын түйіп, ондайлардан сырт айналып, кетіп жүрді. Өзінің жауап қайыра алмағанына налығандай боп:

– Менің көкем де жоқ, апам да жоқ, сондықтан төбелесем, әжем ұрсарды ғой, – деп қойды ол.

Алыс-жұлыс ойын үстінде күрескенімізде ол біразымызды жығып кетті. Тек Есікбайдан ғана жығылды.





Алғашқы күннен бастап Аянмен етене жақын дос болуды өркім-ақ ойлай бастаған. Бірақ ол ешкімге ерекше ықылас білдірген жоқ. Бірімізден-бірімізді бөліп-жарған жоқ. Бөрімізбен де жақсы жолдас болды.

Үш-төрт күн өткен соң, әбден үйренісіп алғаннан кейін ұрынарға қара таппай жүретін Есікбай басқа балаларға істейтін қылығын Аянға да істеді. Онымен төбелескісі келіп, өзінен-өзі жөнсіз тиісе бастады. Аян оған жасқаншақтай қарап:

– Қойсайшы енді, – деп күң-

кілдеген сайын Есікбай ыржақтап кеп, қайта-қайта оның басынан тоқай алып, аяғынан шалып, мазасын кетірді.

Ыза болған Аян ақырында:

– Төбелесесің бе? – деген. Есікбай оны мазақтай түсіп:

– Сенімен бе, қойшы-ей! – деп кеп, сілекейін Аяның бетіне жаға салды. Мұнан әрі шыдау мүмкін емес еді.

– Мен бұл көшенің ортасында төбелеспеймін. Жүр анау сайға. Ел көрмейтін жерге барып төбелесейік, – деді Аян.

– Қойшы-ей, мынау дөй ғой-ей, – деп, Есікбай сілекейін Аянға тағы жақты.

– Жүр ал, Есікбай көкеңнің жұдырығын иіскегің кеп тұрса.

Ол енді Аянды итермелей түсіп, сайға қарай жүрді. Екеуінің төбелесін көру үшін сондарынан біз де ердік. Сайға түскен соң, Аян жейдесін шешіп, шеткі бұтаның басына ілді де, бірден Есікбаймен алыса кетті. Есікбайдың бойы онан анағұрлым биік еді. Екеуі шартпа-шұрт белдескен кезде, ол Аянды белінен қапсыра қысып, қайқайтып, бойымен басты.

Бірақ қанша күшенгенімен, жығуға шамасы келмеді. Дереві бір қолымен Аянды кекілінен шап ете қап, шалқасынан гүрс еткізді. Жығып ап, Аяның бет-аузына былшылдатып соға бастады. Аян тырс етіп үн шығармастан, астында жатып құр қол-аяғын ербеңдете берді. Тек бір кезде Есікбай:



– Ой-бай! – деп, баж ете түсті де, бір жағына қарай бұраңдап, жығыла берді. Аян оның қолын бұрап жіберген екен. Енді Аян күш алды. Ол аузы қан-қан болып атып тұрып, Есікбайды алқымынан бүре түсіп, жер сүздіріп тұқырта берді. Өздері апыр-топыр қылған қара топыраққа Есікбайдың бет-аузын бір-екі рет көміп-көміп жіберген.

– Ойбай, болды, болды... – деп айқай салды Есікбай. Аян оның басынан аттап, тұрып кетті.

Ұшып тұрған Есікбай тағы да лап берген. Аян оны белдесуге жібермей, екі қолынан ұстай алды да, жата беріс тастап, ыңқ еткізді. Бірақ үстінен басып соққан жоқ. Қатты жығылған Есікбай біразға дейін тұра алмай, ыңқылдап жатты. Аян болса, бұлаққа барып, бет-аузының қанын жуып, ақ жейдесін киіп, түк білмеген, түк көрмегендей, үйіне қайтты.

Осы төбелестен кейін-ақ Аянға ешкім тиіспейтін болды.

3

...Күзде оқу басталып, жеті менен он жастың аралығындағы өңшең бір-өңкей балалар бірінші класқа бардық. Бізді Иманжанов деген шашы аппақ құдай, қолы-басы тоңған адамша дірілдей қалшылдап, көзі қып-қызыл боп жасаурап отыратын қарт кісі оқытты. Бұл кісі – денсаулығының нашарлауы себепті қаладан көшіп келген мұғалім екен. Бізге күн сайын үйінен әкелген қағазды бір-бір парақтан үлестіріп беріп, әріптерді үйрете бастады.

Аян екеуміз бір партаға отырғанбыз. Бірінші күннен-ақ ол зеректігімен көзге түсті. Мұғалімнің тақтаға жазған әріптерін айна-қатесіз қағазға түсіріп, тез жаттап алып жүрді. Тіпті келе-келе күніне бір-екі әріптен ғана өткенімізге көңілі толмай:

– Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен? Шіркін, ағама хат жазар едім, – деп күңкілдейтін.

Әрине, майдандағы әке-ағамызға хат жазу бөріміздің де көкейіміздегі асыл арман еді. Сонымызды сезгендей, Иманжанов та бізге тезірек хат танытуға бар күшін салып бақты. Сөйтіп, бас-аяғы бірер айдың ішінде әріптерді тегіс жаттап, бірлі-жарым сөздерді құрап жаза алатындай халге жеттік. Ал Аян болса кәдімгідей: «Аса жаннан артық көретін аға...» деп бастап, хат жазатын болды. Ендігі оның қуанышында шек жоқ еді. Күнде сабақтан кейін үйіне келісімен төр алдына етпетінен түсіп, сиялы қарындашты тілімен жалап қойып, бет-аузын сия-сия ғып, ағасына хатты үсті-



үстіне жазатын да жататын. Күніне екі-үш хаттан жазады. Кейде әжесінің айтқанын жазса, кейде өз бетінше жаза беретін.

Біз, басқа балалар, әлі де сөйлем құрастырып жаза алмайтынбыз. Сондықтан Аянға кеп:

– Хат жазуды үйретші, – деп жата жабысатынбыз. Аян бөлденбейтін. Жымың-жымың етіп күлетін де.

– Мә, мына менің хатымды көшіріп жаз, тек менің ағамның орнына өз ағамның атын жаз, – деп қоятын.

Сөйте-сөйте хат жазуды бәріміз де үйрендік. Енді біздің ауылдан күніне майданға сөзі де, мазмұны да, кейде, тіпті кісі аттары бірдей жиырма-отыз хаттан кетіп жататын болды.

Дәл біздің хат тануымызды күтіп жүргендей-ақ, екі айдан кейін Иманжанов қатты науқастанып, төсек тартып жатып қалды. Бір қол, бір аяғынан паралич болған. Басқа мұғалім келмеді. Осылайша біздің оқуымыз да келер жылға дейін тоқтаған еді.

Бірде Аян өрістен мал қайырып келе жатып үйретемін деп, өзінің қасқа бұзауына секіріп мінген. Семіз бұзау мөңкіп-мөңкіп жығып кетті. Сол жолы Аянның тобығы тайғыш болып алды. Қит етіп алысса, иә секірсе, тобығы тайып кететін де, Аян:

– Ойбай, ойбай, аяғым-ай... аяғым-ай... – деп, жан ұшыра бақырып, жата қалатын.

Бірте-бірте ол алысып-жұлысып ойнайтын ойындарға араласпай, шеттеп, бар қызыққа тек анадайдан сырттай қызыға қарап тұратын болды.

Тобығы үшінші рет тайғанда, ол үйінде бұрынғыдан да ұзағырақ жатты.

Бұл кезде қыс түсіп, қар жауған. Біз болсақ, сырғанақтың қызығына кіргенбіз.

4

...Бүгін де сырғанақтағы ойынның сондай бір қызған шағы еді. Күннің көзі қанталағандай боп ерекше қызарып ұясына қонуға таянған. Сірескен ақ қардың бетінде бір сәтке жұқалаң қызғылт кілегей тұрды. Күні бойы Ешкіөлместің күнгеінде жайылған мал ешкім қайырмаса да бір ізбен шұбырып ауылға қайтқан. Кенет бүкіл ауылды шулыға шыққан ащы дауыстар селт еткізді. Төбе құйқаны шымырлатып жоқтау айтқан дауыстар. Аянның үйінен шығып жатыр. Мұндайда балалар еліккіш келеді ғой. Сырғанақты тастай бере дәл бірдеңеден құр қалатындай бәріміз бірдей



дүрліге дүркіресіп, Аянның үйіне қарай лап қойдық. Артымыз жетпей жатып, алдымыз не боп қалғанын естіп те үлгердік. «Аянның әжесі өліп қапты», – деген сыбырды алқына тұрып сүйінші сұрағандай бірімізге-біріміз жеткіздік.

Жарғақ сары тон киген Аян, күлімдеп тұратын қара көзі шарасынан шыға жауаңдап, өңі боп-боз есігінің алдында тұр екен. Үйінде көрші-қолаң әйелдер бір-бірімен шуылдаса көрісіп, азан-қазан боп жатқанмен ол көзіне жас алмапты. Біз өзара сөйлескеніміз болмаса, оған үн қатқамыз жоқ. Аян да бізді үнсіз қарсы алды. Сүйреткен шанамызға, конькиімізге көз салды. Тоңғаннан ба, танауын жиі-жиі тартып, дір-дір етеді.

Күн ұясына еніп бара жатыр. Аян болса, сол мелшиген күйде жалтақ-жалтақ етіп, ауылдың әр тұсынан «Әжетайлап» дауыс қойып келіп жатқан үлкен адамдарға қарайды. Бірақ олардың бірі де бұған назар аударар емес. Біз болсақ, енді қайтер екен деп қызықтағандай одан көз айырмастан ортаға ап, қоршалай тұрмыз. Өзара сыбырласқан боп, оған да естірте: «Әжесі өлгенге неге жыламайды-ей?» – деп қоямыз. Аян естісе де, естімеген адамша міз бақпайды. Тек әлдебір уақытта, бас жоқ, аяқ жоқ:

– Ертегі тыңдайсыңдар ма? – деді. Онан соң біздің жауабымызды күтпестен өзі бастап үйдің бұрышын айналды. – Жүріңдер, үйдің сыртына отырайық.

Біз оның соңынан ердік. Үйдің сырт жағына кеп шаналарымызды қазқатар тіздік те, өзіміз жайғаса отырып, енді не дер екен, дегендей Аянның аузына қарадық. Ол со тұнжыраған қалпында бәріміздің жүзімізді бір сүзіп өтті де:

– Күлкілісін айтайын ба? – деді.

Біз үн-түнсіз бас изестік. Аян тонының омырауына тұмсығын тығып сәл күрсініп қойды да, ойға шомған күйде сыбырлағандай дауыспен:

– Ертеде бір жетім бала бопты... – деп ертегісін бастады.

Сол күні оның ертегісі түннің жарымында бір-ақ аяқталды. Әуелде тұнжыраған күймен жабырқау басталса да, келе-келе ертегінің күлкілі оқиғасы көбейіп, Аян да бауырын жазып, бәріміз көңілді күлкіге батып қарық боп қалдық. Тіпті, Аянның әжесінің өлгенін де ұмытып кетіппіз. Сықылықтап күлісіп мәз-мейрам боп:

– Ей, тағы да айтшы.

– Тағы да айтшы... – деп жан-жақтан шулап қоя бердік.

– Жоқ, ертең айтайын, бүгінге осымен бітті, – деді ол салмақты үнмен. Басын көтеріп аспанға қарады. – Е, жұлдыздың нуы жиі екен, ертең де күн ашық болады, – деп қойды үлкен кісіше.



Бәріміз жапа-тармағай аспанға қарадық. Шынында да, жұлдыздар жайшылықтағыдан әлдеқайда көп еді. Баттиып-баттиып, балқыған қорғасынша сорғалап ағып түсердей боп жарқырайды.

Біз Аянның ертеңгі күннің ашық болатынын жұлдызға қарап айтқанына іштей сүйсіне таңырқасып қойдық. Менің қасымда отырған Садық:

– Қалай біледі-ей! – деп, таңырқауын жасыра алмады. Енді бірде менің құлағыма сыбырлап:

– «Нуы» деген не-ей? – деп сұрады.

– Білмеймін, – дедім мен де.

Бірақ бұл сөздің мағынасын сұрап алуға батпадық.

Ертеңіне Аянның әжесі жерленді. Жұрт ат қойып зираттан кайтқанда, Аян әжесінің қабірінің басында елдің ең соңынан шошайып жалғыз қалды. Ол бұл күні де жылаған жоқ. Қарлы топырақ араласқан жас қабірге жаутаңдап біраз қарап тұрды да, бір уыс топырақты іліп ап: «Топырағың жеңіл болсын, әже!», – деп, шашып жіберді. Онан соң қып-қызыл боп тоңған екі қолын аузымен кезек-кезек үрлеп қойып, ауылға қайтты.

Сол күні Аян әжесінің тумаласы Бапай деген шалдың үйіне көшті.

Біз көшеде сырғанақ тебуге кіріскенбіз. Дәл осы кезде, азын-аулақ көрпе-жастық тиелген шананы Бапай айдап, Аян өзі қоңыр сиырын бұйдасынан жетелеп көшенің басындағы шалдың үйіне көшіп бара жатты. Қоңыр сиыр үйренген қорасынан шыққысы келмей тартыншақтай бастаған, біз бір топ бала шуылдаса қаумалап артынан айдадық. Қоңыр сиыр көзі шарасынан шыға шатынап, танауын пысылдатып, басын шайқап-шайқап, Аянды сүзіп жіберердей боп, алға қарай оқтана жүрді. Бірақ сүзген жоқ, жүріп келе жатқан бойда Аянның қаудырлаған сары тонының етегінен иіскеді де, тұмсығын созып, ыңырана мөңіреді. Аян ақсаңдаған күйде бізге бұрыла қарап:

– Жануар, бәрін біледі... – деді.

Аянның сиырын Бапай шалдың үйіне дейін айдасып барғаннан кейін біз сырғанаққа оралып, ойынға қайта кірістік. Сәлден соң Аян да сырғанақ басына келді. Өзінің шанасы жоқ, сондықтан елдің шана тепкенін қызықтап қарап тұрды. Бірде менің көк тақтайлы шаманды нұсқап:

– Менің де шаман дәл осындай еді, көшкенде ана жақта қалды, – деп қойды.

Мен оның жаудырап қарап тұрғанына шыдай алмай:

– Мә, Аян, сен бір жол теуіп кел, – деп, шаманды бердім. Қуанғанынан ол езуін жия алмай, ыржия күліп кеп, шанаға отырды да:



– Ал кім менімен жарысады! – деп айқайлап еңіске қарай зулата жөнелді.

Менен кейін оған шанасын Садық берді, онан кейін Есікбай берді, қысқасы Аян бөріміздің шанамызды бір-бір реттен теуіп шықты. Ол қып-қызыл боп қара терге түсе еңтігіп, алабұртып, елден ерекше даурыға сөйлеп, сақылдап күлумен болды.

Ымырт сәулесі ыдырап қараңғылық үйіріле бастаған кезде, басынан тұмағын алып желпіне тоқтаған Аян:

– Жүріңдер, бүгін мен кешегіден де қызық ертегі айтамын, – деді. Біз опыр-топыр болып шуылдасып, Аяның бастауымен Бапай шалдың үйінің іргесіне келдік...

5

Қызық еді Аяның мінезі. Бірде, түн ортасында, дәл ұйқыға жатардың алдында далаға шыққам. Көшеде сырғанақта біреу зулатып шана теуіп барады екен. Жым-жырт айлы түнде әлгі бір ғана шананың өзі гүрілдеп, жер көшіп келе жатқандай дүбір шығарады. Шыдай алмай, жүгіріп сырғанаққа бардым, міне, қызық, шана теуіп жүрген – Аян екен. Ай жарығында анық көрінді: жүзі жайнаң қағып, екі иінінен алқына дем алады. Тонының екі етегі далпылдап, шананы көшенің басына қарай сүйрете жүгірді. Мені көріп бұрылды да:

– Жүр, ойнайсың ба! – деп дауыстай сөйледі.

– Қойшы, түн жарымында есі дұрыс адам ойнай ма?

– Ойнағанда қандай. Түу, сен өзің мынадай айлы, жарық түнде шанамен сырғанаудың қандай керемет екенін білмейді екенсің ғой. Айлы түнде шанаға сиқырлы қанат бітеді... – деді де, Аян жүгіре жөнелді. Сәлден кейін көшенің басына шығып ап, тағы да жер көшкендей ғып, бүкіл ауылды жаңғырықтыра гүрілдетіп, шанамен төмен қарай жұлдыздай ақты. Дәл мен тұрған тұста кішкентай төмпешік бар болатын, зулап келген шана әлгі төмпешікке жеткенде, есік пен төрдей жерге бір-ақ ырғыды да, табанынан от жарқ етіп өте шықты. Аян қолын көтеріп:

– Ур-ра! – деп айқайлады.

Маған, шынында да, ол теуіп жүрген шанаға сиқырлы қанат біткендей көрінді. Жүгіріп үйге келдім де, қараңғы ауыз бөлмеден бос тұрған шелек, легенді даңғыр-дүңғыр еткізіп, шанамды іздей бастадым.



– Үйбай, ұры ит кіріп кетті ме! – деп үйден апам шыққан. Менің ша-
нама жармасқанымды көріп. – Сенбісің?! Нені қиратып жүрсің?! – деді
таңырқап.

– Апа, шана тебем.

Апам шошып кетті.

– Тәйт әрі, осы жеті түнде шанасы не-ей, мынаның. Бірдеңе көрінер
мынаған, елден ерекше, – деп ұрсып берді.

– Иә-ә... Әне, Аян сырғанап жүр ғой.

– Аян... О, желкең қиылсын сенің. Аян дейді ғой. Аян дейді... Таста
әрі!.. – Апам шананы әрі түкпір бұрышқа қарай итеріп тастап, мені жел-
кемнен бір түйді. – Жат төсегіңе! Ертең де күн бар.

Мен сүмірейіп кеп, төр алдына атаммен қатарластыра салынған төсегіме
жаттым. Көпке дейін ұйықтай алмадым. Көшенің басынан аяғына дейін
зырқыраған шананың дүбірі дәл біздің үйдің іргесінде жүргендей, жерді
солқылдатып естіліп тұрды. Сол күні қанатты шанамен ылди-өрге бірдей
зулата сырғанап жүрген Аян түсіме де кірді.

Сөйтп, Аян бір қулық тауып алды. Енді ол күнде кешкісін бізге сол
күні ойлап шығарған жаңа ертегісін тездетіп айтып бітіреді де, біреуміздің
шанамызды сұрап ап, түннің бір уағына дейін сырғанақта жападан-жал-
ғыз ойнайды...

– Әй, мен сендерге бір қызық айтайын ба, – деді ол сүйінші сұрағандай
қуанышты үнмен. – Мен бүгін таң алдында түсімде ағамды көрдім. Рас ай-
там. Түнде жатарда ағамның пальтосын басыма жастап, көпке дейін иісін
иіскеп жатқам. Ағамның иісі сіңіп қапты. Бір түрлі жусанның иісі сияқты
жақсы иіс. Мен бүйтіп жағасына мұрнымды тығып алдым да ұзақ-ұзақ
иіскедім... Әжем ылғи: «Ағаңды анау Жусандытөбенің үстінде, мал қайы-
рам деп жүргенде, айдалада тапқанмын» дейтін... Менің ағамда жусанның
иісі содан қалған... Сөйтп жатып ұйықтап едім, түсіме кірді...

– Мен де ылғи көкемнің пальтосын жамылып жатамын. Менің көкемнің
пальтосынан да жусанның иісі шығып тұрады – деді бір бала.

Сөйткенше болған жоқ, тұс-тұстан жамырай дуылдап, соғыста жүрген
өкелеріміздің, ағаларымыздың үйде қалған киімдерін еске алып, олардан
шығатын иісті сөз етіп кеттік. Және бір қызығы – көпшілігіміз ол иісті
жусанның – дәл өзіміздің ауылдың іргесіндегі жусанның иісіндей дестік.
Онан бір кезде Аян:

– Менен де жусанның иісі шығып тұрады, ағама тартқанмын. Міне,
иіскеп көріңдерші, – деп, өз омырауына тұмсығын тықты. Біз дереу кезек-



тесіп, оның омырауын иіскеуге кірістік. Өзі айтқаннан ба, әлде, шынымен солай ма, әйтеуір, Аянның омырауынан бұрқырап жусанның иісі шығып тұрғандай көрінді бізге.

– Рас-ей, жусанның иісі шығады.

– Қандай сүйкімді-ей, жусанның иісі... – дестік бір ауыздан. Онан соң әрқайсымыз өз омырауымызға тұмсығымызды тығып, өзіміздің иісімізді өзіміз иіскеп, жаңалық ашқандай:

– Әй, менен де жусанның иісі шығады-ей.

– Менен де... Міне, иіскеп көрші... тура жаздыгүнгі Жусандытөбенің иісіндей... – десіп жан-жақтан шулап кеттік...

6

Бұл күні Аян жалғыз көзді дәу туралы ертегісін бастады. Бұл оның бұрынғы ертегілерінен де әлдеқайда қызықты еді. Түнерген аспан, атқораның іргесінен әрі қарай үңірейіп жатқан қорқынышты терең құз, бәр-бәрі күннің ерекше бір нұры құйылып жарқырағандай боп, басқа бір дүниеге – ертедегі күлкіге толы қызық дүниеге айналды.

«...– Біраз жер жүргеннен кейін жетім баланың қотыр тайына тіл бітіпті, – дейді Аян. – Қотыр тай тұрып оған: «Мынау алда тұрған асқар таудан күндіз құс ұшып өте алмайды, қанаты күнге күйіп қалады. Тек түнде ғана ұшып өтеді. Сондықтан біз де түнді күтуіміз керек. Түнде маған да қанат бітеді. Сен тек жығылып қалмай, көзіңді тарс жұмып, менің жалымнан мықтап ұстап отыр. Мен: «көзіңді аш!» дегенде бір-ақ аш. Сонда, мына асқар таудың арғы жағында, мұнан гөрі аласа, шошайған қоңыр тау тұрады. Ол жалғыз көзді дәудің мекені», – дейді. Жетім бала қотыр тайдың айтқанын түгел орындайды. Түнде қотыр тайға қанат бітіп, асқар таудан ұшып өтеді... Бір кезде қотыр тай: «Енді көзіңді аш!» – дегенде, жетім бала көзін ашса, дәл алдында ақырын теңселе қозғалып шошайған қоңыр тау тұр екен...»

Осы тұста Аян көзі шарасынан шығып, бізді жаңа ғана көргендей бәрімізге бір-бір қарап өтті. Жалғыз көзді дәу естіп қоймасын дегендей даусын бөсеңдетіп сыбырлай сөйлейді. Біз болсақ, шөп қуысына тығыла түсіп, төңірекке жалтақтай береміз. Түн қараңғылығында шошақ бөрікке ұсап қарауытып тұрған Ешкіөлмес шоқысы енді бірде жалғыз көзді әулие мекен еткен үңгір тауға ұқсап кетті. Дәл қазіргі сәтте сол үңгіртаудың ішінде жалғыз көзді дәу қорқырап ұйқыда жатқан секілді. Оның қорқы-



рай алған демінен шошақ тау түндігін жел шайқаған киіз үйдей көтеріліп-басылып желпілдеп, бірде ары-бері теңселіп, қозғалып тұрған сияқты көрінді. Демімізді ішімізге тартып, қараңғыда теңселгендей боп тұрған Ешкіөлмес шоқысына көз тігіп қарай беруге дәтіміз шыдамай, Аянға қараймыз. Қараңғыда бозарып көрінген жүдеу өңі сол өзі айтып отырған қиялдағы дүниені көріп отырғандай, дірілдей шытынып, көзі жалт-жұлт етеді...

Ызғырық жел онан сайын суытып, қар ұшқындай бастады. Тұтасқан қап-қара аспан тұншықтыра салардай боп ауыл үстін тұмшалап тұр. Ит үрді. Тура жалғыз көзді дәудің иті құсап ұлып үрді. «Апыр-ай, жалғыз көзді дәу оянып кетер ме екен», – деп зәре-құтымыз қалмайды...

Өстіп ертегі қызығына беріліп отырғанымызда, шеттегі бір бала:
– Ойбай, өрт! – деді.

...Шөптің арт жағын ала, ызғырық желдің өтінде лауылдап от жанып жатыр. Бұл ат қораның төбесі күзде ғана сабанмен жабылған.

Жанып жатқан сол сабан екен. Шетте отырған балалардың бірі шылымын сөндірмей лақтырып тастап, сабан содан тұтанса керек. Жел өтінде лезде лапылдап көтеріліп кетті. Не істерімізді білмей сасқалақтап, қордан секіріп-секіріп түсіп, тым-тырақай қаша жөнелдік. Балалардың ең соңын ала секіріп түскен Аян:

– Ойбай, аяғым!.. – деп, жан даусы шыға айқайлап жіберді де, шоңқаң етіп, жата кетті. Бірақ біздің оған қарайлайтындай шамамыз жоқ.

Ауыл жақтан: «Аттан! Аттан!» – деп, жер-көкті басына көтере айқайлап, шолақ қол бригадир Тұржан да жетті. Армия қатарынан жақында ғана қайтқан, сол қолын білегінен оқ жұлып кеткен, бірақ өзі аса қатыгез, мейірімсіз адам еді. Келген күні-ақ: «Қан көріп, қаным бұзылып келді...» – деп, үйіне жиналған қатын-қалаш, кемпір-шалдың зәресін алған. Бригадир боп тағайындалғаннан кейін, жұмсағанда тілін қайырған талай әйелдер мен жасөспірім балаларды, әлімжеттік етіп сабаған. Қазір сол Тұржан жүгіріп жеткен бойда, қораның артында төрт бүктеліп шырқырап жатқан Аянды дәу табан керзі етігімен теуіп кеп жіберді. Аян қалпақша қалқып барып, анадай жерге түскен. Тұржан енді оны қолындағы қамшымен тулақты сабағандай көміп-көміп алды да, тағы да тепті-ай кеп. Бас демей, көз демей, былшылдатып, тебе берді. Өуелде құлындағы даусы шығып шырқырап: «Ағатайлап» шыңғырған Аяның біраздан кейін үні өшті. Керзі етіктің астында жансыз заттай илектеніп жата берді.



Ауылдағы жұрт дүркірей жиналып кеп, өртті сөндірді. Өлдекім келіп, былқ-сылқ етіп жатқан Аянды көтеріп алды. Қарт адамның даусы:

– Иттің баласы, пәшиске берген қолыңның құнын осы қаршадай жетім баладан алайын деп пе ең. Ой, есірік!.. – деп ақырды Тұржанға.

Біз, басқа балалар, осының бәрін алыстан бұта-бұтаның арасынан сығалап қарап тұрдық. Дір-дір етіп, шетімізден жылап жіберуге шақ едік. Ел кеткен соң жасырынып, бұғып-бұғып, үйді-үйімізге тарадық.

Үйге келсем, төсектер салулы, бірақ ешкім жатпапты. Атам екі көзі қанталап, терісіне сыймай тырсылдап ашулы отыр, апам көзін сығымдап, жылап отыр. Не болды екен деп шошып, босағада тұрып қалдым.

– Өй, аузыңды ұрайын, жаман неме! – деді атам жекіріп. – Тұржанның тепкісін Аянмен бірге көрсең етті... Жаны тәтті шірік, көрінбе көзіме!..

Мен үн-түнсіз жер шұқылап, босағада тұрдым-тұрдым да, мұнан өзге ештеңе айтылмаған соң, аяғымды, сырт киімімді шешіп, төрге өттім. Тамақ сұрап ішуге бата алмай, сыбдырсыз шешініп, төсегіме жаттым.

– Сорлы жетімнің көрген күні сол да... – деді бір кез анам ауыр күрсініп. – Қорғары жоқ болған соң басынғаны ғой.

– Е-е, бұл Өржанның баласы кісі өлтірер. Иттің сұры жаман, сұрынан шошимын... – деп қойды атам...

7

Кей күні ойыннан кейін мен кешкі тамақты ішіп ап, Бапайдың үйіне баратынмын. Мен келгенде, Аян ылғи темір пештің аузында от жағып отырады. Ол кезде – соғыс жылдарында біздің ауыл отынға сабан жағатын... Малатаспен бастырған астықтың сабаны орған қамыс сияқты ірі болады, арасында шала бастырылған, кейде, тіпті, мұрты сетінемеген масақтар жиі кездесуші еді. Отқа жанғанда сабан дүр-дүр етіп лауылдап, ал масақтар бытырлап кететін. Аян от жағып отырып, білдіртпей ғана сол масақтарды жинайды. Лауылдап жатқан сабанның арасы бытыр-бытыр ете қалғанда, Аян қолын отқа тығып жіберіп, шала пісіп қалған күйелеш масақты лып дегізіп суырып алатын.

Мен есікті ашқанда-ақ Аян жүзі жайнап қуанып кетуші еді. Былай шық деп, дауыстап айтуға кемпір-шалдан бата алмай, олар жаққа жау-таңдап қарап қойып, темір пештің түбіндегі өз орны – қара құрым киіз төселген қуысты меңзейтін. Мен қуысқа кіріп ап, олар кешкі шайларын ішіп болғанша Аянды күтіп отырам. Бапайдың кемпірі шалы екеуіне ғана



майға бөктіріп талқан шылайды да, «Сенің тісің бар ғой» деп, Аянның алдына бір уыс қуырған бидай төгеді. Міне, Аянның кешкі қорегі осы. Ол үн-түнсіз қытырлатып отырып, алдындағы бір уыс бидай біткенше, шай ішеді де, онан соң шынысын төңкеріп, қуысқа келеді. Келе бірден сыбырлай сөйлеп:


– Ертегі тыңдайсың ба? – деп алады да, менің бас изеуімді күтпестен-ақ: – Баяғыда бір жетім бала бопты... – деп бастай жөнеледі.

Бір тәуірі Бапай да, оның кемпірі де біздің сөзімізге құлақ салмайтын.

...Олар ұйықтасымен-ақ Аян әлгінде ышқырына тыққан күйелеш масақтарды алып, үгіп-үгіп, аузына құятын.

– Жеп көрші, төтті, – деп, бір-екі масақты маған да ұстататын. Үгіп-үгіп, шала піскен дәнді мен де аузыма құямын, бірақ шикі дәмі білініп тұрғандықтан, жұта алмай, шайнап-шайнап, түкіріп тастайтынмын.

Кейде мен үйден нан алып келетінмін. Аян нанды көргенде, көзі отша жанып, екі ұртына кезек бұралай тығып, қақалып қала жаздайтын. «Тағы



да бар ма? Тағы да?..» – деп, менің қалтамның түбіндегі қоқымға дейін қағып, дегбірі қалмаушы еді.

Бір күні балалар екіге бөлініп, қар атқыласып ойнамақ болдық. Ортамыздан екі атаман сайлап, қалғандарымыз екі-екіден жұптасып, әлгі екі атаманның қарауына тең бөліне бастадық. Бұл ойынға Аянның да қатысқысы келген. Бірақ екі атаманның екеуі де оны өз топтарына алудан бас тартты.

– Ой, қой, сен жүгіре алмайсың шойтаңдап, – деді олар. Аян үшін мұнан ауыр жаза жоқ еді. Ол көзі жасаурап, ақсақ аяғын сүйреткен күйде екі иіні салбырап, кете барды. Мен шыдай алмай, оның соңынан жүгірдім.

Аян жылап келеді екен. Екеуіміз қатарласып, үнсіз жүре бердік. Дәл Асылбек шалдың үйінің тұсына жеткенде, көз жасын алақанымен қатты уқалап сұртті де, әлгі үйге бұрылды. Мен де ердім. Асылбек шал мал қорасының ішін тазалап жүр екен.

– Иә, неге келдіңдер, балалар? – деді анадайдан дауыстап.

– Ата, аяғымды салып берші, – деді Аян.

Асылбек таяп кеп, оның аяғына қарады.

– Салып берің қалай-ей. Мына аяғың қисық боп бітіп, жазылып кеткенге ұқсайды ғой. Енді оны қайта орнына салу оңай емес. Ауырғанына шыдар ма екенсің.

– Шыдаймын, ата, салып беріңізші...

Аянның даусы дірілдеп, жалынышты шықты. Енді сәл болса еңіреп жылап жіберуге шақ тұр.

– Апыр-ай, ө, жарайды, салып берейін, қарағым. Үйге кіре бер. Әй, кемпір, мына жиен балаға тамақ берші, әлденіп алсын!

Біз үйге кірдік. Асылбектің кемпірі бізді төрге отырғызып, бауырсақ пен айран әкеп берді. Сәлден кейін жуынып-шайынып, Асылбектің өзі де кірді. Сырт киімін шешініп, кемпіріне көрпе салғызып, әлгінің үстіне Аянды жатқызды.

Онан соң қойдың құйрық майымен Аянның тобығы тайған аяғын сылауға кірісті. Ұзақ сылады. Өзі де тынымсыз сөйлеп, Аяннан да әр нәрсені бір сұрап, үнемі сөйлетумен болды. Бір кез Аян.

– Ойбай! – деп, баж ете түскен, Асылбек:

– Шыда, балам, шыда... – деп, оның бұлқынғанына қарамастан тырп еткізбеді. Аян құлындағы даусы шығып, ойбайлап жатты да, Асылбек оның аяғын уқалап, сылай берді. Онан соң кемпірі әкелген шүберекпен әдемілеп таңып тастады да:



– Ал болды, тобығыңды енді шығарып алма... – деді.

Бірақ, амал не, Аян мұнан кейін де тобығын тайдырып алды. Ол – көктем кезінде еді. Көктем шыға колхоз жұмысына біз де араласқанбыз. Ортасына сым темір салып өрілген бір-бір дойыр қамшыны қолымызға алып, өгіз жеккен соқаның басына міндік. Жесір әйелдер мен бойжеткен қыздар соқаның артын ұстайды. Арайланып таң білінгеннен бастап ымырт қараңғысына дейін жер жыртамыз. Жер құйқасы майға бөккендей туырылып жатады. Соқа тісі сәл тереңдесе бөкпе топырақ қалыңдап, өгіздер мықшынып тұрып қалады. Ала қыстай шөп тарту, тұқым тартумен титықтап шыққан арық өгіздердің аузынан сілекей шұбырып, аяқтарын шалыс басып, күн ұзын соқа тартуға дәрмендері зорға жетеді. Онда да арқасын қайыстырған қамшының күшімен жетеді. Өгіз біткеннің сауыры қызыл ала қан, арқасы шоқпыт-шоқпыт жауыр болатын. Ертеден кешке дейін өгіз үстінде жұлынып «цоп, цобелей» бергеннен тамағымыз жыртыла ауырып, дойыр қамшы қарымызды талдырып, біз де әбден титықтайтынбыз. Таңдайымыз кеуіп, қаңырығымыз түтеп, қарнымыз ашып, қамшы сілтеуге әліміз құрып, бас айналып, көз қарауытып, қалғып-мүлги бастаған кезімізде соқа ұстаған әйел баяу үнмен:

– Әй, ұл, айдасаңшы өгізінді, – дейді. Бойыңдағы бар күшіңді жиып, қамшыны құлаштай сілтейсің. Арық өгіздер арқаларын құр қайқанда тып қыржыңдағаны болмаса, жүрісіне жүріс қоса қоймайды. Ақырында, өзіңнің қолың ауырып, сырқырап кетеді. Сондайда өгізден домалап түсіп, жер тепкілеп, жылағың келеді. Сенің сол мүшкіл халіңді сезгендей, соқа артындағы әйел өзі кеп, қолыңдағы қамшыны ала сап, өгіздерді шықпыртып-шықпыртып жібереді де:

– Жығылып қалма, – деп қояды. Шама-шарқыңның сол екенін ұғады ғой, жақсы ұғады. Өлден уақытта әйелдердің бірі қалжырай шыққан зарлы үнмен сызылтып қана:

Көкше бір таудың биігі-ай,
Алыстағы бауырдан хат алудың қиыны-ай, –

деп, өн салады. Өн емес-ау, жүректегі ауыр шердің лықсып шыққан бір күрсінісі сияқты. Өнге екінші соқадағы әйел, онан үшінші соқадағы бойжеткен қыз қосылады. Үшеуі де зарлатады-ау кеп. Үшеуінің көзінен де жас парлайды. Біз өгіз үстіндегі балалар көзімізге мөлт-мөлт етіп жас үйіріліп, тамағымызға өксік тығылып, бас көтере алмаймыз. Әйелдерге



қосылып жылауға «еркектік» намысымыз жібермейді. Өйткені алғаш соқаға шыққан күні Аян:

– Жылауды әркім біледі. Мықты болсаң, нағыз еркектерше қиыншылықта жыламай бақ, – деген. Сондықтан «жасық екенімізді» білдірмеуге тырысамыз.

...Аяанның тобығы осындай бір өгізден домалап түскен кезінде тағы тайды. Ол қара парға бұрқ еткен күйде, «Аяғым-ай!» – деп, баж етті де, бүктеліп жатып қалды. Жүгіріп-жүгіріп, жанына бардық. Ол жыламауға тырысып тістеніп, көзін жұмып, көкпеңбек боп сазарып жатты. Аяғындағы көннен тігілген шоқайын шешпек боп едік, қинала ыңырсып, онан «ағатайлап» бебеу қақты. Көтеріп баракқа алып бардық. Ауылға апаруға көлік болмады.

Сол түні денесі қызып, таң атқанша сандырақтап сөйлеп шықты. Ертеңгісін біз жұмысқа кетерде ғана көзін ашты. Мен басқалардан жырылып, бір сәтке оның жанында қалдым. Өзімше ақыл айтпақ едім оған. Сөзді неден бастарымды білмей, қипақтап отырғанымда, ол өзі бастады.

– Ой, кеше аяғым қатты ауырды, – деді дірілдеген үнмен. – Тура өлгімақ кеп еді, тағы ағамды ойлап қана тоқтадым...

Онан соң біраз үнсіз жатты, түймесі ағытылған күртесінің омырауына тұмсығын тықты.

– Қарашы, жусанның иісі... – деп қойды. – Енді аяғымды ағам келгенде, бір-ақ салғызам. Ағам қалаға апарып, ендігәрі шықпастай етіп салғызды, әлі...

Ол төтті ойға шомған күйде, ағасы келген соң не істеп, не қоятынын тегіс тізбелеп айтып шықты. Оның сөзіне қарап, мен ағасының жуықтағы күндердің бірінде қайтатынына титтей де шөк келтіргем жоқ.

– Сағындым ағамды, – деді ақыры күрсініп.

Мен жұмысыма кеттім. Күні бойы өгіз үстіндегі жалғыз тілеуім: «Шіркін-ай, Аяанның ағасы тезірек қайтса екен» – деу болды.

Аян баракта төрт күн жатып қалды. Тек бесінші күні кешкісін ғана тұқым тартқан арбамен ауылға жібердік. Осыдан кейін Аян тобығын қайтып орнына салдырған жоқ. Сол аяғын көлденеңінен сүйрете басып жүретін болды...

Қу соғыстың бесіктен беліміз шықпай жатқанда-ақ, біздің жүрегімізге салған жарасы қаншама еді?! Сол жараның тыртығы өмір бойы удай сыздап, жанға батып өтер-ау. Еш уақыт ұмытылмас. Асыр салар балғын шағымызда тағдыр біздің қабырғамызға да бар зілін салды ғой. Сонда да



болса, басқамыздан гөрі Аянға қатты батып еді. Тағдыр оған дегенде ештеңесін аямады.

Үлкендер «Жау шегінді» десіп, күн сайын бір қуанышты хабар айтып жүрді. Мұның өзі біз үшін «Ертең соғыс бітеді» дегенмен бірдей еді. Әскерден біртіндеп ер-азаматтар қайта бастады. Бәрі жаралы боп қайтқандар: бірі – қолынан, бірі – аяғынан, бірі – қабырғасынан, бірі – көзінен айырылғандар.

Бірақ, сөйтіп, жарымжан боп қайтса да, олардың әрқайсысының келуі ауыл үшін мереке еді. Солардың бірде-бірі Тұржанға ұқсап: «Қан көріп қайттым, қаным бұзылды», – деп, есірген жоқ. ...Қаралы қағаздар да келіп жатты.

8

Жаз ортасы. Аңызға жел ұйтқи соққан ыстық күннің бірінде біздің ауылға тағы бір қаралы қағаз келді. Бұл жолғы қаралы қағаз ешкімнің үйінен зарлы жоқтау айтатын дауыс шығарған жоқ. Бұл жолғы қаралы қағаз, көшеде ойнап жүрген балалардың ең соңында, белі бос штанының ауын бір қолымен көтере ұстап, сол аяғын көлденеңінен сүйрете, солтақтай жүгірген күйде: «Ей, тоқтандаршы, мен сендерге кешегіден де қызық ертегі айтамын», – деп, жалына дауыстай жүгірген Аянға келген еді. Ол үнсіз қабылдады. Қаралы қағазды ұзақ отырып, екі-үш рет ежіктеп оқыды да, төрт бүктеп ышқыр қалтасына тықты. Онан соң ойнап жүрген балалардың жанына кеп, әдетінше алыс-жұлысты сырттай қарап, қызықтап тұрды. Тек балалар үйді-үйіне тараған кезде, ол ауылдың шетіндегі ат қораға барып кірді. Соңынан мен де бардым.

Сары су іркілген ат қораның іші тұншығардай қапас, тымырсық еді. Тастай қараңғы. Төбесіне ұя салған торғайлардың, олардың шырылданған қызыл шақа балапандарының үні құлақты тұндырады. Құжынаған шыбындардың ызыңы бір басқа. Қараңғылыққа көзім үйренгенше, есік алдында тұрдым да, онан соң қабырғаны жағалап, түкпірге қарай жүре бастадым. Аяқ асты сазданып, басқан сайын шұрқ-шұрқ етеді. Түкпірге де жеттім. Аян қараңғы бұрышта бір уыс боп бүрісіп, екі алақанымен бетін басып, солқылдап жылап отыр екен. Ұзақ жылады. Онан соң көзін сүртті де, қорадан шықты. Сыртқа шыққан соң көрдім, көзі қып-қызыл боп кетіпті. Маған қарады да, өз-өзінен жымыып күлді.



– Күн ыстық, ө, – деді.

Осыдан кейін бір жеті өткен соң, ертеңгісін он шақты қозы-лақты тауға қарай өргізіп жіберіп, қайтар жолда Бапайдың есігінің алдында тұрған арбаға көзім түсті. Бірсыпыра балалар осы арада екен. Аян жолға жүретін адамдай бар-жоғын киініп апты. Мен таяп келгенде, шеттеу тұрған Есікбай сыбырлап қана:

– Аян балалар үйіне кеткелі жатыр, – деді.

Осы кезде үйлерінен арба айдаушы жігіт және Бапай мен кемпірі шықты. Бапай арба айдаушыға Аянды станцияға дейін аманат қып тапсырғанын қайта-қайта айта береді. Ал кемпірі кеп Аяның бетінен сүйді, көзіне жас алды.

– Қарағым, жолың болсын, – деді жыламсырап. – Жақсыдан қалған тұяқ ең, қайда жүрсең де, аман бол. Адам болсаң, тауып келерсің әлі...

Бапай да кеп Аяның бетінен сүйді.

– Аман-есен барып орналасқан соң хат жаз, – деп қойды.

– Алатын адам болмай тұр, мына қоңыр сиырды дереу сатып, ақшасын қалтаңа салып берер ем. Кейін қолым тисе, базарға айдап барып сатып, ақшасын салып жіберер ғой...

– Е, қойшы әрі, сен де осы, не болса соны айтпай. Сатқаны несі. Ертең ер жетіп келе қалғанда мал керек емес пе Аянға... – деп киіп кетті осы тұста кемпірі. – Қарағым, бұ алжыған атаңның сөзін тыңдама. Әлі өзің кейін үлкен жігіт боп келгенінде қоңыр сиырыңды өсімімен қолыңа тапсырамын...

Аян балалардың бәрімен қол алысып, қоштасты.

– Мен әлі бәріңе де хат жазып тұрамын, – деді күлімсіреп. Есікбай арбаның артына жабысып ап, оны талай жерге дейін шығарып салды. Арбадан түсіп қап, қара жолдың үстінде сексіп ұзақ тұрды. Қайта келгенінде өте көңілсіз еді. Садық ойнайық деп еді, ол:

– Менің басым ауырып тұр, – деп, үйіне кетті.

Сол сәтте бәріміздің де ойынға еш зауқымыз жоқ, көңілсіз едік. Көз ұшында бұлдырап арба кетіп барады. Қара жолдың шаңын бұрқылдатып барады. Аян бас киімін алып, бізге бұлғап қояды...

Біз, балалар, Аянды көп уақытқа дейін еске алып, сөз қылушы едік. Кейде кешкілік бір жерге жиналып ап, ала қыстай Аян айтқан ертегілердің есте қалғандарын қайталай айтып та жүрдік. Аяның ертегілерінің көңілімізге ұялағаны сонша, кейін ер жеткен кездерімізде өзімізден кіші



балаларды тамсандыра отырып айтатынбыз. Тіпті күні бүгінге дейін, сонан бері талай ондаған жылдар өтсе де, кей күні түнде далаға шыға қалсам, қараңғыда бөрікше шошайған Ешкіөлмес шоқысы – астында жалғыз көзді дәу ұйықтап жатқандай, соның қорқыраған демінен теңселіп тұрғандай көрінеді. Сол дәумен алысатын жетім бала қайда екен деймін, сол сәт. Жазға салым Жусандытөбе жақтан қоңыр салқын самал еседі. Ашқылтым иіс аңқиды. Жусанның иісі. Сондайда есіме тағы да Аян түседі.

Шынында да, бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ондай бала алдына нендей мұрат қойса да жетеді. Ал тірі болса, Жусандытөбеге бір оралмауы қалай?! Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес қой.



СӨЗДІК

Жарғақ сары тон: жарғақ – жүнін тақырлап қырып тастаған, илеп, өңделген тері.

Тымырсық – желсіз, қапырық.

Тоспа – су қоймасы үшін жасалған бөген.

Жер құйқасы – жердің өсімдік өсетін сыртқы қабаты.

Зіл – ауыр салмақ.

Қара пар – жыртылған, бірақ әлі егіс егілмеген жер.

Малатас – жыртылған жердің топырағын майдалау үшін пайдаланатын қарапайым құрал.

Сабан – дәнді дақылдардың бастырылып, дәні алынғаннан кейін қалған сабағы.

Сетінеу – ыдырап, тарқатылу, сөгілу.

Соқа – жер жыртуға арналған ауыл шаруашылық құралы.

Қара қағаз – майдандағы жауынгердің мерт болғандығы туралы хабар жазылған қағаз.

Қызыл шақа – әлі өсіп жетілмеген.

Тұлдыр жетім – әке-шешесі бірдей жоқ, тақыр жетім.

Қапас – жазалы адамдарды қамайтын орын; таршылық, қыспақ.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Екінші Дүниежүзілік соғыс 1939 жылғы 1 қыркүйекте басталып, 1945 жылғы 2 қыркүйекке дейін созылды.





Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Сайын Мұратбеков туралы		
Шығармалары туралы		
«Қара қағаз» туралы		
Ауылшаруашылығына қатысты құралдар		
Соғыс кезіндегі балалардың еңбегі		

1. Төменде берілген сұрақтарды пайдалана отырып, «Жусан иісі» повесінің басты кейіпкері Аян туралы әңгімелеңдер.
- а) «Тұлдыр жетім» деп кімді айтады?
 - ә) Аян әкесінен қандай тағдырға байланысты айырылды?
 - б) Аяның тағдыры неліктен ауыр болды?
 - в) Әкесінен қалған қандай киімді көңіліне медеу тұтты?
 - г) Аян өзін немен алдаусыратты?
 - ғ) Аянды төзімділікке үйреткен не?
 - д) Аян қалай оқитын еді?
 - е) Аяның тобығының тайып кете беру себебі неде?
 - ж) Бапай мен оның кемпірі Аянды қайда апарып тапсырды?
 - з) Жусан қандай шөп? Повесть неге «Жусан иісі» деп аталды?
 - и) Аянға жусанның иісі неліктен қымбат болды?

Әдебиет теориясы

Аллегория (көне грек. allēgoria – пернелеп айту), пернелеу – оқырманның не көрерменнің санасына, қиялына ерекше әсер ететіндей, образ жасаудың бейнелеуші құралы, көркемдік тәсіл. **Түлкіні құлықтың, арыстанды зорлық, қасқырды қастық, қоянды сужүректік, есекті ақымақтық, аққуды махаббатқа адалдық** түрінде бейнелеу бұрыннан қалыптасқан, мұны адамдарға қатысты пайдаланады. Осындай ойды адамдарға тән мінез ретінде пернелеп айтса да, санаға, қиялға әсер етіп, көз алдына елестейді.

Антитеза – шендестіру (грек. antithesis – қарама-қарсылық) мүлде қарама-қарсы, кереғар ұғымдарды бетпе-бет қоятын айшықтаудың (фигураның) бір түрі.



Қазақ әдебиетінде шендестірудің күрделі, көркемдік қуаты мол, әсері күшті үлгісін Абай жасаған: «Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл, Ұқсайды хаса сұлу шомылғанға...» «Аппақ ет, қып-қызыл бет, жап-жалаңаш, Қара шаш қызыл жүзді жасырғанда...» Абай реңі жағынан бір-біріне қарама-қарсы үш түсті алып, шендестіру арқылы негізгі образ – төртінші суретті қиыннан қиыстырып бере алған.

Пейзаж (франц. pays – ел, жер) – әдеби шығармаларда табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі.



1. Аяның тағдырын талдай отырып, оның бойындағы қасиеттеріне баға беріңдер.
2. Аяның көңіл күйі мен табиғат құбылысының арасындағы байланыстың болу себебі неде деп ойлайсыңдар?
3. Шығармада қай кездегі жағдай суреттелген?
4. Шығарманың композициялық құрылымына талдау жасаңдар.

Реті	Шығарманың композициялық құрылымы	Дәлелдеме
1	Оқиғаның басталуы	
2	Оқиғаның байланысы	
3	Оқиғаның дамуы	
4	Оқиғаның шиеленісуі	
5	Оқиғаның шарықтау шегі	
6	Оқиғаның шешімі	



1. Шығарманың идеясын анықтаңдар.
2. Шығармаға жоспар құрыңдар.
3. Шығарма мазмұнына сүйене отырып, мына кестені толтырыңдар.

Кейіпкерлер	Өмір сүрген кезеңі	Тағдыры	Жетім ата-ну себебі	Мінез-құлқы	Өмірге деген құлшынысы
Аян – тұлдыр жетім					
Екі кейіпкер арасындағы ұқсастық					
Қазіргі кезеңдегі жетімдер					

4. Хрестоматиядан жазушының «Жабайы алма» өңгімесін оқыңдар.





1. «Балалық шақ» тіркесіне байланысты не айтар едіңдер?



2. Өздеріңнің балалық шақтарың туралы әңгімелеңдер.
3. «Жетім көрсең, жебей жүр» дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Соғыс зардабы туралы не айтар едіңдер?
5. Қазіргі кезеңдегі жетімдердің тағдыры туралы әңгіме-пікірталас жүргізіңдер.
6. «Әлемдегі әрбір бала бақытты болу үшін...» тақырыбын өз ойларыңмен жалғастырыңдар.



1. Аяның қандай қасиеттерінен үлгі алуға болады?
2. Келесі сөздерді екі бағанға топтастыр және сөздерді қандай мағынасына байланысты топтастырғандарыңды түсіндіріңдер.

Берілген сөздер: ата-анасы жанында, уайымы жоқ, соғыс кезі, үйінде барлық жағдайы жасалған, елі тыныш, киерге киімі жоқ, панасыз, қамқорлықсыз, көңілі мұңды, жетім сөзін естімеген, достары көп, оқу-құралдары.

<i>Жетім бала</i>	<i>Бақытты бала</i>

3. Өздеріңнің тағдырларыңды Аяның тағдырымен салыстыра отырып, «Біз бақытты баламыз» тақырыбына эссе жазыңдар.



4. Соғыс кезіндегі өмір мен бүгінгі өмірді сипаттай отырып, сурет салыңдар.



1. Повесті оқи отырып, өздеріңнің түйген ойларың туралы айтыңдар.



2. «Шынында да, бұл күнде Аян қайда екен? Тірі ме екен? Ондай бала тірі болуы тиіс. Ондай бала алдына қандай мақсат қойса да, оған жетеді. Ал тірі болса, Жусандытөбеге бір оралмауы қалай? Жусанның иісін сағынбауы мүмкін емес». Шығарманы өз ойларыңмен аяқтаңдар.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Жазушы шығармасынан ең ұнағаны не? Әңгіменің көркем тілі қандай ой салады? Кейіпкерлер жүйесіне өзгеріс енгізер ме едіңдер?

1. Әріптердің орналасуына мән бере отырып, «Жусан иісі» повесіне қатысты көп сөзді кім таба алатынын анықтаңдар.

А	р	м	а	н	с	а	й	ы	н
қ	т	ө	р	ж	а	н	б	б	а
ы	о	А	я	н	д	а	л	а	м
Ж	б	с	а	н	а	у	а	п	ы
с	ы	н	ы	қ	ш	ы	н	а	с
х	қ	е	с	і	к	б	а	й	у
а	с	ы	л	б	е	к	ө	к	е
т	а	р	б	а	с	а	д	ы	қ
а	п	а	р	е	р	т	е	г	і
у	т	ы	р	н	а	у	ы	қ	с

КЕЙІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

Сыныпта «Жусан иісі» повесінің кейіпкерлерімен кездесу өткізетіндей жағдай жасаңдар. Содан кейін кейіпкерлерді тізімдеп алыңдар. Кейіпкерлер бір топты құрайды, қалған оқушылар кездесуге қатысушы рөлінде болады. Солайша сұхбат өткізіңдер.

Оқырмандар тобындағы оқушы өзі таңдаған кейіпкердің атын атап, «..., мен сізбен кездескенім үшін қуаныштымын. Сізге қояр бір сауалым бар», – деп, сұрақтарыңды қойыңдар. Кейіпкер рөліндегі оқушы ол сұрақтарға жауап береді. Соңында мұғалім сөйлеу мәдениетіне байланысты қорытынды жасайды. Өздерің қойған сұрақтарың мен тілектердің қалай шыққанын талдаңдар.



ОРАЛХАН БӨКЕЙ (1943–1993)

Оралхан Бөкей – ХХ ғасырда өмір сүрген талантты жазушы. Ол – қазақ әдебиетінің Кербұғысы атанған тұлға. Мемлекеттік сыйлықтың иегері, басқа да көптеген марапаттары бар.

1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданы Шыңғыстай ауылында дүниеге келген. Мектепті бітірген соң, ол еңбек жолын пионер жетекшісі болудан бастаған. Кейін тракторист те болды.

«Бригадир» деп аталған ең алғашқы әңгімесі мектепте жүрген кезінде жазылған. Осы әңгімесін жазғанында, шын берілгені сонша, кейін өзі де бригадир болғысы келген.

1968 жылы Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінде (бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде) оқыды. Осыдан соң газет-журналдарда қызмет етті. «Қазақ әдебиеті» газетінде бас редактор болды.

Оның алғашқы «Қамшыгер» деп аталған кітабы 1970 жылы жарық көрген. Осы тұңғыш кітабынан оның жазушылық таланты мойындалған. Кейін «Үркер», «Қайдасың, қасқа құлыным?», «Мұзтау», «Өн салады шағылдар», «Үркер ауып барады», «Біздің жақта қыс ұзақ», «Өз отынды өшірме», т.б. көптеген кітаптары жарық көрді. Жазушының шығармаларында туған жердің аяулы суреті бейнеленген. Оның әр жазғаны оқырманға тартымды, ой салатын дүниелер.

Жазушы өз өлкесінің тарихын, жер-суы атауларына байланысты аңыздарды, мәдени мұраларды жақсы білген. Өйткені оның әкесі Бөкей жырдастандарды, аңыздарды көп білетін. Балаларын Алтайдың өсем табиғатына алып шығатын.

Анасы Күлия – ділмар, ақындығы да, әншілік өнері де бар адам болған.

Оралхан Бөкейдің шығармаларындағы негізгі тақырып – адам тағдыры, табиғат пен адамдардың үйлесімді бірлігі. Осы екі арнаны шеберлікпен сабақтастырып, адамды ардақтау, оның ұлылығын жырлауды мақсат етті.



Оралхан Бөкей
(1943–1993)

Тірек сөздер

Алтай
Кербұғы
«Қамшыгер»



Оралхан Бөкей әңгіме, повесть жазумен ғана шектелмеген. «Құлыным менің» (1986), «Өнерге өлердей-ақ ғашық едім» (1995) атты драмаларды да жазған. Ол жазғандары пьесалар жинағында жарық көрді. Оның пьесалары қазақ сахналарында ғана емес, шет елдердегі театрларда да қойылған.

Оның шығармаларының желісі бойынша «Кісікіик», «Сайтан көпір» фильмдері түсірілді. «Кербұғы» әңгімесіне балет спектаклі де сахналанды.

Жазушының «Тортай мінер ақ боз ат», «Апамның астауы» деген әңгімелерін оқығанда, оқырман жазушымен бірге оның балалық шағына барып-қайтқандай әсер алады.

Оның шығармаларының, атап айтқанда, «Тортай мінер ақ боз ат», «Апамның астауы», «Көк тайынша», «Қасқыр ұлыған түн», «Аспирант қыздың тракторшы жігіті», т.б. кейіпкерлері – өмірден алынған қарапайым адамдар. «Апамның астауы» әңгімесінде өз әжесі бейнеленген. «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіндегі Тортай – бала күнгі досы, жетім өскен, кітапты көп оқитын Жамболов Нұртай.

ТОРТАЙ МІНЕР АҚ БОЗ АТ

(әңгіме)

Біздің ауыл Салықсалғанның иығында отырған. Шілденің дәл ортасы болса да, бұл жерде қоңыр салқын, бұлтсыз күндері тамылжыған тамаша мезгіл басталушы еді. Не ыстық емес, не суық емес жайлаудың жаймашуақ сәтінде, төбеңнен көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспанға қарағайдың бүршігін лақтырып ойнайсың. Қанша құласаң, ауырсынбайтын, қанша құласаң жапырылмайтын күлтеленген күреңсе балапан табанымызға кілемдей жұмсақ тиюші еді-ау. Теңіз бетінен қаншама биік болғанмен, осы Салықсалғанның кез келген жеріне жерошақ қазсаң, көлкілдеген су шыға келетін. Әсіресе, жаңбырлы күндері қырдан құлаған лайсаңға айналып, шошайтып-шошайтып қарағай бөренеден қиып салған үйлердің мазасын кетіретін. Ол кезде колхоз. Колхоздың сиыры күніне үш рет сауылады. Ал әр сауынның арасында шөп шауып, оны маялайтын. Кеште, тіпті, түні бойы сеператорға сүт тартып, май шайқайтын. Шаршау дегенді білмейтін қызкеліншектер соғыс жылынан кейінгі бейбіт күннің

Тірек сөздер



Салықсалған
Тортай
Тас күрке
Ораш
Үлкен кісі
Торы ат



шуағына жылынып, сызылта өн салатын. Тау арасында жылтылдатып от жағып, өн шырқағанда, лаулаған жалын бақсыдай тілін жалаңдатып, күй шертіп, тау-тасты күңіrentіп тұрғандай әдемі сезілуші еді-ау. Біздер – балалар, күні бойы өгіз үйретіп, бұзау жаямыз, үш уақ сиыр сауғызамыз. Ымырт үйіріле, алтыбақан құрған азаматтардың маңайында арпалысып, тиіп-қашып ұлардай шулап ойнап жүргеніміз. Біздің ішімізде менен екі-үш жас үлкендігі бар Тортай атты бала болушы еді. Өке-шешеден тым ерте айырылып, алыстан қосылар аталастарының есігінде жүретін. Қой аузынан шөп алмас жуас, құлағының сөл мүкісі бар, бала болып көп ойнамайтын жасқаншақ еді. Бәрімізден гөрі ерекшелігі – таңертеңнен кешке дейін бас алмай, кітап оқи беретін. Қолына не тисе, соны талғамсыз оқитын Тортай ортамыздағы білгішіміз, аузымызды ашып тыңдар абызымыз сықылды.

Тортай, әсіресе, мені жақсы көреді. Жанынан бір елі қалдырмайтын. Өкем ферма меңгерушісі, үйде ішім-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді. Шешемнің қолынан – бір, жолынан – екі алып, әр күн сайын Тортайға таситынмын. Ол мені алдап, тамақ үшін дос болмайтын, қайта: «Мен аш жүргенім жоқ, әкеле берме», – деп ұрсатын-ды. Өз бейілі мен көңіл хошы болмаса, ләм деп аузын ашпайтын, әрі құлағы қақас еститін болған соң, әңгімеге зауқы бола бермейтін. Тек менімен ғана оңаша сәттерде ағыл-тегіл әңгіме құрушы еді.

Бір күні мен Тортайды көп іздеп, әрең таптым. Тұрған үйі аузына келгенін айтып, ұрсып қуып жіберіпті. Салықсалғанның ұшар басындағы қалың тас қорымның үңгіріне кіріп, от жағып отыр екен. Мені көрген соң, қуанып қалды. Орнынан атып тұрып:

- Мені қалай таптың, ей? – деді.
- Сенің үйің – осы тас күрке емес пе?

Тортай тас күркені ұядай қылып жинап, тазалап қойыпты. Бұдан бұрын да осы жерге сан рет келіп, мекеніне айналдырған секілді. Қайран қалдым. Ағаштан қиып, нар жасап, үстіне шөп төсеген. Өзіне тиесілі кітаптар әбден көп оқылғандықтан, жемтір-жемтір болып бір бұрышта жинаулы тұр. Төр алдына ешкінің терісі төселген. Қарағайдың жуан кеспелтек шөркесінен стол жасап, майшам қойыпты. Тастан қаланған жерошақта маздап жанған от. Сіркіреп жаңбыр жауды. Үңгірге су тимейді екен. Күн бұлтты болған соң ба, ымырт ерте үйіріліп, көз байлана бастады. Үйден ұрлап алып шыққан нан мен ірімшікті столдың үстіне қойдым. Нардың шетінде жалаң аяғын салбыратып үнсіз отырған Тортай: «Рақмет», – деді. Үні бір



түрлі көңілсіз, қарлығыңқырап шықты. Ешкім жоқта жылаған секілді, оттың сәулесі тиген көзі қызарып, домбығып тұр еді.

– Өке-шешен іздеп жүрер, үйіне қайт, қорықсаң, мен шығарып салайын, – деді Тортай. «Өке-шешен» деген сөзді қырсығып айтқандай болды. Ал өке-шешемнің тірі, жер басып жүргеніне мен кінәлі емес едім.

– Сенің жаныңа жата кетсем қайтеді, – дедім оттың шаласын ысырып.

– Қайтасың! – деді ол міз бақпай. Мен бүгін оны мүлдем танымай отырмын. – Қайтасың, өке-шешен менің басымды жарады.

– Жармайды. Сен мені қума, дос емес пе едік.

– «Ораза-намаз – тоқтықта ғана» деген. «Тоқ бала аш баламен ойнамайды» деген.

Мен жауап бере алмадым, үндемеген қалпы, мыңқиып отыра бердім. Тортай мең-зең. Лаулаған отқа тесілген күйі күрсінді. Содан кейін нардан қарғып түсті де, тас үңгірдің тесігінен сыртқа үңілді.

– Жауын ұзақ жауатын түрі бар. Төңірек тұтасып алыпты. Қонғың келсе, қона ғой, – деді маған. Өзі тізесіне салып қу бұтақты сындырды да, отқа тастады. Мен әкелген ірімшікті бір асап нарға қайта мінді. Содан соң «Аласталған Алитет» деген кітапты қолына алып әрі-бері аударыстырды да, ірге жаққа лақтырып жіберді. Жаңбыр толастар емес, құлаққа тасқа тиіп тайғанап жатқан сыбдыр-сыбдыр үн естіледі. Күркіреп, сарқырамай ұрлана жауған нөсер, қайдағы-жайдағыны еске түсіріп, қиял дүниесіне жетелейді, немесе маужыратып ұйқыны келтіреді екен.

– Босағада отырғаның не? – деді Тортай. Бағанадағыдай емес, көңілденейін депті. – Кел жаным, мен сені тым жақсы көремін. Бастықтың баласымын деп мұрныңды көкке көтермейсің, қарапайымсың.

Тасошақтағы оттың сәулесі қабырғаларға түсіп, қоңырқай тартады. Төбеде тесік бар-ау деймін, тырс-тырс тамшы тамады бір жерден. Біз ертектегі ескі дүниеде отырғандай едік. Менің кеңсірігім ашып, бір түрлі жылағым келді.

– Тортай, – дедім.

– Ау, – деді.

– Өңгіме, не ертек айтшы.

– Баяғыда бір жетім бала болыпты, – деп бастады... – баяғыда бір жетім бала болыпты... – әрі қарай күңгір-күңгір, күбір-сыбыр ертекке айналды. Бүгінде менің есімде Тортай айтқан ертектің көбі қалмаған, тіпті сол арманшыл баланың өзін де ұмытқандай едім... Тек «Баяғыда бір жетім бала



болыпты» деп басталушы еді, ал, қалай аяқталатынын білмеймін, мүлдем есімде жоқ, қалай аяқталушы еді?..

Менің жадымда тамаша сақталғаны, ол тас үңгірде шөп төселген нардың үстінде жатып, оқыған кітаптары мен өзінің арман-қиялы туралы түн ортасы ауғанша айтқан күбір-күбір әңгімесінің еміс-еміс елесі ғана. Мені жып-жылы қойнына алып, ағалық ақылын айтатын тым зеректігі еді.

– Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол – кітап, – дейтін. – Өкем де, шешем де сол – кітап. Кейбірін екі-үш қайтара жалықпай оқып шықтым. Жалғыздығың, жетімдігің, бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Өттең, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап жазып, жазушы болғым келеді.



Ақ жауын сіркіреп тұр. Тасошақтағы от қоламталанып, үңгірдің ішіне қорқыныш ұялап, қараңғылана бастаған. Тортай әлі сөйлеп жатыр, сөйлеп жатыр... Арманы таусылар емес. Демі құлағымның түбіне жып-жылы болып сезіледі, ептеп қытықтайды. Мен үнсіз тыңдай беремін. Әлде тоңазығаннан, әлде қорқыныштан, Тортайдың бауырына тығыла түсемін.

Жайлаудың жадыраған ашық күндерінің бірінде Тортайға еріп бұзау бағуға шықтым. Менікі еріккеннің ермегі сықылды еді. Тас шоқының ұшар басына дейін бұзауларды өргізіп бардық та, еркіне қоя бердік. Өйткені төрт аяқты мал бұл жерден ұзап ешқайда кете алмайтын. Биіктеген сайын қалың барағы орман таусылып, таудың таз төбесі басталатын. Заңғар таудың төбесінде үнемі суық жел соғып тұратындықтан, ағаш болмайды және шөп те бойлап қалың өспейтін тақыр. Жазды күндері үнемі сезімді сергітер майда леп есіп тұрар еді. Ал шоқылар өркеш-өркеш болып, көк күмбезіне найзадай кіріп, ұшпалана қол бұлғайтын. Қыздың жиған жүгіндей тай-тай, тең-тең жақпар тастың ара-арасына тас сарымсақ өседі. Тортай екеуміз тыртысып, қол-аяғымызды жаралай, сол биікке шығып, сарымсақ жұлып жегенбіз. Бұл тұстан таудың балағы алақандағыдай көрінеді. Сонау шатқалда Алтайдың шолпысындай мың бұралып, ағараң қағып, Бұқтырма өзені күмістене ағады. Ал біздің ауылымыз көкжалқақ мұнар пердесіне тұмшаланып, тек нобайы ғана сұлделенеді. Қына басқан тасқа құлап кетердей болып атша мініп отырған Тортай анау көк мұнар дүниеге бірдеңесін жоғалтып алғандай көзін сығырайтып ұзақ қарады-ай. Сонсоң шығыс жақты нұсқап, ереуілдеп сөйлей жөнелетін.

– Ей, – дейтін маған, танауы делдиіп, – егер осы тұрған жерімізден тұптура шығысқа тартып кетсек, қайда барар едік? Білемісің (мен иығымды көтеремін), ө, білмейсің. Монғолиядан бір-ақ шығар едік. Сен болмасаң, мен жүре беруден әсте шаршамас та, қорықпас та едім. Рас айтамын, Монғолияға барар едік. Бізді «о, қазақтар келді» деп құшақ жая қарсы алар еді. Аппақ киіз үйге кіргізіп, тай сойып қонақ қылар еді. Боз биенің сүтіне шомылдырып, алдымызға астау-астау қазы-қарта қояр еді. Ішеріміз – алдымызда, ішпесіміз – артымызда, қымызға қызыңқырап шөниіп жатқанда, ақ отаудың есігін ептеп ашып, ай мен күндей қос ару кірсе... өттең, дүние-ай, армансыз күліп-ойнасақ, содан соң... содан соң екеумізге екі ақ боз ат мінгізіп, әлгі екі сұлу қызды алдымызға өңгеріп елге қайтсақ. Алдымыздан ферманың бүкіл сиыры, бұзауы, түйесі, барлық адамдары қақ жарылып қарсы алып, шулап соңымыздан ерсе... өттең, дүние-ай, мұндай рақаттан кейін өліп-ақ кетсең, не арман...



Тортай көзі жайнап, астындағы жақпар тасты тебініп-тебініп қалғанда, ар жағындағы шатқалға құлап кетеді екен деп, зәре-құтым қалмайды.

– Ақ боз ат демекші, түнде түсімде көк өгізім арғымақ болып, жер таршып кісінеп тұр. О несі екен? – деп, бұзауларымен бірге кәперсіз оттап жүрген өгізіне күн сап қарады.

– Тортай, сен түбі сол ақ боз атқа мінесің, – дедім мен шын көңілімнен.

– Қайдан, – деді ол тастан-тасқа секіріп, төменге түсіп бара жатып. – Қайдан білейін... Әкем марқұмның тақымы қотыр тайға тимей кетіп еді, қайдан білейін.

Күз жақындап, фермадағы барлық бала жайлаудан ауылға оқуға аттанғанда, тау басында бұзау бағып, жападан-жалғыз Тортай ғана қалған. Өрине, мен оны қимадым, қиналдым. Өзіммен бірге ала кететін шаманың жоқтығына жыным келді. Кетерімде, ол маған ең сүйікті кітабын сыйлап тұрып айтты: «Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақ боз атқа сен мінерсің».

– Сенің өз ақ боз атың бар емес пе?

– Жоқ, менің маңдайыма көк өгіз жазылған.

– Онда мен ақ боз атымды саған сыйға тартамын.

* * *

Содан бері көп жылдар өтті. Мен Тортайды да, ақ боз атты да әлдеқашан ұмытқанмын. Бір рет ауылға барғанымда, азаматтар сөз қылып отыр екен. Тортай үйленбек болып ішкері жақтан жуаस्ताу бір қызға сөйлеседі. Сонда қыз: «Жеке басыңды қорламаймын, мен көндім, бірақ жаман-жақсы болса да, әке-шешем бар, солардың ықыласынсыз кете алмаймын, өзің алдарынан өтіп қайт», – деген екен. Содан Тортай атына міне шауып, қыздың үйіне барады. Сәлем алысқан соң, қалыңдықтың әкесі: «Кімнің баласысың, шырақ?» – деп, жөн сұрағанда, құлағының мүкісі бар Тортай ұқпай қалып: «Малдан келдім, ата», – деп қойып қалса керек. Ха-ха-ха... Шал: «Саңырауға қызымды бермеймін», – деп, ит қосып қуып салыпты.

Елге енді бір рет барғанымда естідім. Тортай үйленген. Екі-үш баласы бар. Қой бағады екен.

Былтыр жазда демалыс алып ауылға тағы бардым. Әкемнің төрт бөлмелі, бау-бақшалы үйінде еркін сайрандап, тойып жеп, тасырандап жүрмін. Шешем бәйек болып: «Не ішесің, не жейсің, құлыным?», – дейді зыр



жүгіріп. Түске жақын жұп-жұмсақ диван үстінде шалқамнан түсіп серейіп, газет оқып жатыр едім. Алдыңғы бөлменің есігі әндетіп ашылды да, әлдекім кіргендей болды. Көрші-қолаңның бірі шығар деп, аса мән бере қойғаным жоқ. Әйтеуір, шешеммен сөйлесіп отырды. Әңгіме күңгірлеп еміс-еміс естіле берген соң, есіме баяғы бір қоңыр үн түсіп, еріксіз құлағымды түрдім. Келген – Тортай екен...

– Төте, айып етпеңіз, әншейін. Орашқа амандасайын деп, өзімсініп келіп едім...

– Ол ұйықтап жатыр, – деді шешем. – Оятпай-ақ қоялық. Төрге шық, отыр.

– Жо-жоқ, о не дегеніңіз, төте, маған осы босаға да жетеді, әншейін Ораш келді деген соң, амандасайын деп, баяғыда... бала кезде бірге өстік... талай рет бұзау жайып едік; енді, міне, ел таныған азамат болды... айып етпеңіз, мен қазір кетемін, төте... Ораш келді деген соң... жалғыз ұлың ғой, құдай қуат берсін... бізді қойшы... біз ондай үлкен кісілердің садағасымыз ғой... рақмет, төте, тамақ ауыз тиейін; осы құрғырды жақпаса да, баз-базында ішіп қоятыным бар... ал, төте, Орашың аман жүрсін... атағы аспандай берсін... қол қойдырып алайын деп, мына бір кітабын қойныма тыға келіп едім, тағы да соғармын... малдан қол тие бермейді... қыстай жемдеген торы атты управляющий алып қойған, төте, мың салса, баспайтын тағы бір тырақысын берді, «саған осы да жетеді, торы атты озат шопан мінеді» дейді... ал, кеттім, рақмет, төте... келді-кетті деп сөге жамандамаңыз; әншейін Ораш келді деген соң, үлкен кісі ғой... бірге өскен, сәлем берейін деп... мен келді деп, тіпті айтпаңызшы, төте, ұят болар, ал сау болыңыз, рақмет... итіңдеп баяғы өзіңіз білетін Салықсалғанға жеткенше, түн ортасы болар... өзіңіз білесіз, Салықсалған алыс, өте алыс... Монғолияның бер жағында...

Мен сұлап жатқан орнымнан белім кеткендей, тұра алмадым. Шынымды айтсам, ұялдым – Тортайдан ұялдым. Батылым бармады. Бет-жүзім шыдамады. Сонда ғана менің есіме «Баяғыда бір жетім бала болыпты...» деп басталатын ертектің қалай аяқталары оралды. Е-е, осылай аяқталады екен ғой, осылай...

Тортай мінер ақ боз ат... менің тақымымда кеткендей еді... иесіне қайтаруға кеш еді...



Тыңдау CD 3-2. Оралхан Бөкей. «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі.
Оқыған: Наурызбек Құдайбергенов





СӨЗДІК

Тақым – тізенің астыңғы, ішкі жағы.

Шәниіп жату – паңсынып шірену.

Қақас есту – жаңылыс есту; құлағының мүкісі бар дегенді айтқаны.

Кеспелтек – жуантық келген қысқа, келте деген мағынада.

Сеператор – сүттен қаймақ айыратын құрылғы.

Шөрке – арамен кесілген кеспелтек ағаш.

Жер-су аттары:

Алтай – таудың аты.

Бұқтырма өзені – Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай, Зырян аудандары жерімен ағып өтеді. Ертістің оң саласы.



Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Оралхан Бөкейдің жазушы екенін		
Шығармаларын		
Туған жері		

1. Келесі сөздерді Оралхан Бөкейдің өмірімен байланыстыра отырып, әңгімелеңдер.

Қажетті сөздер: талантты жазушы, Шығыс Қазақстан облысы, «Бригадир», Қазақ мемлекеттік университеті, редактор, «Үркер», «Мұзтау», «Тортай мінер ақ боз ат», Күлия, адам тағдыры, табиғат пен адам үйлесімділігі.

2. «Пейзаж» деген не?

3. Әңгімеде қай өңірдің табиғаты суреттелген?

4. «Достық» дегенді қалай түсінесіңдер?



5. Шығармадағы Тортай мен автордың достығы туралы не айтар едіңдер?
6. Шығарма неліктен «Тортай мінер ақ боз ат» деп аталған?



1. Әңгіме мазмұнына байланысты жазушының өмір сүрген кезеңі туралы әңгімелеңдер.
2. «Тортай тас күркені ұядай қылып жинап, тазалап қойыпты» деген сөйлемге сүйене отырып, Тортайға мінездеме беріңдер.
3. Тортайдың сөздеріне сүйене отырып, автор бейнесін ашыңдар.

№	Тортайдың сөзі	Автор бейнесі
1.	Мені қалай таптың, ей?	Шынайы, адал дос
2.	Әке-шешен іздеп жүрер, қорқасың, мен шығарып салайын.	Толық отбасының баласы
3.	«Тоқ бала аш баламен ойнамайды»	
4.	Қонғың келсе, қона ғой.	
5.	Кел жаным, мен сені жақсы көремін. Бастықтың баласымын деп, мұрныңды көкке көтермейсің, қарапайымсың.	
6.	Мен үшін де оқы. Бәлкім, мен міне алмаған ақ боз атқа сен мінерсің.	

4. Ақ боз атты Тортай емес, автордың мінуіне не себеп болды деп ойлайсыңдар? Өз ойларыңмен айтыңдар.



1. Әңгіменің идеясын анықтаңдар.
2. Әңгімеге жоспар құрыңдар.
3. Шығарма мазмұнындағы Тортайдың тағдыры мен табиғат құбылысы арасындағы байланыс туралы әңгімелеңдер.
4. Автор өмір сүрген кезең мен қазіргі кезеңді салыстырыңдар.



Шығармада баяндалған кезеңдегі балалардың өмірі	Қазіргі кезеңдегі балалардың өмірі	Менің ойым
Біздер – балалар, күні бойы өгіз үйретіп, бұзау жаямыз, үш уақ сиыр сауғызамыз.	Қазіргі балалар күні бойы ғаламторда отырып, ойын ойнайды.	Автор бала кезінен еңбек еткен. Еңбек адамның бойы мен ойын өсіреді.
Тортай таңертеңнен кешке дейін бас алмай, кітап оқи беретін.		
Әкем – ферма меңгерушісі, үйде ішіп-жем мол, ит басына іркіт төгіліп жатушы еді.		
Сенің үйің осы тас күрке емес пе? Тортай тас күркені ұядай қылып жинап, тазалап қойыпты.		
Төр алдында ешкінің терісі төселген. Қарағайдың жуан кеспелтек шөркесінен стол жасап, майшам қойыпты. Тастан қаланған жерошақта маздап жанған от.		
Әңгімесінің «Баяғыда жетім бала болыпты...» деп басталуы.		
Тортай, сен түбі ақ боз атқа мінесің.		
Тортай үйленген, екі-үш баласы бар. Қой бағады.		

5. Хрестоматиядан жазушының «Апамның астауы» атты әңгімесін оқыңдар.



1. Шығармадағы автордың іс-әрекетіне баға беріңдер.
2. Шығарма кейіпкері Тортайға хат жазыңдар.
3. «–Бұл дүниеде мен пір тұтар, сырласар жалғыз-ақ нәрсем бар, ол – кітап, – дейтін. – Әкем мен шешем де сол – кітап. Жалғыздығың, жетімдігің, бәрі-бәрі ұмытылып, басқа бір жұмақты өмірге сапар шеккендей боламын. Өттең, жағдай келсе, оқуымды одан әрі жалғастырып, Алматыға аттанар едім. Шынымды айтайыншы, кітап



жазып, жазушы болғым келеді». Үзіндіні талдай отырып, Аянның кітапты қалай қадірлегенін әңгімелеңдер.

4. «Қазіргі таңда оқулықтардың алар орны» тақырыбына пікірталас жүргізіңдер.
5. «Менің сүйікті кітабым» тақырыбына әңгіме жазыңдар.



1. Тортайдың қандай қасиеттерінен үлгі алуға болады?
2. Автордың қандай қасиеттерінен үлгі алуға болады? Сендерден автордың бойындағы қандай қасиеттерді байқауға болады?
3. «Ақ боз атқа міну» деген сөз тіркесінде қандай мағына бар? Мұнда көркемдеуіш құралдың қай түрі қолданылған?
4. Әр адам арманына жету үшін қандай қасиеттер керек деп ойлайсыңдар?
5. Өздеріңнің армандарың қандай? Ол арманға жетуді сендер бейнелі түрде қалай елестетесіңдер? Болашаққа қандай мақсат қояр едіңдер?



1. Әңгімені оқи отырып, өз ойларыңды айтыңдар.
2. «Менің арманымдағы ақ боз ат» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

«– Ақ боз ат демекші, түнде түсімде көк өгізім арғымақ болып, жер тарпып кісінеп тұр. О несі екен? – деп, бұзауларымен бірге көперсіз оттап жүрген өгізіне құн сап қарады».

Осы үзіндіден қандай ой түйдіңдер? Шығарма шешімі бойынша ақ боз атқа кімнің қолы жетті?

- а) Тортайдың қолы жетті
- ә) жазушы Оралхан Бөкейдің қолы жетті
- б) Ораштың қолы жетті
- в) Бұл – қиял, ешкімнің қолы жетпеген.



ОҚУШЫ КҮНДЕЛІГІ

Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесін оқығаннан кейін қандай әсерде болдыңдар? Қай кейіпкерге сұрақ қояр едіңдер және оған қандай ұсыныс айтар едіңдер?



САЛЫҚСАЛҒАН НЕНІҢ АТАУЫ?

Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінде: «Біздің ауыл Салықсалғанның иығында отырған» деп басталған. Одан кейін шығарма бойынша: «...Салықсалғанның кез келген жеріне ошақ қазсаң, көлкілдеген су шыға келетін. ...Тау арасында жылтылдатып от жағып, өн шырқағанда, лаулаған жалын бақсыдай тілін жалаңдатып, күй шертіп, тау-тасы күңіrentіп тұрғандай әдемі сезілуші еді-ау. ...Жайлаудың жадыраған ашық күндерінің бірінде Тортайға еріп, бұзау бағуға шықтым». ...Сонау шатқалда Алтайдың шолпысындай мың бұралып, ағараң қағып, Бұқтырма өзені күмістене ағады. ...Сау болыңыз, рақмет... итіңдеп, баяғы өзіңіз білетін Салықсалғанға жеткенше, түн ортасы болар... өзіңіз білесіз, Салықсалған алыс, өте алыс... Моңғолияның бер жағында....» деген ақпараттар берілген.

Тапсырма: Сонда Оралхан Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» атты әңгімесінде Салықсалған деп аталған географиялық атау нақты ненің атауы?

Ескерту: Жауаптың бірнеше дұрыс нұсқасы болуы мүмкін.

Жауап нұсқалары:


- a) ауылдың аты.
- b) адамның аты.
- c) жердің аты.
- d) таудың аты, оның баурайындағы жайлау да осылай аталған.

Жазушы Оралхан Бөкейдің туған жеріне және «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесіне қатысты сөздерді тауып, қай оқушының жеңімпаз болатынын анықтаңдар.

Қ	а	з	а	қ	а	р	м	а	н
к	ш	ы	ң	ғ	ы	с	т	а	й
ш	ы	н	т	о	р	т	а	й	т
к	а	л	а	ж	а	л	ы	а	
і	т	О	Р	А	Л	Х	А	Н	с
т	а	Қ	а	з	а	қ	с		к
а	у	о	ж	у	а	с	т	ы	ү
п	О	р	а	ш				а	қ
о	д	а	р	ы	н	д	л		к
ш	ы	ғ	ы	с	а		ғ		е
Б	ұ	қ	т	ы	р	м	а		
а	л	и	т	е	т		н		
р									



ҚАЛМАҚАН ӘБДІҚАДЫРОВ (1901–1964)



Қалмақан Әбдіқадыров
(1901–1964)

Қалмақан Әбдіқадыров – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі. 1901 жылы 15 сәуірде қазіргі Қызылорда облысы Шиелі ауданы Шиелі ауылында дүниеге келген. Жастайынан қиындықты көп көрген. Ата-анасы, бір қарындасы ашаршылық жылдары ерте қайтыс болғандықтан еңбекке ерте араласқан.

Бала жасынан өлең, жырға, ертегі тыңдауға және оны айтуға құмар болған. Бұл оның әдебиетке келуіне ықпал еткен.

Алғашқы өлеңі «Сырдария» деп аталған, ол 1925 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған. Тұңғыш өлеңдер жинағы «Жалшы» деген атпен 1928 жылы жарық көрді. Кейін «Екпін», «Шахтер», «Өлеңдер» деген жинақтары шықты.

1938–39 жылдары Жамбыл Жабаевтың әдеби хатшысы қызметін атқарды.

1939 жылы өзі сұранып, соғысқа аттанып, Екінші дүниежүзілік соғысқа соңына дейін қатысқан. «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталған.

Ол соғысқа дейін де, майданнан кейін де шығармаларында еңбек адамдарын үлгі, өнеге етті. «Май», «Батыр», «Сәтбаев», «Еділ-Дон», т.б. поэмалары бар. 1945 жылы жарық көрген «Серт» деген жинағына майданда жазған өлеңдері топтастырылған.

Қалмақан Әбдіқадыров балалар әдебиетін дамытуға көп үлес қосты. «Өміртайдың ауылы», «Алатаудың бауыры» (1935), «Амантай» (1936), «Тапқыш» (1937), «Тәтті қауын», «Өке мен бала», «Ақ тұяқ», т.б. өлеңдері мен әңгімелері тартымды жазылған, кезінде оқырманның жоғары бағасын алды.

Қалмақан Әбдіқадыров аударма саласы бойынша да көп еңбек сіңірді. Ол атақты «Мың бір түн» ертегісін парсы тілінен тікелей аударған. Бұл аудармасы үздік болып танылып, бірнеше рет қайта басылды.

Сонымен бірге Қ.Әбдіқадыров Шығыс әдебиетінің классиктері Әбілқасым Фирдоуси, Өлішер Науаи өлеңдерін, қырғыз А.Тоқомбаев, орыс жазушысы В.М. Кожевников шығармаларын аударды.



Оның жазушылық еңбегіндегі үлкен белес – «Қажымұқан» повесі. Бұл туынды 1951 жылы жарық көрді. Басты кейіпкері – қазақ халқының атақты палуаны, классикалық күрестің дүниежүзілік чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасов. Шығарманың «Бұл берген уәдем еді» деген кіріспесінен жазушының үйіне күш атасы Қажымұқанның өзі келгенін, бұл 1941 жылдың көктем кезі екенін білеміз. Сол кезде даңқты палуан өз өмір жолын айтып берген екен. «Қажымұқан» повесі алғаш рет 1954–1956 жылдар аралығында жазылып, кейін жарыққа шыққан. Оның бұл кітабы бірнеше рет қайта басылды. Орыс тіліне де аударылды.

ҚАЖЫМҰҚАН (повестен үзінді)

ҚАР КҮРЕГЕН БАЛА

Ақпан-қаңтардың сақылдаған сары аязы. Қыламықтап қырау ұшқындап, барлық заттың сыртына мұздан сауыт кигізіп тұрды. Қызылжар қаласының орталық бір көшесіндегі қорада, үлкен сарайдың темір қақпасы кең ашылып, ішінен «һауһпалаған» дауыс естіліп жатты. Бұл саудагер Иван Ногичтің қоймасы еді. Күзде сойылған малдың еті мен майы енді ішкі Ресейге жөнелтіліп, оны таситын 60 пар ат шана жұмсайтын кіреші бай Орлий Масликов кіресін алып еді. Отыз пұт май құйып қатырған кеспекті он адам жабылып, орнынан қозғалта алмай жатты. Сарай ішіндегі дауыс солардың үні.

Қораны басқан қарды күреуге жалдаған он алтыдағы жас бала сарайға қайта-қайта қарай берді.

– Ей, сенің әкеңнің аты кім? – деді бүрме қара тонды қойманың басқарушысы.

– Оны қайтесің?

– Сұраймын.

– Құда түсейін деп пе едің?.. Айтатыныңды айта бер, – деді кішкене қара көзін жымита қараған бала.

– Сен онда неге қарайсың? Қарыңды күре де, тиісті тиын-тебеніңді алып, құры. Бөгде нәрсеге бұрылып қараудың саған қанша керегі бар? Соншалық сарайдың есігіне қарай бересің...

Тірек сөздер



Қызылжар
Қожайын
Жұмыс
Жалшы
Балуан



– Сен балдырламай, маған сонда не істеп жатқаныңды түсіндірші.
– Тау көтеріп жатыр.
– Сонда сарайға кірген тау көтерілмей жатыр ма? Шуылдап, басымды ауыртты. Өздері адам ба, шөпті – «сырғауыл көтеріп келдік» деген бақсының жыны ма?!

– О-хо-хо. Мынаның сөзі отыз пұттан гөрі ауыр жатыр екен. Жібер сарайға, көтерілмей жатқанның не екенін көрсін, – деді тұлыпты көмілтіп киіп, қақпа аузында тұрған саудагер.

– Ей, бар енді. Өне, мырза көріп тұр.

– Көрсө немене... – деп, қар күреген бала есік алдында тұрғандарды қаңбақтай қақтырып, сеңдей соқтырып, қаға-маға сарайға кіріп келді. Басқаны бүрліктірген аяз оған шыбынсыз жаз сияқты. Үстінде мақталы жыртық шапан, биялайын беліне қыстырып, бас киімін қолына ұстап, қимылдап жүрген кісілерге аңырая қарады. Тұрған орнынан жарты кездей ғана жерге өрең жылжыған кеспектің қасына жақындап, иығымен қағып, астындағы қалың тақтайды сықыр еткізді.

– Көтерілмейтін тауларың осы ма?

– Саған жеп-жеңіл көрініп тұр ма?

– Әй, тәйірі-ай... Соны да сөз деп айтып тұрсыңдар-ау. Тау дегенге таңырқансам, бұл шелектей-ақ ыдыс қой. Он кісі жабылып, қаланы «һаппа-лап» бастарыңа көтеріп жүргендерің осы ма? Өздерің шетке ысырылып, тиейтін шананды есік алдына әкеле беріңдер. Әй, әдемі тұлыптылар, қал-балақтап жүріп, бір жерлеріңді қақтырып аларсыңдар, кейін қаш!

– Мынаның сөзі қандай дөрекі! Қожайындарға қалай түйеден түскендей сөйлейді, – десті мұртына мұз қатқан жұмысшылар.

– Оны қоя тұр. Алдымен ауылдың алаңғасарының күшін көрейік! – деді іргеге қарай ысырылған екі мырза.

Бала еңкейе беріп, кеспекті иығымен нығырақ тіреп, қағып жіберді. Астына салған сүймендер мен қада ағаштар шатыр-күтір етіп, біріне-бірі қағысып, бастары шошаңдасты да, отыз пұт тоң май құйған кесек екі-үш қаққанда желге ұшқан ебелектей домаланып, сарайдың есігіне барып та қалды. Шой табан екі завод атын жеккен жүк шанаға қалай барып түсіп қалғанын тұрғандардың көзі шалмай да қалды.

– Ей, мынауың не істеп жіберді?

– Не істегенін көрмей тұрмысың! Оның орнынан қозғай алмаған кеспекті шанаға апарып салып қойды.

– Айтайын дегенім ол емес-ау, қожайын, тегі, осы кәдімгі адам ба?..



- Енді кім?
- Бір жақтан келген дию ма, пері ме, бірдеңе шығар өзі.
- Не де болса, оның көтере алмағанды бір өзі көтере салды, жарайды. Міне, саған елу тиын, – деді май салған кеспектің қожасы.
- Жиырма тиынды мен берейін, – деді Масликов кең барқыт шалбарының қалтасына баржиган семіз қолын сұғып жатып.
- Майлы бай, қанша қорбаңдасаң да, қолыңа бір сомдық сары шұнақ ілінбеді-ау, – деді екі бай бірін-бірі өзілмен қағысып.
- Сен енді байыдың. Қар күрегеніңе тиын алмай, – деді қораны күретіп жатқан қамбашы.
- Былшылдамай, уәделескен он бес тиыныңды әкел. Мен бай кісі емеспін, ол маған тамақ болады. Жетпіс тиынды ауылдағы тарығып отырған әжеме жіберем, – деді жалпақ қайың күрекпен шөмеле қарды биік қорадан асыра атып жатқан, беті бұрқыраған термен буланған бала.
- Орлий, сен маған мырзасынған былшылықты айтпай, мына қазақты қолыңа түсіріп ал. Кірекешіңе мұндай адам керек қой. Ол реті келгенде жиырма кісінің жұмысын істейді. Жотасына қарашы, буыны қатпаған бала, шойыннан құйған алыптардың ескерткіші сияқты...
- Өзім де соны ойлап, жиырма тиын сыйлап тұрмын. Бірақ ол жиырма кісінің тамағын да ішеді ғой. Өзің айтқандай буыны қатпаған бала, созыла беретін резеңке қанар сияқты болады.
- Немене, саған үсіген картоп пен Есілдің сасыған шабағы жетпей ме? Бере бер астырып...
- Иә, оның да есебін табармын. Қысы-жазы құмырсқадай шұбыртып жүргізіп отырған кіреге мұндай күш керек. Әсіресе, ұзақ сапарға таптырмайды.
- Бала қарын күреп болып, тиынын алған соң, Масликов қойын дәптерін алып, балаға жымия қарап, әңгімеге кірісті.
- Бала, сен қайдан келдің, ө?.. Мен білем, сен Қызылжардыкі емес. Қай болыс, қай ауылдыкі?
- Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама ауылынан.
- Өкеңнің аты кім?
- Мұңайтпас Ернақов.
- Өз атың кім?
- Мұқан. Оны қайтесің?
- Сенімен тамыр болғым келіп тұр...
- Тамыр болып ат мінгізесің бе?



- Жарайды, мінгізейін. Сен маған жігіт боласың, дұрыс па?
- Болайын, айына не бересің?
- Мен саған бәрін берем. Тамақ менен болады. Сенің киімің жоқ, киім берем, сондай айлық берем, айың – бір сом сексен тиын.
- Ей, тамыр, оның аз ғой. Рас, мен жұмыс іздеп келдім. Әжем, әке-шешем бар, кедей кісіміз. Ең болмаса, менің тапқаным солардың қант, шай, нанына жететін болсын, аздап қосыңқыра.
- Менен басқа кісі саған сексен тиыннан артық бермейді. Мен сені аяп, үлкен жігіттерге беретін айлық беріп тұрмын. Оның үстіне мына алпамсадай денеңе, киім-кешегіңе, ішетін тамағыңа екі-үш жігітке беретін қаржым артық шығатынын білесің бе?
- Бала ойланып тұрып-тұрып, келісімін берді.
- Болашақ атақты палуан Қажымұқан Масликовқа осылай келіп, жалшылыққа тұрды.

* * *

Мұқан Масликовтың үйіне келген күні, жалпы кіреші жалшылар жататын жатақханаға орналасты. Сабан төселіп, пеш қойған сарайдың бір бұрышы тиді. Сонда түнеп шықты. Ертеңіне қожасы Мұқанды өз үйінің ауыз бөлмесіне шақырып, отыз пұт кеспекті доп қылып домалатқан дәуді өзінің әйел-балаларына, қонақтарына көрсетіп, оның көп жігітінің бірі болғанын айтты. Күшті баланы айнала қарасып, бойын аршындап, салмағын өлшеп, Масликовтың кереметтей етіп айтқанына сенбеді.

– Бұл қалай отыз пұт көтереді? Бойы жарым кез, салмағы 200 қадақ, рас, мойны, қол-аяғы жуандау. Бірақ отыз пұт жүкті көтеруі мүмкін емес, – деп, есепшісі өзінің өгіз өлшейтін есебін айтты. Өз сөзін қостамағанына Масликов та ренжіп:

– Жарайды, ендеше Мұңайтпасовтың кереметін кейін көрерсіңдер, – деді.

– Ал, бала, қалай ұйықтадың? Жатақхана жылы ма екен? Жігіттердің арасы көңілді болар? Олар домбыра тартады, өлең айтады, карта ойнайды. Шынында да, біздің үйден сендердің жатақханаларың қызық...

Қажымұқан бір түрлі көңілсіздік кейпін көрсетіп:

– Қожайын, мен ол жағын білмеймін, түнімен ұйықтағаным жоқ.

– Неге? Ішінде ұрыс, жанжал көп пе екен? Жанжалдасса, төртеу-бесеуі жиылып отыз пұт болмайды, лақтырмайсың ба, шетінен...



– Жоқ, айта көрмеңіз... әжем «Ұрысқан жаман болады» деген. Менің төбелес, жанжалға жаным қас.

– Енді неге ұйықтай алмадың?

– Ұйықтай алмағаным, төсеген сабанның арасында тышқан бар екен. Олардың шиқылдаған даусын естісем, зөрем кетеді.

Масликовтың үй іші, өзі қосылып қарқылдап, көздерінен жас аққанша күлді. Оның жататын жердегі тышқандардан қорқатынын енді ұққан қожайын ойлана қарап, сөзінің соңында күлген жоқ.

– Міне, отыз пұт көтерген палуан... Тышқаннан басқа тағы неден қорқасың?

– Онан басқа еш нәрседен қорықпаймын.

– Қасқырдан ше?

– Ой, тәйірі, қасқыр, аю, қабан дегендер – ит емес пе, иттен кісі қорқа ма? Тек мына, адам жататын жерде тышқанның шиқылдағаны жаман...

Мұқанды ас үйінің ауыз бөлмесіне жатқызатын болды да, өзіне екі ат, бір шана беріп, шөп, отын әкеліп тұру жұмысын тапсырды.

ЖАЯУ СҮЙРЕГЕН ШАНА

Сағаттың тіліндей айналған күн өте берді. Мұқанның қарағайды қамыстай қаусатып, қолымен тартып құлатқаны, талай ауыр жүкті жалғыз тиегені аңыз болып айтылып жүрді. Челябинск, Қазан, Уфа, Самарға бірнеше рет барып та қайтты. Бойы өсіп, буыны қатая түсіп, он сегіздегі жігіт болды.

Қыс ортасы ауып, февральдің ішінде, үсті-үстіне төпеп қар жауып, Қызылжар айрықша суытты. Масликовтың үйіне отын да, шөп те шақ келмеді. Ауыр жұмыс қайда болса, Мұқанды сонда жұмсау әдетке айналды.

Айдың аяғына таман ішкі Ресейге кеткен көліктер келіп, қаладан жиырма шақырым жердегі шөпке, Мұқанның қасына төрт шана қосып, бес көлік жіберді.

Масликовтың үй ішіне Мұқанның ауыр мінез, тіл алғыш, төртіптілігі қатты ұнаған еді. Ол қандай жұмыс тапсырылса да, орындап келетініне әбден сенді. Сондықтан:

– Митька (оны Масликовтың үй іші Мұқан деуді қиын көріп, «Митька» деп атап кетті), мүмкіндігің болғанша, шөпті тез жеткізуге тырыс. Басқаларға қарамай, шөбіңді алдымен тиеп ал да, келе бер. Жолда болдырған аттар тілін тістеп аш тұр, – деді қожасы.



– Жарайды, – деді тілалғыш Мұқан.

Түн ортасы ауа жүріп кеткен шөпшілер қар басқан соқпақпен жүру ауыр болып, әрең дегенде, түсте шөпке жетті. Мұқан жақсы деген екі атты таңдап жексе де, ауыр жол аттарын болдыртып тастады. Аяз сорып, әлсіреп келген жігіттер төбе болып қар басқан шөпті көріп, үрейлері ұшты. Оның қарын аршу үшін бір күн айналу керек сияқты. Жолдастары қарды қай жағынан аршып, шөпті қалай тиеу керектігін кеңесіп, әртүрлі тәсілдерін айтып, көп тұруға айналды.

– Сүлдеміз сүйретіліп шөбіне өзер жетіп едік, енді мұны аршып алу азабы шөппен бірге сүйегімізді шанаға салар, – деді тоңып, жақ жүні үрпиген біреуі.

– Масликовтың бір сом сексен тиыны сол сүйегің үшін берілгенін шөптің басына келгенде білдің бе? – деді шақ денелі сары жігіт.

– Мұның өзін мына бір жерден ашу оңай болар: үйінді қардың ойпаттау жері екен. Шөптің түбіне шейін, шана сыйғандай етіп, қарын алсақ, төбесін басқан қарды кейін көрерміз, – деп, тағы біреуі үйілген шөпті айнала басып, төбе болып кеткен қарға шығып, көріп жүрді.

Оған дәті шыдамаған Мұқан боран үріп, шөптің шеті көрініп тұрған бір бұрышына келді де, жігінің арасына бастырықты ырғап-ырғап сүңгітіп жіберіп, иығымен көтеріп тастады. Шөп-мөбімен үйілген қар жел аударған түндіктей төңкеріліп түсті.

– Ой, мынау не істеді өзі... – десті, қалай ашып алудың амалын таппай, есі шығып тұрған жолдастары. Оған Мұқан жауап қайырмады. Бастырықты тағы бір сұғып екінші көтеріп тастағанда, үйілген шөптің жартысы ашылып қалды. Бір айыр шөпті аттарының алдына апарып салды да, шанасын доғарып, сүйреткен бойы жақындатып әкеп, шөпті тией берді.

– Ей, сен не істеп жатырсың? Көмбе қарда атты қалай жекпексің, батып кетеді ғой, – десті жолдастары.

– Менің оны өлшеп, ой тауысуға уақытым жоқ. Қожайын айтты – бітті, менің шөпті тез жеткізуім керек. Осыдан басқа маған түктің керегі жоқ.

– Мына күртік қар атты көтере алмайды деп тұрмыз ғой.

– Атты көтермесе, мені көтереді. Менің атқа шейін сүйреп баруға мұршам келеді ғой деп тұрмын.

– Соны қойшы, нан жеп, әл жинайық та, сонан кейін қалай тиеп алуды ойласармыз, әйтеуір, бала төбесін ашып, азапты жеңілдетті ғой, – десті, суынған бойларын жылытқалы, беттерін уқалап, қолын қолына соғып, жүгіріп жүрген жігіттер.



Жолдастары нандарын жеп болғанша, Мұқан шөпті таудай қып тиеп болып, бастырығын тартып, жетегінен ұстап, итшанадай сүйретіп, аттарының қастарына апарып қойды да, ол да нанын жеді.

Мұқан атын жегіп, жеті-сегіз шақырымдай шыққанда, қарсы алдынан боран соға бастады. Үйе тиелген шөпке қарсы соққан қарлы жел шөп арасын көтеріп, өңменінен итергендей тіреп, аттың аяғын қия басқызбады. Аттардың жүргенінен тұрғаны көбейді. Күн батып, дүлей қараңғы түн бас-талды. Мұқан шананы сүйрелеп, атқа көмектесті. Айыр шаншып, артынан да итеріп көрді. Шекеден аққан тері өңіріне тамып, түйір-түйір мұз болып қатып жатты. Қалаға жеті шақырым қалғанда, бір ат аяғын басуға мұршасы келмей, төрт аяқтап тұрып алды. Ыза кернеген шөпші айырын шананың артына көмейлете шаншып қойды да, үрінді қарға көміліп тұрған шананы итеріп кеп жібергенде, жүре алмай тұрған ортаға жеккен ат, жетек сынып, бүктелген бойынша шананың астына шалқасынан түсті. Жанына жеккен ат қайрылып, сыртқа шығып кетті. Мұқан шананы кейін итеріп, астындағы атты босатқанша, ол өліп кеткен еді. Шөпші біраз демін алып отырды да, өлген аттың қолдауынан божыны екі қабаттап өткізіп алып, кеудесін көтеріп, шөптің бастырығынан байлады да, басы көтеріліп, салбырап тұрған бөксесін иығына салып тұрып, шананың үстіне лақтырып жіберді. Өзі бел көтергіш қайысты шанаға байлап, қалған атқа пар болып шөпті сүйреп, қаланың шегіне шейін алып келді. Қалаға кірген соң, ол ат та аяғын басудан қалды. Оны шананың артына байлай салып, өзі жүкті сүйрей берді. Ел тұрып, қорасының айналасын күрей бастағанда, адам сүйреткен дәу шана шөп, бір атты үстіне салып, бір атты артына байлап, Масликовтың қорасына кірді. Бұл алып күштің кім екенін білу үшін, Масликовтың қорасына келгенше топ-тобымен қала адамы шананың артынан ерген еді.

Төбедей болып шөп үйілген шана қораға атсыз кіргенде, Масликовтың үй іші, жалшы жігіттері үрейлене далаға шығысты.

– Ойбай, ат қайда?.. Иттің баласы! – деп, жан даусы шықты байдың.

– Жоқ деген атың шананың үстінде, бір атың шөптің артында байлаулы, қожайын, далада қалған еш нәрсең жоқ, – деді бала. Қожайын өлген атты көріп:

– Шақырындар городовойды, мына шошқаға акт жасасын, – деді.

Екі городовой келіп:

– Сүйрет шананы шөп, атымен. Полицмейстерге алып барамыз, – деді.

Үсті-басы термен буланып, аппақ қырау басқан Мұқан үстіндегі өлген атымен шананы сүйретіп, полицмейстердің қорасына кетті.



ПАРИЖДЕ

...Эстония, Латвия, Австро-Венгрия, Польша, Швейцарияны аралап, талай күресті көрген Мұқан әбден шынығып, жауырыны жерге тимеген атақты палуан болды. Талай палуанның атағын естіп, кездесуге құмартқан болса, талай палуандарымен күресіп те, кездесіп те жүрді. Туған даласын сағынған жігіт:

Болып өстім несібем менің түзден,
Кім бар екен елінен күдер үзген.
Есіме туған елім түскен уақта,
Жас домалап түседі екі көзден, –

деп өлең айтатын болды. Денесі толысып, жасы отыздан асты. «Енді елге қайтпаса болмас» деп жүргенде, Дубный Ригадан бір топ палуандарымен келді. Оны көргенде туысқанын көргендей қуанатын Мұқанның әдеті еді, екеуі сайрандап, әңгімелерін айтысты.

– Мұқан, енді ұзамай Парижге жүреміз. Онда жер жүзінің атақты палуаны түгел қатысатын болыпты. Біз күресіп көрмеген Францияның – Паушины, Италияның – Струменті, Австралияның – Роз-Бакиі, Германияның – Фон-Кенигі, Ганс-Каваны, Англияның – Лон-Пулы, Түріктің – Қара Мұстафасы, Қажығалиы, Индияның – Прохфы, Японияның – Сар-Кеккиі¹ келмекші екен. Солармен күресіп, дүниежүзілік палуандар алдында күшіміздің мөлшерін көреміз, – деді. Кездесе алмай жүрген палуандарының атын естіп, Мұқан қатты қуанды. Сағынған елді де ұмытып, жүретін күнді асыға күтті.

* * *

...Күрес басталды. Палуандар Париж халқына неше алуан күштің кереметін көрсетті.

Аузын арандай ашып ырылдаған арыстанды аяғынан ұстап лақтырып жібергендері болды. Кейбірі үйдей үлкен өгізбен сүзісіп, еріксізден ұлыған иттей шоңқайтып, отырғызып кетті.

Екі пұттық гирдің тасынан бесеуін болат шынжырға қосақтап алып, жеңіл шардай төбесінде ойнатқан палуандарды көргенде, көрушілердің есі шығып кеткендей шулады.

¹ Бұл адамдардың аттары Қажымұқанның өзінің айтуы бойынша жазылған.



Білектей темірді мойнымен, сом темірді тісімен майыстырғандарға жиналған халық қол соғып, құрмет көрсетісті.

Екі білегіне екі аттың қайысын іліп алып, қозғалтпай тұрған палуанды да көрді жұрт.

Созған қолының алақанына тақтай қойып, төрт адам мінгізіп, цирктің шеңберін айналғандар болды.

Төбесімен тұрып, аяғының үстіне тақтай қойып, алты адам ойнатқандарды көрді жұртшылық.

Екі пұттық тасты кеудесіне қойып, жарты пұттық шойын балғамен ұрып сындыртты бір палуан.

Үндістан палуаны өз мырзасын үй ішімен, жайылған дастарқан, құюлы шарабымен дөңгелек тақтайға отырғызып, төбесімен көтеріп келді көпшіліктің алдына.

Африка палуаны отыз пұттық пілді иығына тұрғызған бойы көпшіліктің алдынан өтті. Тағы толып жатқан күш өнерін көрсетушілерді Париж халқы қошеметтеп қарсы алды. Оның мерзімі аяқталып, жұрт тарқарда:

– Ертең Россия палуандарының өнерін көресіздер, – деп хабарлады цирк басқарушысы. Цирктің бірінші күні өте көңілді өтті. Соғылған қол Париждің қаласын жаңғырықтырды. Өнерін көрсеткен күш иелерін әркім әртүрлі етіп аңызға айналдырып бара жатты.

Келесі күні цирк маңынан жан жүріп болар емес. Мерзімді сағаты жеткенде, қоңырау да безілдеп қоя берді. Алуан түрлі халық иін тіресіп, ішке кіріп жатыр. Жұрт орындарына отырғаннан кейін де орталық шеңбердің алаңында басқа палуандардың дайындатып қоятын ойын құралдары көрінбеді. Алаңның қақ жартысын басып дөңгелек, қалың тақтай жатыр. Осыдан басқа көз тартар ешбір зат жоқ еді.

«Е, бұлар өнерлерін жүгіріп, секіріп көрсетеді екен ғой, онысы күнде көретін ойындарымыздың бірі шығар», – деп ойлады отырғандар. Россияның палуандарын күтіп отырғандардың арасына әр түрлі өсектер де лезде тарап жатты. «Орыстар бала-шаға жіберіп, суретін көрсете алмай отырмыз» дегенді есіткендердің жігері құм болғандай, үміті кесілгендей болды. «Оқуды жаңадан бітірген палуандар» дегенді естігенде, әйтеуір: «Кішкене бейнелі біреулер шығады екен», – деп күтті. Сабыры сарқылған жұрт қолды соққан үстіне соқты.

Әдет бойынша, палуандар ортаға шығып, басқарушы олардың атын айтқанда, көрермендер бастарын изеп, сүйіспеншіліктерін білдірер болар еді, бұларда ол жоқ. Самсап келіп тұрған палуандар жоқ. Алаң әлі бос тұр. Өлден уақытта ойынды басқаратын француз шықты.



– Орыс палуандарының күш көрсететін ойыны басталады, тыныштық сақтауларыңызды сұраймын, – деді.

Елеңдеген ел цирктің қосалқы есігіне қарасты. Он сегіз пұттық рельске цирктің жиырма бес қызметшісін мінгізіп, денесінің бұлшық еттері білеуленіп, біреу шықты. Жайлап келіп басқан аяғынан ешқандай ауырлықтың әсері білінбейді, бейне бір мереке маршына еріп келе жатқан әскердің адымы сияқтанады. Жан-жағына паңдана қараған ол ортаға келіп тұрған кезде:

– Шығыс Европаның алыбы атанған орыс палуаны Дубный осы, – дегенде, алдыңғы қатарда отырғандардың үрейі ұшып кеткендей болды. Ал қалың көпшіліктің дүбірі циркті шайқалтып жібергендей.

Палуан алаңды бір айналып ортаға тұрды да, отырған елден тағы бірнеше кісі шақырып, рельстің екі басын бастырды. Қырық кісінің салмағымен иілген рельстің екі басы жерге тиді. Сонша салмаққа бүгілмеген алып тұлға темірден құйған мүсіндей болып көрінді. Оның артынан сегіз пұттықтан екі сандық тасты қолтықтап, екі пұттық шойын балғаны тісімен тістеп келген палуанды:

– Дмитрий Мартынов, – деп таныстырды көпшілікке.

Сәлден кейін бес пұттық екі гирдің тасын екі шынашағына іліп, резинка доптай ойнаған күй келіп кірген палуанды:

– Бұл – сахалиндік Иван Корень, – деді цирк басқарушысы. Соңғы екі палуан осындай ауыр заттарды көтере келіп, көпшілікке күштерін көрсетіп өткеннен кейін, басында айыр қалпағы бар, үстіне ала жібек шапан киіп, жалпылдақ жүнді үлкен айыр өркеш атанға мінген біреу шықты. Бұл көрініс Европа еліне тым тосын көрінді. Балалар шуылдап, үлкендердің соққан қолдары оның аты-жөнін айтуға да мұрша бермеді. Отырғандар орындарынан тұрып, бірінің иығына бірі асылып, таңырқай қарап, көпшіліктің дүбірінен цирктің іші дауыл соққандай болды. Бірақ онымен палуанның жұмысы болмады. Түйеден түсе қалып, оның алдыңғы екі аяғын балтырымен қағып жіберіп:

– Шөк, – деді. Иығынан қапсыра ұстап, тұқырта басқан құдіретті қол атанды «мыңқ» дегізіп, шөгеріп тастады. Жүндес сирақтарының бүктесініне қайысты іліп жіберіп, баурына салған мықты қайыстан ұстап, түйені өз иығына қағып салды да, көтерген бойымен цирктен қайта шығып кетті. Көзін қадап, анталап тұрған жұрт қалай көтеріп әкеткенін де білмей қалды. Палуанды қайта шақырған көпшіліктің үні цирктің ішін жаңғыртып жіберді.



- Қайда әлгі алып, шақыршы өзін, анықтап көрейік! – деген дауыстарға:
- Сабыр етіңіздер, келеді қазір, – деп булықты басқарушы.

Қайта көруге асығып, есікке қарай үңілген ел палуанның ақ қалпағы көріне бергенде-ақ қолдарын соғып, цирктің ішін барабанның шанағындай гүрсілдетті.

Ағаштың үгіндісін төсеген орталық алаңға әкеліп салған тақтайды сүйемдей жерге батыра, арбаны тісімен тартқан алып ортаға келіп тұра қалды. Арбаға жабылған ақ жабудың төрт жағына бірдей етіп төрт тілде қарамен жазған жазу бар – «Арбаның салмағы жетпіс бес пұт» деген жазу айқын көрініп тұр.

– Шығыс Еуропаның үздік атағын алған Россия палуаны Мұқан Мұңайтпасов... – деді басқарушы.

- Бұл орыс емес, маңғұл ғой өзі... – деген дауыстар түс-тұстан шықты.

– Я не мангул, рус, из казахской степи, – деді қоңыр дауысты палуан. Музыка жайлап алуан түрлі үнмен ойнай бастады да, үн ырғағымен орыс палуандары өнерлерін көрсете берді.



<https://baq.kz/userfiles/%D0%BC%D1%83%D1%80%D0%B0%D0%B6%D0%B0%D0%B9%20%D0%B8%D1%88%D0%BA%D0%B8.jpg>

Темірлан ауылындағы мұражайдың ішкі көрінісі





СӨЗДІК

Алаңғасар – фольклорда алып сипатындағы кейіпкер; бұл мәтінде «Ауылдағы алыпты көрейік» дегендей ойды айту үшін қолданылған.

Биялай – матадан не былғарыдан тігілген саусақты қолғап.

Дию, пері – ежелгі дәуірдегі адамдардың қиялынан туған бейнелер.

Ебелек – құмды, шөбі тықыр жерлерде өсетін бір жылдық шөптесін өсімдік.

Кез – бір метр.

Кеспек – сұйық зат құйып сақтайтын ағаш ыдыс, бөшке.

Кіреші – кіремен жүк тасушы; кіре – жалдамалы күш көлігі.

Қадақ – жарты килограммға жуық (тең) салмақ өлшемі; 400 грамм.

Қанар – жүн, мақта, астық салуға арналған үлкен қап.

Пұт – салмағы 16 кг-ға тең өлшем.

Тұлып – мал мен аң терісінен тігілген сырт киім, ішік.

Божы – арба, шанаға жегілген аттың басын бұрып отыру үшін қайыстан жасалған не жіңішке етіп өрілген арқан.

Шөптің бастырығы – тиеген отынды, шөпті ауып кетпеу үшін басып тұратын ұзын сырық.



Әдебиет теориясы

Метонимия, алмастыру (гр. metonymia – қайтадан атау) – троптың (кұбылтудың) бір түрі.

Метафорада астарлы, ауыспалы мағына екі нәрсенің ұқсастығының негізінде туатын болса, ал метонимияда олардың бір-бірімен жалғастығы, байланысы негізінде туады. Әйелді – «ақ жаулық», әскерді – «қол» (қалың қол), малды – «тұяқ» («қара тұяқ қырында жатпас»), бүркітті – «ақ иық», «мүзбалақ», қылышты – «наркескен» деу осыны көрсетеді. Метонимия – бір нәрсе мен екінші нәрсені алмастырып айтудың өте ұтымды тәсілі. Мысалы, әскерді «қол» друдің өзі әншейін айтыла салмаған, әскери адамның қарулылығын, күш көрсете алатынын, қорғаушы бола алатынын осылай айту арқылы бірден-ақ аңғартып тұр.

Метонимия сөз образдылығы мен ойды ықшамдау мақсатында қолданылады.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Қажымұқан Мұңайтпасовтың шын аты – Мұқан. Түріктің жауырыны жерге тимеген атышулы палуандарын жыққаннан кейін оған «Қажы» деген атақ беріліп, содан Қажымұқан атанған.

1927 жылы Қазақстан үкіметі оған «Қазақ даласының батыры» деген атақ берді.

1944 жылы 25 қыркүйекте Мемлекеттік Қорғаныс Комитетіне хат жазып, майданға көмек ретінде еңбекпен жинаған ақшасын аударды. Ол ақшаға ұшақ жасап, оның қапталына Амангелді Имановтың атын жазуды сұраған. Оның бұл өтініші қабыл болды. Осы ұшақпен 1945 жылдың бас кезінде қазақ ұшқышы Қажытай Шалабаев 120-дан астам жауынгерлік тапсырма орындады.



ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

«Алдымен ауылдың алаңғасарының күшін көрейік». Бұл сөйлемде кім туралы айтылған?

а) саудагер

ә) ауылдағы бір бала

б) Мұқан

в) екі мырза





Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Жазушы Қалмақан Әбдіқадыров туралы		
Қажымұқан балуан туралы		
«Қажымұқан» повесі туралы		
Қызылжар қаласы туралы		
Қардың қалай жиналуына байланысты атаулардың болуы		



1. Палуан деген кім?
2. Қажымұқанның адалдығын қайдан көруге болады?
3. Қажымұқан не себепті аз ғана ақшаға жалданып жұмыс істеді?
4. Қажымұқанның күштілігін қайдан байқауға болады?



1. Әңгіменің идеясын анықтаңдар.
2. Әңгімеге жоспар құрыңдар.
3. Шығарманың сюжеттік тізбегін анықтаңдар. Оқиға қай кезде шарықтау шегіне жетті?
4. Хрестоматиядан жазушының «Тәтті қауын» әңгімесін оқыңдар.



1. Әңгімедегі кейіпкерлерді топтастырыңдар. Олардың әрқайсысына сипаттама беріңдер.
2. Қажымұқанның бойындағы қасиеттер сендерде бар ма? Салыстыру жасап, әңгімелеңдер.

Қажымұқан

ҰҚСАСТЫҚ

Оқушы



3. Бүгінгі күннің Қажымұқаны кім деп ойлайсыңдар? Теледидарда көрсетілетін «Қазақстан барысы» жобасын қарайсыңдар ма? Осы жобаға қатысатын палуандарды Қажымұқанға теңеуге бола ма? Өздерің кімді үлгі тұтасыңдар, осы туралы әңгімелеңдер.



1. Ұйқас бойынша өлең құрастыр.

_____ Қажымұқан,
_____ дара туған.
_____ елің үшін,
_____ нар тұлғаң.

2. «Ер жігіт» туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жинастырып, мағынасын талдаңдар.
3. Сыныпта «Жігіттер қандай болуы керек?» деген сауал қойыңдар да, әр оқушы «Менің ойымша...» деп бастап, өз ойларыңмен бөлісіңдер.



1. Әңгімені оқи отырып, өздерің қандай ой түйдіңдер?
2. «Я не мангул, рус, из казахской степи». Бұл сөзді кім айтты? Оның бұл сөзінің тарихи маңызы қандай?
3. Атақты балуан туралы ақпараттарды жинап, «Қажымұқан – қазақтың мақтанышы» деген тақырыпта диспут өткізіңдер. «Қара күш иесі – Қажымұқан» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



Ғаламтордағы Youtube желісі бойынша Қажымұқан Мұңайтпасов туралы бейнетаспаларды тамашалаңдар.



**III бөлім БОЙЫНША
ТЕСТ**

1. Сұлтанмахмұт Торайғыров қай жылдары өмір сүрді?
 - а) 1880–1920
 - ә) 1893–1920
 - б) XIX ғасырда
 - в) XVIII ғасырда

2. 1917 жылы Семейде Сұлтанмахмұт Торайғыров кімді арнайы қарсы алды?
 - а) Міржақып Дулатұлы
 - ә) Әлихан Бөкейханов
 - б) Ахмет Байтұрсынов
 - в) Ыбырай Алтынсарин

3. «Кім жазықты?» романын жазған кім?
 - а) М.Дулатұлы
 - ә) С.Торайғыров
 - б) С.Мұратбеков
 - в) А.Байтұрсынұлы

4. «Көкше бір таудың биігі-ай,
Алыстағы бауырдан хат алудың қиыны-ай» деп зарлатқан әйелдер туралы қай шығармада айтылған?
 - а) «Бақытсыз Жамал»
 - ә) «Қалың мал»
 - б) «Жусан иісі»
 - в) «Тортай мінер ақ боз ат»

5. Шендестіру дегеннің халықаралық атауы қалай?
 - а) аллегория
 - ә) антитеза
 - б) гротеск
 - в) психологиялық параллелизм



6. Қ.Әбдіқадыровтың қазақ балуаны туралы жазған шығармасын табыңдар.
- а) «Балуан Шолақ»
 - ә) «Қажымұқан»
 - б) «Батыр Баян»
 - в) «Алып Ер Тұңға»
7. «Бойы бір жарым кез, салмағы 200 қадақ, рас, мойны, қол-аяғы жуандау» деп суреттелген кімнің портреті және қай шығармадан екенін табыңдар.
- а) Аян. «Жусан иісі»
 - ә) Ораш. «Тортай мінер ақ боз ат»
 - б) Қажымұқан, «Қажымұқан»
 - в) Ер Тұңға. «Алып Ер Тұңғаны жоқтау»
8. Метафора ... мағына екі нәрсенің ұқсастығының негізінде жасалады. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді табыңдар.
- а) тура
 - ә) астарлы, ауыспалы
 - б) шендестіру
 - в) жанама
9. Қай шығармада соғыс кезіндегі балалардың тағдыры суреттелген?
- а) «Тортай мінер ақ боз ат»
 - ә) «Бақытсыз Жамал»
 - б) «Жусан иісі»
 - в) «Менің қарындасым»
10. «Жусан иісі» өңгімесінде қай шоқының атауы аталған?
- а) Салықсалған
 - ә) Бешшоқы
 - б) Үстірт
 - в) Ешкіөлмес
11. «Тортай мінер ақ боз» ат шығармасында қай тау аталған?
- а) Маңғыстау
 - ә) Ешкіөлмес
 - б) Салықсалған
 - в) Қаратау






ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТ ТҰНҒАН ҰЛЫ ҰҒЫМ



XX ғасырдың соңғы жылдарында Қазақстан халқы үшін үлкен тарихи оқиға болды. 1991 жылы Қазақстан өзінің тәуелсіз мемлекет екенін жариялады. Бұл талай ғасырдан бері бабаларымыздың асыл арманы еді, біздің ұрпақ сол арманға қол жеткізді.

Енді халқымыз өз болашағын өзі жасайтын болды. Бұл тарихи үлкен қуаныш болған соң, ақын-жазушылардың бәрі тәуелсіздікті жырлады. Өйткені біз тәуелсіз елдің ұрпағы екенімізді мақтан етеміз. Ал тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ.

Осы тәуелсіздікке жету жолында Желтоқсан көтерілісінің де ықпалы болды.



ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ



Қазақтың халық ретіндегі тарихы тереңде, ол сонау ежелгі дәуірлерден басталған. Біздің сақ, ғұн заманынан бергі тарихымыз белгілі. Ұлы даламызда қаншама соғыс өтті, небір жағдайлардан өтті. Патшалық Ресейдің боданы да болдық, бірақ ата-бабаларымыз қашанда намысты жоғары қоя білді. Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіз мемлекет атанды, енді әлемге Қазақ атынан сөз айта алады. Бұл – Қазақстан тәуелсіздігінің ұлы жемісі.



АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – тарихы тереңде жатқан елдің өз алдына жеке мемлекет болған күні.

1991 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) ыдырап, оның құрамында болған он бес республика өз алдына жеке ел болып бөлінді. Солардың қатарында Қазақстан да болды. 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заңды қабылдады.

Бұл заң 1990 жылы 25 қазанда қабылданған Қазақстанның Егемендігі туралы Декларациямен бірге Қазақ елінің тәуелсіздігін жария етті.







Ерлан Жүніс
(1984 жылы туған)

ЕРЛАН ЖҮНІС (1984 жылы туған)

Ерлан Жүніс 1984 жылы 7 қарашада Алматы облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының иегері.

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің «Әлем тілдері» факультетін әдебиетші, филолог мамандығы бойынша тәмамдаған. Ол «Абай оқуларынан (2001) бас жүлде, халықаралық «Шабыт» фестивалінде Президент кубогы мен Гран-При иеленген. Басқа да марапаттар иесі.

«Жыр-Перзент» (2001), «Киелі түндердің дұғасы» (2011), «Хауас» (2013), «Ғаусар» (2014), «Үміт жырлары» (2015) атты жыр кітаптары жарық көрген.

«Анам мектепте бастауыш сыныптарға, кейін жоғары сыныптарға қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пәндерінен сабақ берді. Алғашқы ұстазым анам болды. Өрқашан халық жырларын, батырлық жырларды, сан алуан ақындардың өлеңдерін оқып беретін. Пластинкаларды да тыңдататын.

Алғашқы өлең... ол кезде бес жаста едім, ойын баласымын. Ауылда тұрамыз. Сол күзде ауылға қасқыр шауып, шеткері қонған бес-алты түтіннің қойларын қырып кетті. Сол оқиға бала санама үрей тудырып, ауыр соққы болған болуы керек, қасқырға арнап өлең шығардым. «Қасқыр, қасқыр, қасқырлар, қозыларға тимеңдер» деген тұстары ғана есімде қалыпты. Өлең деуге келмес, дегенмен, содан кейін «Ақын бала» атана бастадым. Біз – Тәуелсіздік дәуірінің ұрпағымыз. Тәуелсіздік, егемендік деген ұғымды жеті жасымда анамнан естідім. «Апа, ол не нәрсе?» деп сұрағанымда: «Ол – сенің заманың», – деген еді... Қазір ойласам, маған өлең жаздырған да, мені азамат етіп өсірген де – сол тәуелсіздік идеясы, өз заманымыздың асқақ рухы, бабалар аманаты, болашақ алдындағы жауапкершілік сезімі», – дейді ақын Ерлан Жүніс.

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған республикалық байқауда Ерлан Жүністің «Нараду. Мәңгілік ел» атты поэмасы бас жүлдеге ие болды.



«МЕНИҢ АТЫМ – ТӘУЕЛСІЗДІК» ӨЛЕНІ

...Алып қорғанның құлағанын көрдім,
Не бары алты жасымда,
Алып тұлғалар жылағанын көрдім,
Бастарын сүйеп ғасырға.
Алып таулардың шайқалғанын көрдім,
Алты жасымда соны ұқтым:
Алып сөздерді айта алғанын көрдім,
Ат төбеліндей халықтың.
Алып кітаптар торыққанын көрдім,
Сол сәтте-ақ одан безінгем,
Алып ойлардың қорыққанын көрдім,
Ең бір нәзік сезімнен.
Алып сағаттар тоқтағанын көрдім,
Өлшенді уақыт жаңадан,
Алып жүректер ақталарын көрдім,
Алты-ақ жасар баладан.
Алып құрлықтар теңселгенін көрдім,
Темір бұғаулар тозғасын,
Алып заңдардың кемсеңдеуін көрдім –
Империяның көз жасын!
Алып мұхиттар толқығанын көрдім,
Бір тамшы суға байланып,
Алып төждердің балқығанын көрдім,
Елтаңбаларға айналып.
Алып мүсіндер қирағанын көрдім,
Сұлаған жаудай жебеден,
Алып саналар жиналарын көрдім,
Тұрғызу үшін жаңа өлем!
Құрыштардың да шірігенін көрдім,
Сен боса, болат, тас егіл!
Темір шымылдық түрілерін көрдім,
Сахнаға шықты жас өмір,
Алты жасымда!
Жылаған жоқпын,
сұраған жоқпын анамнан,

Тірек сөздер



Алып
Тарих
Тәуелсіздік



Тыңдау CD 4-1.

«Менің атым – Тәуелсіздік».
Оқыған: Ерлан Жүніс



Жұмыстан жаңа әнұран айтып оралған,
Сол түні неге ұйықтамай маған бір аңыз айтып шыққанын
Ұл жайлы күннен жаралған.
Түсінбесем де тыңдаймын,
Онсыз да оны тағдыры салған жасытқан еді мұң-қайғы,
Көзінің жасы сөйлеген түнді ұқпасам да,
Аңыз ұнаған
Жаралған күннен ұл жайлы.
Деген де шығар «Бодандық жайлы білмесін»:
Сен түсін, дәуір, сонау бір қанды жыл, кешір!
Тарихтан дәріс оқитын менің анашым орта мектепте
Ұлына бірақ айтпапты кісен, құлдық пен түрме бүргесін.
Ерлікті айтқан, үйретпеді ол ездiкті,
Ұстатқан қалам, ұстатпады ол кездiкті,
«Құлыным, сенің тарихың басқа» деген тек,
Көп сөйлеген жоқ. Сөз бітті.
Ал бүгін, енді
Тарихты өзім білемін,
Жолдарды сезем жон арқамменен мыңжылдар өткен ұлы елім.
Ұлылық жайлы ойлайды басқа,
Жап-жас шақ
Ұлы қорғандардың күйреуін көрген жүрегім –
Алты-ақ жасында ақырын көрген алыптың!
...Тәуелсіздік ше?
Ол – менің тегім,
ұлдарыма оны дарыттым.
Тәуелсіздік – мен,
ол – менің асқақ аңызым,
Болмысы ол ұлдың өзіңнен туған, Жарық Күн!!!



СӨЗДІК

Империя (латынша *imperium* – билік, үстемдік) – 1) император басқарған монархиялық мемлекет құрылымының түрі; 2) жер жүзінің әртүрлі бөліктерінде кең-байтақ аумақтарды басып алған ірі отаршыл мемлекет.



Әдебиет теориясы

Кейіптеу – әртүрлі жануарларды, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. Қазақ халқының бірқатар эпостық жырларында атқа тіл бітіп, адамша ойлап, сезетіндей етіп бейнеленеді. Ертегілер мен сықақ-мысалдарда қасқыр, түлкі, қоян, тағы басқа жануарлар адам кейпінде суреттеледі. Жазба әдебиетте кейіптеудің жаңа үлгілері мол ұшырасады. Мысалы: Абайдың «Қыс» атты өлеңінде қыс мезгілі мейірімсіз, түсі суық, қатал шал кейпінде бейнеленген.



Нысан	Бұрыннан білетінмін	Жаңа сабақтан білгендерім
Ерлан Жүніс туралы		
Шығармалары		
...		

1. Тәуелсіздік сөзі не мағына береді?



2. Тәуелсіздікке қай жылы қол жеткіздік? Мұғалімнің көмегімен сұраққа жауап беріңдер.
3. Ақынның «Менің атым – Тәуелсіздік» атты өлеңінде не жайында айтылған?



1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.
2. Өлеңдегі тірек сөздерді теріп жазыңдар және мағынасын анықтаңдар.



1. Өлеңнің негізгі идеясын анықтаңдар.
2. Хрестоматиядан ақынның «Нараду» шығармасын оқыңдар.





Өлеңді талдаңдар:

1. Буын _____
2. Бунақ _____
3. Тармақ _____
4. Шумақ _____
5. Ұйқас түрі _____

Өлеңде қолданылған көркемдегіш құралдар: _____



1. Қазақстан мемлекеті тәуелсіздікке қол жеткізгенде, Ерлан Жүніс қанша жаста болған? Ал қазір сендер 13 жастасыңдар. Төменде берілген кестемен жұмыс жасаңдар.

Нысан	Жыл	Қазақстан мемлекетінің жағдайы
Ерлан Жүніс	1984 жыл	Қазақ елі әлі тәуелсіздікке қол жеткізбеген. Ол кезде Кеңес Одағының құрамында болатын. Әлем Қазақстанды еркін ел ретінде мойындамаған.
Қазіргі мектеп оқушысы	2018 жыл	Қазақ елі дамыған. Әлемге танылған. Алға қойған мақсат-мүддесі нық...

2. «Тәуелсіздік» тақырыбына сурет салыңдар.



1. Өлең сендерге қандай ой салды?
2. «Тәуелсіз елдің ұрпағымыз» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.



ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

«Темір шымылдық түрілерін көрдім». Ақын осы сөздері арқылы нені айтты? Дұрыс жауап бірнешеу болуы мүмкін екенін ескеріңдер.

- а) қапастан босау
- ә) сахнаны айтқаны
- б) темір қақпаның ашылғанын айтқаны
- в) жаңа өмірдің басталғанын айтқаны.



БӘЙТЕРЕК

1. «Бәйтеректің» биіктігі

Арай мен Нұрай Астана қаласындағы атақты «Бәйтерек» монументі туралы сөйлесіп отыр. Арайдың ойынша, «Бәйтеректің» биіктігі – 91 метр. Ал Нұрайдың ойынша, ол – 97 метр. Қайсысының сөзі дұрыс?

Жауап нұсқалары:

- 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялады. Сондықтан Арайдың сөзі дұрыс.
- 1997 жылы Астана қаласының елорда астанасы болатыны туралы жарияланды. Сондықтан Нұрайдың сөзі дұрыс.
- Екеуі де қате.
- 91 мен 97 сандарының ортасындағы бір сан.

2. «Бәйтерек» пен «Бостандық статуясы»

Астананың символы – «Бәйтерек» монументі. Оның ең биігіне алтыннан жасалған шар қойылған. Ол – Күннің белгісі, бейбіт заманның нышаны. Сондай-ақ АҚШ-тағы «Бостандық статуясы» әлемге белгілі. Екі монументке ортақ не нәрсе? «Бостандық статуясының» толық атауын білсеңдер, осы сұраққа жауап табуға мүмкіндік бар.

Ескерту: жауап нұсқаларында бірнеше дұрыс жауап болуы мүмкін.

Жауап нұсқалары:

- екеуі де сол елдің символы ретінде бағаланады.
- «Бәйтеректе» – Күн, ал «Бостандық статуясында» мүсіндегі әйелдің қолында алау бар. екеуінде де жарық маңызды. Ортақ нәрсе – жарық өмір, бейбітшілік заман.
- Ешқандай ортақтық жоқ. Әр ескерткіш өзінше жасалған.
- «Бостандық статуясының» толық атауы – «Әлемге жарық шашқан бостандық». Сондықтан «Бәйтерек» монументіндегі Күн мен «Бостандық статуясында» мүсіндегі әйелдің қолындағы алау – жарықты, яғни ашық аспанды, бейбіт заманды танытады. Жарық екеуіне де ортақ.



АСҚАР АЛТАЙ (1963 жылы туған)



Асқар Алтай
(1963 жылы туған)

Асқар Алтай 1963 жылы 12 ақпанда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан қаласында дүниеге келген. Бірақ кішкентай кезінде әке-шешесі Күршім ауданының Қалғұты ауылына көшіп келген, солайша оның балалық шағы Өр Алтайдың ең бір сұлу жері – Марқакөл мен Мұзтау, Сарытау мен Құзғынды, Қызбейіт пен Қаражалда өтті. Сондықтан оның шығармаларының бәрінен туған жерге деген іңкәрлік сезіледі. Оның туындыларындағы табиғат суреттері мен аң-құс тіршілігі мақсатты түрде көркемдік тәсіл ретінде қолданылады.

Алғашында Асқар Алтай өлең жазған. Бірақ кейін әңгімелер жазуға машықтанды.

Ол 9-сыныпта оқығанда, анасымен бірге Алматыға көшті. Қалаға жақын жердегі Райымбек ауылында Кенен Өзірбаев атындағы мектепті тәмамдады. Сол жылы жоғары оқу орнына түсіп, 1984 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика университетінің филология факультетін бітірді. Студент кезінде «Қызыл бөлтірік» атты тұңғыш повесін жазды. Осы алғашқы шығармасы кейін Халықаралық Сорос қорының бас жүлдесіне ие болды.

Институтты бітірген соң, Алматы облысы Күрті ауданындағы «Шұғыла» газетінің редакциясында тілші болып еңбек етті. Ал 1989 жылы «Жұлдыз» журналында «Екі әңгіме» атты шығармасы жарық көрді. Оның осы жазғаны көрнекті жазушы Мұхтар Мағауиннің көзіне түсіп, оны «Жұлдыз» журналына қызметке шақырды.

Асқар Алтай бүгінде белгілі жазушы. Көптеген әңгіме-повестері мен романдары бар. Оның 1998 жылы «Қыр мен қала хикаялары», 2001 жылы «Алтай новелласы», 2008 жылы «Казино», 2014 жылы «Сират», т.б. кітаптары жарық көрген. Шығармалары Англияда, Түркияда, Қытай мен Ресейде жарияланды.

Жазушының еңбегі бағаланды. Ол Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының, Халықаралық Франц Кафка атындағы алтын медальдің, Т.Айбергенов атындағы сыйлықтың иегері, Халықаралық СОРОС қоры бөйгесінің жеңімпазы ретінде белгілі.

Асқар Алтайдың шын тегі – Алпысбай, Алтай – оның лақабы. Жазушы 1990 жылдан бастап шығармаларына Асқар Алтай деп жазатын болды.



Оған бұл атты қазақтың көрнекті жазушысы Оралхан Бөкей берген. Ардақты ағаның лебізін жазушылық өміріне берген батасы ретінде қабылдаған.

«Прописка» әңгімесіндегі Архат жазушының өзі деуге болады, оның өміріндегі кейбір жағдайлар шынайы суреттелген. Асқар Алтай сол кездегі талап бойынша, Кеңес әскері қатарында болып, азаматтық борышын өтеп келген. Көп уақыт өтпей, еліміздің тарихындағы Желтоқсан көтерілісі болды. Жазушы 1986 жылы болған осы көтерілістің куәсі. Нақты айтқанда, ол 18 желтоқсанда алаңда болған. Таяқ та жеген. Осы жағдай оның әскерден келіп, сол кездегі астана – Алматы қаласына тұрғылықты мекенжайға тіркелуіне, яғни «прописка» жасатуына шырғалаң тудырды. Ешқандай жерге жұмысқа алмайды, өйткені «прописка» керек, ал оны жасату тағы мүмкін емес. Бұл қиындықтың себебі ашық – Желтоқсан көтерілісіне қатысқаны. Әңгімеде елінің тәуелсіз болуын аңсаған жас адамның аласапыран күйге түскен жан дүниесі суреттелген. Көп қиындық көрген ол, ақыры, араға төрт ай салып, 1987 жылдың мамыр айында «Прописка» әңгімесін жазды. Әңгіме прологіне «Желтоқсанда із-түзсіз жоғалып кеткендердің рухына бағыштаймын» деп жан жарасын бедерледі.

Бұл шығармада Желтоқсанның зобалаңы мен қоғамдағы қарапайым адамның қорғансыз күйі табиғатпен шендестіріле суреттелген. Оның бұл туындысы қазақ халқы тарихында бастан кешкен бір қиын белесінің астарлы көрінісі ретінде бағаланады.

Жалпы, жазушы Асқар Алтайдың шығармаларындағы ерекшелік – адамдар тағдыры мен табиғатты шендестіру, солайша ұтымды көркемдікті пайдаланады. Ал әңгіменің сюжеті бойынша алыс жолға шыққан автобустың жолда бір жағына ауып қалуы, оны тұрғызығанға дейін табиғаттың дүлей боранына қарамай, жолаушылар арасынан жақын ауылға барып, көмек сұрамақ болған үш жігіттің ұшты-күйлі жоқ болып кетуі – жазушының Желтоқсан көтерілісі зобалаңын бейнелі түрде жеткізудегі суреткерлік тәсілі.



А.Алтай кітаптарының мұқабасы



«ПРОПИСКА» ӘҢГІМЕСІ

Күн ұзарған, түн қысқарған көкектің кәрі қыздай қылтың-сылтың басы. Өскеменнен түсте шыққан автобус Ұлан арқылы Самарға тікелей асып, Ертіс түсіп, Күршімнен бір-ақ шығуға бел байлаған. Көкек келсе де, наурыз жылымығының қайырма қызыл шұнағы қала ішін дірдек қақтырып, Ұлан асуына қарай созылған ұзақ жол беті сиыр жалағандай. Жып-жылмағай көк мұз. Алды-арты бірдей тартатын шағын сары автобус ішіндегі азғана жолаушыларды селкілдете ұрып, соқтырып келеді. Күн аяздан шаңытып тұр. Автобустарғылар өзді-өзімен шүйіркелесіп, қайсыбірі жорта қалғып отыр. Жолаушылар арасында нәресте құшақтаған жас келіншек қыңқылдаған сәбиін уатумен әлек. Ең артқы орындықта отырған Архат олардың іс-әрекетіне көз жіберіп, көңілсіздеу күйде көзін жұмған.

Ұйықтайын деп ойлаған, бірақ көзі ілінбей-ақ қойды. Амалсыз қырау тұрған терезеге таянып, ыстық демімен алақандай жерді ерітіп, тысқа үңілді. Ұлан асуына көтерілер тұстағы тау ішіне дендеп енген екен бұлар. Ақтұмсық Алтайдың танауына әлі сірге жүгірмепті. Маңай мұрты бұзылмаған сере-сере қар. Алты ай қыс ағыл-тегіл аспаннан саулаған ақ тасқын қымтаған қалпы. Өлі дүниедей. Бойында, бірақ, белгісіз бір сес бар... Өзі кеше ғана аттанған Алматыны еске алды.

...Суыр малақайын көкжелкесіне ысырып, автобустың қабырғасына шалқая отырып, Архат ойға батты.

...Туған жеріне жеті жылдан астам уақыт өткенде оралды-ау бұл. Өне келем, міне келем деп жүріп, өмірдің ағымымен келе алмаған. Жол түскені – бүгін. Онда да төрт ай бойы сергелдеңге түсіріп, құрдастары «Сергелдең Сері» атаған паспортқа отыру мәселесі болмаса, әй, келе қоймас еді. Тірлік деген сол.

Мұнда бірақ ұзақ болмас. Ары кетсе – үш ай. Екі қолға бір жұмыс: табылса – жеңіл-желпі қызмет, табылмаса – қара жұмыс. Көңілге демеу – Шірікаяқта тұратын үлкен ағасы, соның үйінде тұрмақ. Ол да ауру: әйтеуір, ептеп-септеп, елмен бірге күн кешіп жүр... 1979 жылы жазда әкесі қайтыс болғаннан кейін бұл аға-іні, жалғыз анасымен Алматыға көшкеннен бері тұңғыш көргелі отыр. ...Араласпай кеткелі де қай заман: аттай жеті жыл... Аға-жеңгесі бірақ сыртқа теппес. Бауыры ғой. Басына іс түсіп

Тірек сөздер



Автобус

Асу

**Желтоқсанның
бұрқағы**



келеді ғой, басқа қайда барады? Қаны емес пе?! ...Егер ауырсынып жатса, ең көбі, бір кластасының үйінде пәтерге тұрар. Ер жігітке сол да сын болып па? Ең бастысы – паспортқа «пропискаға» отырып, бес жүз сом ақша тауып, Алматыға қайту. Ағасы, әрине, бес жүз сомды бере алмайды. Ол – анық... Осы бір бес жүз сом болмағанда, Алматыға қызметке орналасып-ақ кетер еді. Бәрінен де төрт ай бойы сергелдеңге салынғанын айтсаңшы. Сол бір Желтоқсанның бұрқағы болмағанда, құда да тыныш, құдағи да тыныш, Алматыға іргелес ауылына паспортқа отыра қояр еді. Сол бір сұмдық көтеріліске тайқы маңдайы тап келіп, қызуқандылықпен килікпегенде қалың тұманда адасып қалған адамдай сандалмас па еді... Желтоқсанның ызғары армиядан «запастағы офицер» болып оралған мұны да қарыды ғой. Ақыры, астана түгілі, маңындағы өзі тұрған ауылға да тұрақтай алмады.

Тұрақтатпады ғой... көрші-қолаң «желтоқсаншы» екен деп шығармағанда, ал Николай бригадир мұның туған ағасы Дәуреннен өшін бір алуға қолайлы сөт туды деп: «Інісі әскерден келе салып 17-ші желтоқсаннан 21-не дейін үйінде қонған жоқ. Ел декабристермен бірге Алматыда болыпты деп жүр... Анық-қанығын анықтаңыздар! Ағасы коммунистік партия мүшелігіне кандидат болса да, «сенімсіз адам», інісінің іс-әрекетін жасырып отыр. Тексеріңіздер!» деп «донос» жазып, Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті мен Ішкі істер орнына жазбағанда, құйрығына қалжуыр байланбаған болар еді. Өкініш жоқ бірақ, көтеріліске 18-і күні дәрігер жездесін әдейілеп ертіп барып тұрып қатысты. Таяқты да жеді... жегізді де! Көңілде ғана әлдеқандай алаң, шарасыздығына налу ғана бар. Ал органдағылар Қаскелеңде тергеп-тексеріп, үш сағат ұстады. Дәлел болмағандықтан, қоя берді. Ана бір Базиев деген капитан, өзінің ұлты балқар екен, сол қол ұшын берді... Иә, енді, міне.

...Тыста суырып соққан жел қаңтардың аяғында қағынған бурадай бұрқырап, көлікті жүргізбеуге айналған. Осыдан бір-екі жыл бұрын ғана бір автобус жолаушы осы Ұлан асуында шала-шарпы үсініп қалған. Қазір де кей жолаушылардың есіне сол жай түскен-ді. Абырой болғанда ешқайсысы бір-біріне тіл қатпады. Боранның аужайын әркім өзінше түйоде.

Аздан кейін автобус тоқтауға айналды. Наурызда ғана жауған қалың күпсекті көтеріп, борап жауған жылбысқамен араласқан аласапыран аруақтанып-ақ алғандай. Қыстай қанша күресе де қабақ-қабақ көтерілген күре жолдың үсті дәл қазір адам айырғысыз. Шофер жігіт талай жүріп жүрген жолы болғандықтан, ой жобамен қарды бұза-жара сылбыр қозғалып келеді. Кенет сары автобус бір жағына қиқаң ете лықси беріп, бір



жамбасына қарай ошарыла құлады. Бағанадан бері сыр білдірмей шыдап отырған жұрт у-шу болған күйде сол жақтағылардың үстіне ауды. Сол қабырғасына қисая құлаған автобустың моторы өшіп, едені көтеріліп кеткен. Үлкендер мен қыз-келіншек әйелдердің улап-шулаған дауысын баса, копот үстінен мойнын созған шофер ақырып жіберді: «Тоқтатыңдар, паниканы! Жігіттер, мен есікті ашамын қазір, басқалардың шығуына көмектесіңдер! Автобусты тезірек тұрғызып алуымыз керек. Қар басып қалса, қайран болмай қалады. Давай, жігіттер!»

Артқы есік ашылған бойда тыстағы боран ішке лап қойып, аждаһадай ұйтқып ала жөнелді. Қарындай қырындап қалған есіктен құйылған қар Архаттың да ашық өңіріне сау етіп, мойны мен алқымын мұздай қарыды. Архат бірінші болып қырынан жатқан автобустың үстіне көтерілді. Ат құлағы көрінбес боран орай да борай борап, екпінімен қаңбақ құрлы көрмей жұлып түскісі бар. Тысқа тағы бір жігіт шықты. Қалғандары іште. Іштегі жігіттер көмектесіп, жолаушылар көкке қарап қалған жылы автобустың есігінен біртіндеп шыға бастады. Ең соңынан шофер көрінген.

Жас балалы келіншек пен үш-төрт қартаң әйелдерден басқалардың бөрі де шофердің айтуымен автобусты аяғынан тік тұрғызуға кірісті. Алдымен оң жақ дөңгелектер көтеріліп кеткен жолдың сорабы екі тік күрекпен жанталаса тазаланды. Бұған төрт жігіт тартылған. Автобустың ұзына бойы белуардан ойылды. Ондағы мақсат: бір қырынан жатқан автобусты түзеген кезде төрт дөңгелегі тең басуы үшін. Іле-шала қисая қырындаған автобустың сол жағынан омбы қарды тізеден кешкен отыз шақты адам жабыла ырғып, шофердің айтқанындай өз орнына дік еткізді. Қожанасырдың моласындай қисайған көлік қалыпқа келісімен, бөрі де қуаныса қауқылдасып, жабық есік аузына жақындады. Шофер есікті ашып, жолаушылар ішке өткен. Машина оталмаса да, шофер Архат пен тағы бір жігітке автобустың алдын аршуды бұйырды. Ол екеуі лып ете түскен. Әп-сәтте ұйтқыған боранмен арпалыса тазалаған болып, қайта ішке енді. Шофер автобусты оталдыра қоймапты. Копотты ашып тастап, өлденені шұқылап жатыр. Іші бағанағы ұжмақ жылуынан айырылыпты. Кейбіреулер аяғын резеңке төселген еденге сатырлата соғады.

Архат шофердің қасына келді. Ол төмен қарап тұқшындап жатып, мұның келгенін аңдағандай ептеп қарап қойды. Сосын «Корбаторға бірдеңе болған-ау деймін, шешуге тура келеді» деді ақталғандай үнмен. Архат үндемеді. Бұрылып кетіп, арт жақтағы орнына жайғасты. Өткен жылы өскерде жүрген кезінде қаңтардағы осындай бір оқиға көз алдына келді...



Жұрт моторды уайымдап: «Енді қайттік! Қатып қалмасақ игі еді!» деп жатқанда да, бағана алғаш үрей шақырған егде адамның тағы да «Жолға шығарда қарамай ма, қайдан ғана отырып едім, енді келмеспін бұл жаққа» деген шоферді кінәлаған дауысын жақтырмаса да, Архат өз ойымен оңаша отырған. Оның ойына ешкім де, ештеңе де тосқауыл бола алмас.

* * *

Адам ойы – ерікті, әй, бірақ әумесер де... Әйтпесе, төрт ай бойы тепсе темір үзетін бұл сергелдеңге түсер ме, осы бейнетті кешер ме? Әскер қатарынан келген кезде Алматыда болған Желтоқсан көтерілісіне бола, «пропискаға» отыра алмай, қаңғырмас еді қаңбақтай... Ал Архат айлап қаңғыды.

...Далада бөрідей ышқына ұлыған боран, іште ызғарлы аяз. Архатты үзік-үзік ойлар жайлаған. Көңілі қамырықты.

– ...Асығыспын, ауданға кетіп барам. Ертең келерсің деген өзіңіз емес пе едіңіз, – деп Архат Жетісу ауылының ауылсоветі Қақатаевтың алдында әскери формамен сымша тартылып тұрып еді-ау!...

– Айтсам, айтқан шығармын. – Қақатаев үстелге салбыраған қабағын көтерген. – Дәл мына жағдайға байланысты РОВД-дан инструкция алатынымды қайдан білейін?!

– Инструкцияның маған қандай қатысы бар, аға? Отан алдындағы борышымды өтеп келдім...

– Өз басыңа ештеңе деп тұрғамын жоқ. Өзірге күте тұр. Армиядан енді келсең, өлі «пропискаға» уақыт бар. Астананың іргесіндегі ауылмыз. Декабристердің дүрбелеңі... – деп Қақатаев күмілжи берді. Сондықтан да сондай инструкция берілген... Тоса тұр.

Одан Алматыға ат басын бұрды ғой бұл. Мұнда да дүңк-дүңк дүрсіл дауыс қарсы алған.

– ...Төрт ай жүрсең қайтейін! Ауылың паспортқа тұрақтандырмаса, кімнен көресің, өзің де кінәлі, – деп, орнынан тұрды қара торы келген подполковник.

– Жолдас подполковник, ауылсовет көлеңкесінен қорқып отыр. Аңадағы оқиғадан кейін қала маңындағы колхоз-совхозда бүкіл паспортқа тұрақтанушылардың тізімін жергілікті совет арқылы алып, тексеру жүргізіліп жатыр. Көбісінің адресі жоқ, үйді-үйде «жоғалған» пропискалылардың

Тірек сөздер



**Боран
Декабрист**



әрқайсысына 300 сомнан штраф салып жатырмыз. Мен сені бұл іс бітпей отырғыза алмаймын, өйткені өзің түсінесің ғой, заманның кең-мол кезінде ауылда тұрақтанғандар қаңғып-қаңғып кеткен. Қайда жүргені белгісіз? Оларды түгелдей тауып, шығарғанын шығарып, шығармайтынын тізімге алып болмай, ешкімді де пропискаға ала алмаймын! Жеп отырған нанымнан айырылар жайым жоқ. Нұсқауды бұзуға қақым тағы жоқ! – деп жолатпайды. Жұмысқа «пропискасыз» алмайды. Мамандығыммен ауылда да, Қаскелең ауданында да орын жоқ. Қалада орын бар екен, бірақ алдымнан «прописка» шықты тағы да. Үйдің көлемі тұратын адамдармен қосқанда, мен сыйып тұрмын, аға. Жақын туысымыз ғой.

Архаттың сөзін орнынан атып тұрған ұзын бойлы подполковник бөліп жіберді:

– Легендаңның түкке де қажеті жоқ мен үшін. Отырмайсың! Қалаға кіргенше – қараспан алған сорлысыңдар, кірсеңдер – басбұзар бұзақысыңдар... Сенсіз де қаладағы кердеңдердің лаңы аз емес.

– Жолдас подполковник, мен сізге бұзық емеспін! Арғысы – әскерден төрт ай бұрын келген солдатпын, бергісі – запастағы офицермін өзіңіздей.

– Енді неғыл дейсің, фамилияң бөлек... Марш!

– Сонда қайда бармақпын? Конце до концов – шет елден қашып келгем жоқ қой...

– Қайда барсаң – онда бар. Мен сені шақырғам жоқ. Давай, марш отсюда! – деп зілденді.

– Сіздің олай деуге қақыңыз жоқ. Мен – Совет азаматымын.

– Сен мені үйретейін дедің бе? Өзің кешегі декабрьге қатысқан қу шығарсың... – Подполковник сынап қарап, кекете жөткірінді.

– Қатыссам – қатыстым... Оған бірақ дәлеліңіз жоқ сіздің! – Архат та шарт кетті. – Декабрист деп дүре соқсаңыз да...

– Хватит! Товарищ гражданин, сейчас-же идите, иначе я буду вас посадить!

– Не имеее право!

– Ох, как имею!.. Арестую вас, как неповиновение закону.

– Пусть так, товарищ полковник! Лучше в камере сидеть, чем без надежды бродить... Мне уже некуда? Что хотите, то и делайте. Я буду рад!

– Ты что, серьезно что ли? Мен отырғыза алмаймын бөрібір. Сен ауылда тұрасың, әскери учетың да сонда. Все! – Подполковник атшаптырым кабинеттің төрінен есікке адымдай беттеді. Калинин ауданы¹ милиция бастығының соңынан Архат еріксіз ере шыққан...

¹ Қазіргі Бостандық ауданы.



Енді міне, бойы тоңазып, қарадай елегізіп Алтай биігіндегі бұрқақта бұйығып отыр. Өлгі бір алас-күлес ақ түтекте атып шығып кеткен албырт азаматтар қайда жүр екен деген дерексіз ой оралды. Адасып кетер ме екен, әлде жол таба алар ма бұлыңғыр бұрқақта?! Өз атамекені ғой бірақ...

* * *

Автобус отала алмай ызың-дызың етіп тұрды да, тауды жаңғырықтыра оқыс құлаған жартастай дүр ете түсті. Екі сағаттай тағаты таусылып, тоңған аяқтарын еденге тарсылдата тықыршып отырған халайық та көтеріліп қалған. Кейінгі төрт айдың жүзінде паспортқа тұрақтанам деп талай жайға тап болған Архат ойы қалған хикаяларына қайырылып үлгермеді... Шофер жігіттің шақыруымен қасына танымайтын бір жігіт ағасын ерте сыртқа шықты.

Боран автобусты белуарынан басып тастапты. Екі жігіт жанталаса қимылдаған. Алдынан да қарды аршып, жиырма қадамдай жол сорабын салған болды. Доңғалақтары орнығып қалған автобус арлы-берлі ырғалып алып, қыс бойғы тығыз қарды жалдай жүріп кетті.

Үлкендер «Бісімілла!» дескен. Өрі-беріден кейін көліктері тағы омбыға тығылып, қақалып-шашалып өшіп қалды. Шофер мүлде оталмай қала ма дегендей оталғышты үсті-үстіне басып, іші әжептәуір жылынып қалған автобусты дүрілдетіп қойды. Тағы екі адам алай-дүлей тысқа беттеді. Боран бұрынғысынша, бәсеңдер түрі байқалмайды. Бұрқ-сарқ.

Беттен алып, төске шапқан қарлы желмен жолаушы автобусы Ұлан асуында үш сағаттан аса алысып, ақыры Самар жазығына еңкейер тік шатқалға іліккенде пышақкесті тыйылған-ды. Бұл кезде күн бесіннен ауып, бұлыңғыр аспан асты мен терең шатқал ішін қараңғылықтың хабаршысындай зәрлі көлеңке иелеген. Сары автобус кілт тоқтады. Шофер орнынан көтеріліп, ту сыртын жауып тұрған Алтай барысы суретті плакатпен жапсырылған жалпақ әйнек шетінен кеудесімен көрініп, Ұлан асуынан, айтқанға көнбей, өз бетімен кеткен үш жас жігітті жолаушылардың есіне түсірді.

Олар із-түзсіз кетіп, ізім-қайым болғанына көп болмаса да, жұрт жадынан шығып та үлгергендей... Өркім-өркім өртүрлі долбар жасап, бөлкім, асудан аман-есен асып, әлде бір қыстаққа жеткен шығар деп топшылаған. Алдымызда кетіп бара жатқан болар дегендерге шофер үзілді-кесілді

Тірек сөздер



Ұлан асуы
Бұлдыр үміт
Үш жігіт



«жөк!» деді. Асудағы алас-қалас ақ түтек арасында қалып қоймады ма, тау басы мекенсіз ғой деген күдік кім-кімнің де көңілін жайлаған... Бірақ жамандыққа қимаған, ауыздарының батылы жетпеген – бұлдыр үмітке сенген. Олардың қайда бара жатқанынан да жолаушылар хабарсыз болып шықты. Самар мен Күршім – екі ауданның қайсысынан екені белгісіз.

Айналасы екі жүз шақырым аймақтың ауа райы құбылмалы-ақ.

Сары автобустағылар Самарға сағат жетіден аса жетті. Шофер асуда бой бермей кетіп қалған үш жігіт жайлы тиісті орынға хабарлады... Іңір ілінген. Мұнда екі-үш адамды түсіріп тастап, екі-үш жолаушыны отырғызып алып, тартып кетті. Олар Ертіске жеткенде түн түнегі қымтап, ай туған. Көрі өзен үстінде аяз күшті болушы еді, бүгін бірақ қалың қар мен көк мұзды астынан солқылдата ерітетін өлкек соғып тұр екен. Өлі түсе қоймаған мұз үстінен қызыл су жүріп, жылым пайда болып, жарық ай сәулесі мен көтерілген селдір бу арық малдың шарбысындай жұп-жұқа перде тұтыпты.

Алып өзеннің арғы жағасы көрінер емес. Ол жақта бұларды күтіп тұрған да еш көліктің жыпылықтатқан жарығы көзге ілікпеді.

...Сары автобустан түскен жолаушылар Ертісті бойлай соққан өлкек пен мамыражай жайылған қызыл суға қарап тұрды да, амалсыз автобуска енді. Жас балалы әйел жылаған сөбиін емізіп алуға жолаушылардың орын-орындарына түгел жайғасуын күтті...

Елдің артынан енжарлау енген Архат қана. Қызыл су жүріп жатқан ұлы Ертістің арғы бетіне өте алмады. Өлі мұз жібіп, жетер жеріне жеткізбеді. Өткелсіз өзенге не шара?! Бұл бірақ алмағайыпта Алматыға сыймаса да, атамекені Алтайына табанын тіреп, ертең-ақ ал көңілі бүрлеп шыға келер.

Жолаушылар мінген автобус Самарға кері қайтты. Оған көкқаяз тас жолға шағылған жалғыз ай ілескен. Асуда бұрқақ, өзенде өлкек соққан құбылмалы күн түнге ауысқан. Архат Күршімге күнбе-күн жете алмады. Ал бұрқақта бұлаңытып кеткен бұландай жігіттер сол бойы оралмады... Архат ымырт аязынан тітіркеніп қойды.



СӨЗДІК

Ал көңіл – ала көңіл; көңілдің құбылуы.

Жылым – мұздың кей жерінің жұқарып, ойылуға таяуы.

Көкқаяз – тас жолдың кей жері көк мұз болып, арасында қараала болып жатуы.

Қызылсу – көктем кезінде жердің тоңы жібімей, мұз үстіне судың жүруі.

Өлкек – екпінді, қарқынды жел.





Нысан	Бұрыннан білетінім	Жаңа сабақтан білгендерім
Жазушы Асқар Алтай туралы		
Шығармалары туралы		
Желтоқсан көтерілісі		



1. «Прописка» сөзі не мағына беретінін анықтаңдар.



1. Өңгіменің негізгі идеясын анықтаңдар.
2. Өңгімеге композициялық талдау жасаңдар.
3. Шығарманың сюжеттік тізбегін анықтаңдар. Оқиғаның шарықтау шегі қай жағдаймен байланысты көрінеді?
4. Шығармадағы ауыспалы мағынада қолданылған сөздерді тауып, талдау жасаңдар.
5. Хрестоматиядан жазушының «Бөкентұмсық» атты өңгімесін оқыңдар.



1. Шығармада орыс тіліндегі сөздердің кездесу себебі неліктен деп ойлайсыңдар?



1. Шығарманың «Прописка» деп аталу себебін анықтаңдар.



1. Ғаламтордан «Желтоқсан желі» өнін тыңдаңдар, шығармамен байланыстыра өңгімелеңдер.



ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ



Ақын-жазушылар тек өз шығармаларын жазумен шектелмейді. Олар өзге халықтың да ақын-жазушыларының маңызды туындыларын қазақ халқына жеткізуді, солайша жақсы шығармамен таныстыруды мақсат етеді.



Расул Ғамзатов
(1923–2003)

РАСУЛ ҒАМЗАТОВ (1923–2003)

Расул Ғамзатов – авар ақыны. Дағыстанның халық жазушысы (1959), Социалистік Еңбек Ері (1974), Лениндік (1963), КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының (1952) иегері. Ол 1923 жылы Дағыстанның Хунзак ауданы Цада селосында дүниеге келген. 1939 жылы авар педагогикалық училищесін бітірген. 1941 жылға дейін орта мектептің мұғалімі, театр режиссерінің көмекшісі, баспасөз құралдарында – радио, газет редакцияларында журналист қызметін атқарған. 1951 жылдан бас-

тап Дағыстан Жазушылар одағында басшылық жасаған.

Расул Ғамзатов алғашқы өлеңін он бір жасында жазған. Алғашқы жыр жинағы 1943 жылы жарық көрді. Оның өлеңдерінде тау халқының өмірі, мінез ерекшеліктері жырланады.

Біздің қазақ ақындары Расул Ғамзатовтың бірнеше кітабын аударды. «Менің Дағыстаным» кітабының біріншісін 1971 жылы Кенжеболат Шалабаев, ал екінші кітабын Ғафу Қайырбеков аударып, ұсынды. «Ана тілім» өлеңін және «Тырналар» атты шығармалар жинағын Сағи Жиенбаев аударды.

«Тау қызы» атты поэмасы қазақ тіліне аударылып, Алматыдағы жасөспірімдер театрында бірнеше рет қойылды.



Қазақтың көрнекті жазушысы Мұхтар Әуезов пен Расул Ғамзатов Кеңес Одағы кезінде үлкен жиындарда кездесіп жүрген. Расул Ғамзатовтың Мұхтар Әуезовке арнаған өлеңі бар.

МҰХТАР АҒА
(*Мұхтар Әуезовке*)

Көргенмін құрмет-сыйынды
Қонақ боп, аға, үйінде,
Бір кезде саған жырымды
Оқығам авар тілінде.

Түсіндің жанын **жырымның**,
Қарадың үнсіз **асқарға**.
«Ұқсайды, – дедің, – **тілің бір**
Күңгірлеп жатқан **тастарға**».

Дедім мен:
«Теңеу жоқ асқан!
Ұқсайды сондай **мүсінге**.
Өйткені бұл да о бастан
Жаралған тастың ішінде.

Даусы бар мұнда ежелгі
Таудағы қалың тұманның,
Сарқырап аққан өзеннің,
Шаңқылдап жатқан қыранның».

Тағы да үнсіз тоқталдың...
Өзіңе біткен әдеппен:

«Ұлы ғой Кавказ... – деп қалдың, –
Кеңістік жоқ-ау... тек, өттең.

Қалт етсе қолың тағы бір
Қайтсаңшы келіп ағаңа
Арғымақпенен, бауырым,
Ақсаңшы мынау далада.

Бүркіт сап сағым ішінде,
Қызықпен күнді батырып,
Кавказдың шыңдары үшін деп,
Ішейік қымыз сапырып...»

Оянды шалғын далада
Көкала мұнар шайқаған.
Келдім мен,
бірақ, жан-аға,
Кездеспей қалдық қайтадан.

Алтын күн шығып асқардан,
Бейне бір –
сонау қиялдай...



Дағыстан таулары

<https://konserwatyzm.pl/wp-content/uploads/2013/03/9792.jpg?w=640>





1. Расул Ғамзатов қай елдің ақыны?
2. Расул Ғамзатовтың марапаттарын жылдарымен сәйкестендіріңдер.

1.	Социалистік Еңбек Ері	А. 1952 жыл
2.	КСРО Мемлекеттік сыйлықтарының иегері	В. 1959 жыл
3.	Лениндік сыйлықтың иегері	С. 1963 жыл
4.	Дағыстанның халық жазушысы	Д. 1974 жыл

1. _____ 2. _____ 3. _____ 4. _____

3. Р. Ғамзатов қандай қызметтер атқарған?
4. Расул Ғамзатовтың шығармаларын қазақ тіліне аударған ақындарды аударған шығарма атауларымен сәйкестендіріңдер.

1.	«Менің Дағыстаным» кітабының 1-сін	А. Ғафу Қайырбеков
2.	«Менің Дағыстаным» кітабының 2-сін	В. Кенжеболат Шалабаев
3.	«Ана тілім», «Тырналар» шығармаларын	С. Сағи Жиенбаев

1. _____ 2. _____ 3. _____

5. Р. Ғамзатов қазақтың қай ақынымен жиі байланыста болған?



1. Р. Ғамзатов туралы қосымша ақпаратпен танысыңдар.
2. Қазақ жазушысы Мұхтар Әуезов туралы білетіндеріңді ортаға салыңдар.



1. Мұғалімнің көмегімен авар елі туралы ақпаратпен танысыңдар.





1. Р. Ғамзатов пен Мұхтар Әуезовті не байланыстырады?
2. Екі елдің жазушысы жайында төмендегі кестені толтырыңдар.

Нысан	Өмір сүрген кезеңі	Еңбек жолы	Шығармалары
Расул Ғамзатов			
Екі жазушы арасындағы ұқсастық			
Мұхтар Әуезов			



1. Әлем әдебиетімен танысудағы негізгі идеяны анықтаңдар.



1. Р. Ғамзатовтың өмірбаянымен таныса отырып, өз ойларыңды айтыңдар.

«АНА ТІЛІ» ӨЛЕҢІ

Адам деген не көрмейді түсінде,
Жатыр екем бүгін қабір ішінде.
Дағыстанның кең аңғары,
күн ыстық,
Көкірегімде орнаған бір тыныштық.

Асау өзен арқырайды жарды ұрып,
Жұрт тараған,
жалғыз мені қалдырып,
Мен жатырмын үнсіз туған жерімде,
Жер болады балғын тәнім менің де.

Мен жатырмын қара жерге табына,
Көрмейді ешкім, келмейді ешкім маңыма.

Тірек сөздер



Ана тілі
Авар тілі
Адам
Түс



Тек қырандар шаңқылдайды шың жақта,
Бұғылар көп ыңырсиды бір жақта.

Кетті ғой деп қыршын ғана жасында,
Жыламайды ешкім молам басында,
Анам қайда,
досым қайда күндегі,
Жарым қалай жатқанымды білмеді.

Бар адамнан жатырмын тек бөлек мен,
Бір дауысты естіп қалдым кенеттен.
Естідім мен осы арадан үнін де,
Екі кісі сөйлесті авар тілінде.

Мен жатырмын жер астында көз жұмып,
Мына екеуі күбірлейді сөз қылып,
Ғасан деген бір кісінің қулығын,
Өли деген бір кісінің сұмдығын.

Естідім де сөзін ана тілімнің,
Бойым жылып, лезде мен тірілдім.
Балгер де емес,
дәрігер де емес емдейтін
Тек өзімнің тілім екен сөйлейтін.

Өзге бір тіл емдер басқаларыңды,
Мен онымен айта алмаймын өнімді.
Егер тілім ертең болса құрымақ,
Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ.

Мен жаныммен сүйем осы тілімді,
Кедей деп-ақ айта берсін білімді.
Ассамблеяда естілмесін сөзі де,
Ана тілім – ұлы менің өзіме.

Махмұд жырын оқу үшін жас қауым
Күте ме елде аударуын басқаның?



Мен болдым ба ең соңғы ақын бүгінде,
Өлеңдерін жазар авар тілінде.

Қымбат маған елімнің бар даласы –
Балтық пенен Сахалиннің арасы.
Қайда болсын қиям оған жанымды,
Туған жерден қазсын бірақ қабірді.

Аварша бір жазып қойған құлыптас
Тұрса ауылда, аварлар да ұмытпас.
Еске ап жүрер көрі-жасы жақын кеп,
Мұнда Расұл Ғамзатұлы жатыр деп.

Әдебиет теориясы

Пафос (гр. pathos — сезім, құмарлық) — шығармаларда асқақ, қуатты сезімді білдіру үшін қолданылады.



1. Ақынның өлеңінде ана тілінің құдіреті қалай жеткізілгенін әңгімелеп беріңдер.
2. Келесі сөздердің мағынасын ашыңдар.
Қабір, аңғар, көкірек, өзен арқырайды, балғын тән, шың, қыршын жас, мола, лезде, балгер, ассамблея, құлыптас.



1. Ақын үшін ана тілінің бағалы екендігін өлеңнің нақты қай жолдарынан аңғаруға болады?



1. Ана тіліне байланысты жазған қазақ ақындарының өлеңдерімен таныса отырып, Р. Ғамзатовтың өлеңімен салыстыру жүргізіңдер.





1. «Ана тілі не үшін қажет?» сұраққа байланысты өз ойларыңды айтыңдар.
2. Ақынның: Аварша бір жазып қойған құлпытас
Тұрса ауылда, аварлар да ұмытпас.
Еске ап жүрер кәрі-жасы жақын көп,
Мұнда Расұл Ғамзатұлы жатыр деп, –
жазған өлең шумағын құрылысына қарай талдаңдар.



1. «Ана тілің арың бұл» деген тақырыпта әдеби эссе жазыңдар.



1. Өлеңдегі «Ана тілім – ұлы менің өзіме» деген жолын талдай отырып, өз ана тілдеріңді қаншалықты құрметтейтіндерің жайында пікірталас жүргізіңдер.

МЕНИҢ ДАҒЫСТАНЫМ

(повестен үзінді)

Мен Индияда от мейрамына қатыстым. Адамдарда сондай мейрамның бары қандай жақсы еді, шіркін! Маған онда жанып тұрған шырағдан сыйлады, мен оны алыс елдің менің тас жұмағыма айтқан сәлеміндей көріп, Дағыстанға алып келдім. Әшейінде өзіміз де айтып жүрмейміз бе «Жалынды сәлем!» деп. «Оларға жалынды сәлем айтыңдар!» деп.

Бәлкім, адамдардың сөз сәлемінің орнына от, жалын жолдаған кездері де болған шығар. Бейбіт жалын. Өрт пен соғыстың жалыны емес, ошақтың жалыны, жылылық пен жарықтың жалыны.

Бізде салт бар, қыстың (кейде көктемнің) алғашқы күнінің кешінде тау ауылдары шыңдардың басына «амандық», «сәлем» алауларын жағады. Ауыл басына – бір алау. Олар алыстан көрінеді. Ауылдар аңғар, шатқалдардан асыра бір-бірін қыстың не көктемнің басталуымен құттықтасады. Отты сәлем, отты тілек!



Мен өзім де талай Цада аулының үстінен төнген Хамирхо жартасының басына осындай отты жаққам.

Жазғытұрым тауда қар ери бастағанда, менің шешем сай қуалап аққан ағыстан көзін алмай, бірнеше сағат тұруға бар еді. Суағарға тосып, жаңбыр суын жинау үшін ағаш күбісін қыстан қамдап қоюшы еді.

Менің ең сүйікті кәсібім жалаң аяқ шалшықты кешу болатын. Жаңбырды елең қылмастан, судың жолын бөгеп, бұлақтарды тосып алып, бір көлшікке ағызушы едік. Тас тостағандардан жаңбыр суын ішкенде, құстардың қандай рақатқа бататынын білем.

Шамиль өз әскерлеріне айтады екен: «Жау, мейлі, ауылды, бүкіл жерімізді алып қойсын, бірақ бұлақ әлі бізде, біз жеңеміз!»

Қатал имам, жау жасағы шабуыл бастағанда, өз адамдарына: «Алдымен бұлақты қорғаңдар!» – деп әмір етеді екен. Ал өзі жауға шапқанда: «Алдымен бұлағын алыңдар», – дейді екен.

Қанды кекшілдер біреуі бірінің суға түсіп жатқан үстінен шықса, ол оған қашан судан шығып, қаруын таққанша тимейді.

Бірақ менің есіме жиі түсетін нәрсе – басқа бір, бейбіт, суға байланысты өзге салт бар. Ол «Жаңбыр есек» деп аталады. «Шаңқай түс, жазығында Дағыстанның» деп тегіннен-тегін айтылмаған. Бізде талма түстің кезі керемет кебір, қаталаған шақ болады. Жер шытынап жарылып, тастардан балқыған пештің лебі есіп тұрады. Ағаштар еңкейіп, далалар құрғап кетеді. Жаңбыр суын, аспан ылғалын аңсаған мақұлықты көресің – өсімдік, құс, аң, қой, өрине, адамдар.

Сонда ауылдың бір баласын индеецтер құсатып өлем-тапырық киіммен жасандырып, қурап кеткен шөптермен қаптап қояды. «Жаңбыр есек» дегеніміз – осы. Оны өзіндей балалар ауыл айналдыра жетелеп кездіріп жүріп, тілек өлең, біздіңше, жарапазан айтады:

Жасаған-ау, жаңбыр бер, құрғатпа шын,
Жер мен көктің арасын су қаптасын!
Шүпілдесіп астаулар, сыңғырласын,
Алла бізді жаңбырдан құр қылмасын!

Тірек сөздер



Менің ауылым
Амандық алауы
Сәлем алауы
Отты сәлем



Бұлттар, бұлттар, аспанға жиналыңдар,
Жауып-жауып өзенге айналыңдар,
Қайырымды жер қалсын да бір жуылып,
Жомарт дала көгерсін, гүл құбылып!

Ауылдың ересектері далаға жүгіре-жүгіре шығып, «Жаңбырлы есекке» жақындап кеп, біреу құмырадан, біреу легеннен су шашып, балаларға қосылып, өлең айтып: «Аумин, аумин!» – деседі.

Бір рет мен де «Жаңбырлы есек» болғаным бар. Менің үстіме сол жаңбырдың жартысындай су құйылған шығар.

Бірақ аспан біздің жырымызға жарытып құлақ асқан жоқ-ау деймін. Күн күйдірген үстіне күйдірді. Ол біздің Дағыстанды ыстық үтікпен үтіктеп тұрғандай еді. Күн қайғы, қапа шектірді. Біз оны «Мұңды күн» деп атайтынбыз-ды. Сол мұңды күннің астында жер жүздеген, мыңдаған жыл жатты. Егер жалпы Еуропаны алсақ, күн көзінің көп түсетін жері – Дағыстанның Гуниб ауылы. Менің аулым Цада да одан қалыспайды. Басқа ауылдар да солай. «Ындыны кепкендер» деп оларды босқа атамаған.

Арқасында бір құмыра, қолында бір құмыра, судан талықсып өзер жетегін шешемнің кескіні әлі көз алдымда. Су ауылдан үш шақырымдай алыс еді.

Жаңбыр жауып, жер ылғалданып, астауларға су жүгіріп, кеспектер шүпілдеп толған кездегі шешемнің мөз-мейрам кескіні де есіме түседі.

Соғыс жылдарында біздің ауылдық советтің ішкі қабырғасында үлкен карта тұрушы еді. Ол кезде елдің барлық түкпірінде осындай ілулі карта көп болатын. Әдетте, сол карталарға әлсін-әлсін жылжыған майданның шекарасын қызыл жалаушалармен белгілейтін.

Біздің мына картада да қызыл жалаушалар тұратын, бірақ олардың мағынасы басқашалау еді. Ол жалаушалар цадалықтардың қаза тапқан жерлеріне қадалған еді. Сол түйреушілер қанша болса, сонша ананың жүрегін де жаралаған еді олар.

Мен әрбір алыс сапардан оралған сайын, кейбір аналар әлдебір құпия үмітпен сұрап қояды: «Әлдеқалай менің балам ұшырасып қалмады ма?» – деп.

Ұзыннан-ұзақ тіркесе ұшқан тырналарға да олар үмітпен, үнсіз дертпен көз тігеді. Мен де олар үстімнен ұшып бара жатқанда, көзімді ала алмай, тесіле қарап қалам.



ТЫРНАЛАР

Жігіттер қан майданнан оралмаған,
Оралып аман-есен қол алмаған.
Жерленбей, елестейді кей-кейде бір,
Кеткендей тырна болып солар маған.

Сонау бір алыс қалған кезден олар
Жүргендей үн қатысып бізбен олар.
Сондықтан емес пе екен әдетіміз
Аспанға үміт толы көзбен қарар?

Көрем мен қазірде де, жат көгінде
Жерге кеп кешкі тұман шөккенінде,
Ұшады қалың тырна қатар түзеп,
Адамдай жерде сапар шеккен күнде.

Кезінде ұшады олар күн аумаған
Шақырып әлдекімді тыраулаған.
Содан ба, кім біледі, талай ғасыр
Авардың тырналардан тілі аумаған?

Ұшады көкті кесіп қылыштай боп,
Баяғы жолдас, бауыр, туыстай боп,
Қалады қатарынан азғана жер –
Қалдырған маған орын, қуыстай боп.

Күн туар, көк тұманда көлбеп мен де,
Ұшармын тырналармен бір кетуге.
Құстарша шақырармын қиқу салып
Қалдырған достарымды жер бетінде.

Тырналар ұшады, шөптер жайқалып өседі, бесіктер шайқалып, тербеледі.

Авардың «Ригь» деген сөзінде екі мағына бар: бірі – жасаған жас, бірі – үй. Мен үшін бұл екі мағына бір тоғысып кетеді: Жас – үй. Жасың жеткен екен – үй болуың керек. Егер осы мақалды (мұндай мақал, шынында да,



бізде бар) аварша айтсаң, аударуға келмейтін жаңылтпаш сөз шығады: «Ригь – ригь» жас – үй.

Несі бар, Дағыстан баяғыда-ақ кәметел жасына келген, сондықтан күн астында өзінің заңды да, орнықты да орны бар.

Мен шешемнен ылғи:

– Дағыстан қайда? – деп сұрайтынмын.

– Сенің бесігіңнің ішінде, – дейтін ақылды шешем.

– Сенің Дағыстаның қайда? – деп сұрапты бір андийліктен.

Ол сасып қап, жан-жағына қарапты.

Мынау төбе – Дағыстан, мынау шөп – Дағыстан, анау өзен – Дағыстан, мынау таудағы қар – Дағыстан, ал ана төбедегі бұлттар – ол Дағыстан емес пе? Олай болса, үстіміздегі мынау күн де Дағыстан болмай ма?

– Барлық жерде менің Дағыстаным! – депті андийлік.

Өмірде аз болған жоқ сапарларым,
Бірақ та сенсіз тыныш жата алмадым.
Ұясы қырандардың – ауылым Цада,
Қашанда махаббатым саған мәлім.



1. Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» шығармасын жазуының себебі неде?
2. Ақынның Дағыстан туралы повесть жазуының себебі неде деп ойлайсыңдар?
3. Шығармада кездесетін төмендегі сөздерге талдау жасаңдар.

Шығармада кездесетін сөз тіркестері	Шығарма мазмұнында берілген мағынасы	Оқушылардың пікірі
Жалынды сәлем!		
Жаңбыр есек		
Мұңды күн		
Ындыны кепкендер		
Ригь-ригь сөзі		
Сенің Дағыстаның		





1. Шығарманың идеясын ашыңдар.
2. «Менің Дағыстаным» шығармасына бөлім бойынша жоспар құрыңдар және жоспарға сай мазмұндаңдар.



1. Шығармада қандай ырымдар аталған?
2. Шығармада аталған ырымдар қазақ халқында қолданыла ма? Қолданылса, қазақ халқында қалай аталады? Төмендегі кестені толтырыңдар.

Шығармада кездесетін ырымдар	Шығарма мазмұнында берілген мағынасы	Қазақ елінде қалай аталады?
Жалынды сәлем!		
Жаңбыр есек		
Мұңды күн		
Ындыны кепкендер		



1. Тырна құсы жайлы не білесіңдер?

Құс атауы	Денесі	Дауысы	Ұшуы	Қосымша мәліметтер
Тырна				

2. Шығармада «Тырналар» бөлімінің берілу себебі неде?
3. Жазушы өзінің балалық шағын шығарманың қай жерінде суреттеген?



1. «Туған жерің – тұғырың» тіркесінің мағынасына талдау жасаңдар.



1. Өз туған жерлеріңнің пейзажын суреттеп жазыңдар.



IV бөлім БОЙЫНША
ТЕСТ

1. Асқар Алтайдың 2014 жылы жарық көрген кітабы қалай аталады?
 - а) «Құс жолындағы керуен»
 - ә) «Қыр мен қала хикаялары»
 - б) «Сират»
 - в) «Алтай новелласы»

2. Асқар Алтайдың Желтоқсан көтерілісінен кейінгі қиындықтар туралы жазған әңгімесі қалай аталады?
 - а) «Ызғар»
 - ә) «Желтоқсан желі»
 - б) «Прописка»
 - в) «Тіркеу»

3. «Нараду. Мәңгілік ел» поэмасының авторы кім?
 - а) Асқар Алтай
 - ә) Оралхан Бөкей
 - б) Ерлан Жүніс
 - в) Роза Мұқанова

4. Шығармаларда пафос не үшін қолданылады?
 - а) Көркемдік үшін
 - ә) оқырман ойлану үшін
 - б) шығармаларда асқақ, қуатты сезімді білдіру үшін
 - в) образ жасау үшін

5. Өзге бір тіл емдер басқаларыңды,
Мен онымен айта алмаймын әнімді.
Егер тілім ертең болса құрымақ,
Мен дайынмын өлуге де бүгін-ақ. Бұл сөздерді айтқан кім?
 - а) Е.Жүніс
 - ә) Қ.Мырзалиев
 - б) Р.Ғамзатов
 - в) М.Әуезов



6. Р.Ғамзатовтың туған еліне деген зор махаббаты суреттелген шығармасын табыңдар.
- а) «Айналайын, Ақ Жайық»
 - ә) «Менің Дағыстаным»
 - б) «Қашықтасың, туған жер»
 - в) «Шәкірт ойы»
7. «Түсіндің жанын жырымның,
Қарадың үнсіз асқарға.
«Ұқсайды, – дедің, – тілің бір
Күңгірлеп жатқан тастарға». Бұл өлеңде кімнің сөзі тірек болып тұр?
- а) Р.Ғамзатов
 - ә) М.Әуезов
 - б) Қ.Мырзалиев
 - в) С.Жиенбаев
8. Асқар Алтайдың «Прописка» әңгімесіндегі Архат кім?
- а) автобус жүргізушісі
 - ә) автобустан шығып кеткен үш жігіттің бірі
 - б) жазушының өзі
 - в) Қақатаев
9. «Желтоқсанда із-түзсіз жоғалып кеткендердің рухына бағыштаймын» деген прологты қай жазушы жазған?
- а) С.Мұратбеков
 - ә) А.Алтай
 - б) О.Бөкей
 - в) Б.Соқпақбаев
10. ... – әртүрлі жануарларды, табиғат құбылыстарын немесе жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп суреттейтін көркемдік тәсіл. Көп нүктенің орнына тиісті атауды белгілеңдер.
- а) теңеу
 - ә) эпитет
 - б) кейіптеу
 - в) метонимия



МАЗМҰНЫ

Алғы сөз..... 3

I бөлім. ТУҒАН ЖЕРІМ – АЯЛЫ АЛТЫН БЕСІГІМ

ЕРТЕГІЛЕР 6

«Аяз би» ертегісі..... 8

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ.....26

«Алып Ер Тұңға» жыры 26

ОРТА ҒАСЫРЛАР ӘДЕБИЕТІ.....34

Әбу Насыр әл-Фараби34

«Қашықтасың, туған жер» 38

«Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңі 39

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫ41

Доспамбет жырау41

«Қоғалы көлдер, қом сулар» толғауы..... 43

«Айналайын, Ақ Жайық» толғауы..... 44

I бөлім бойынша тест 50

II бөлім. АБАЙДЫ ОҚЫ, ТАҢЫРҚА!

XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ.....54

Абай Құнанбайұлы.....54

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі 57

«Ғылым таппай мақтанба» өлеңі..... 60

Абайдың қарасөздері..... 65

Бірінші қарасөз..... 66

Жетінші қарасөз 68

Отыз бірінші қарасөз 71

II бөлім бойынша тест 74



III бөлім. МЕН – БАЛАҢ, ЖАРЫҚ КҮНДЕ СӨУЛЕ ҚУҒАН

XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ	78
Сұлтанмахмұт Торайғыров	78
«Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңі.....	81
«Шәкірт ойы» өлеңі.....	81
Сайын Мұратбеков	84
«Жусан иісі» повесі.....	85
Оралхан Бөкей	109
«Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесі.....	110
Қалмақан Әбдіқадыров	122
«Қажымұқан» (үзінді).....	123
III бөлім бойынша тест.....	138

IV бөлім. ТӘУЕЛСІЗДІК – ҚАСИЕТ ТҮНҒАН ҰЛЫ ҰҒЫМ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ	142
Ерлан Жүніс	144
«Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңі.....	145
Асқар Алтай	150
«Прописка» әңгімесі.....	152
ӨЛЕМ ӘДЕБИЕТІ	160
Расул Ғамзатов	160
Мұхтар аға.....	161
«Ана тілі» өлеңі.....	163
«Менің Дағыстаным» повесі.....	166
IV бөлім бойынша тест.....	172



Учебное издание

**Каскабасов Сеит Аскарлович
Алмуханова Риза Таскынғалиевна
Раушанов Есенғали Абдижапбарович
Тиынтай Айгул**

КАЗАХСКАЯ ЛИТЕРАТУРА

Учебник для 6 классов общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Лингвист – Анар Мұратқызы ФАЗЫЛЖАНОВА
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білім институты директорының орынбасары,
филология ғылымдарының кандидаты

Мұқабадағы суреттің авторы **Қалиолла Ахметжан**

«Жусан иісі» повесінің және «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінің
мәтіндеріне арналған суреттердің авторы **Нұрлан Тазабеков**

Редакторы
Мұқабаның дизайнері
Техникалық редакторы
Дизайнын жасаған және
компьютерде қалыптаған

Ғұсман Жандыбаев
Заманбек Кетебаев
Зайра Бошанова
Гүлмира Өтенова

ИБ №7373

Басуға 15.06.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 70×90¹/₁₆.
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсетті басылым.
Баспа табағы 11,0. Шартты б.т. 12,87. Шартты бояу көлемі 51,48.
Таралымы 5000. Тапсырыс №



ISBN 978-601-200-597-4



9 786012 005974